



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



2020 ЖЫЛДЫҢ 10 АЙЫНДА «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАЛДАМАЛЫҚ БАЯНДАМА

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
I ТАРАУ. ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ 2020 ЖЫЛДЫҢ 10 АЙЫНДА «РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУЫ	5
1.1. «Туған жер» арнайы жобасы	5
1.2. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы	6
1.3. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобасы	7
1.4. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы	8
1.5. «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы ..	10
1.6. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы	13
1.7. «Ауыл –Ел бесігі» арнайы жобасы	14
1.8. «Архив-2025» арнайы жобасы	17
1.9. «Ұлы даланың ұлы есімдері» арнайы жобасы	19
1.10. «Түркі әлемінің генезисі» арнайы жобасы	19
1.11. «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі» арнайы жобасы ..	20
1.12. «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» арнайы жоба	20
1.13. «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» арнайы жобасы	23
1.14. Орталық мемлекеттік органдарға «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша ұсыныстар	23
II ТАРАУ. ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ 2020 ЖЫЛДЫҢ 10 АЙЫНДА «РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУЫ	31
2.1. НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талда	31
2.2. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	32
2.3. ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	34
2.4. АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	35
2.5. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	36
2.6. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	38
2.7. АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	39
2.8. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	41
2.9. ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	42
2.10. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуына және ӨЖО жұмысына талдау	43
2.11. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен	



ӨЖО жұмысына талдау	44
2.12. Қостанай облысында 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	46
2.13. Қызылорда облысында 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	47
2.14. Маңғыстау облысында 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	48
2.15. Павлодар облысында 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	50
2.16. Солтүстік Қазақстан облысында 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	52
2.17. Түркістан облысында 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау	53
2.18. Жергілікті атқарушы органдарға «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұсыныстар	54
III ТАРАУ. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ 2020 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУЛЕР ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ	86
IV ТАРАУ. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР	99
ҚОРЫТЫНДЫ	105
ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	107
ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	108

КІРІСПЕ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының жобаларын сындарлы басқару (бұдан әрі – Бағдарлама) қазақстандықтардың қоғамдық санасын жаңғыртудың негізгі кілті болып табылады. Әсіресе, мемлекеттік саясат шеңберінде адами ресурстың бәсекелік қабілеттілігі бүкіл елдің саяси және экономикалық қайта құрылуының өзегі ретінде жұмыс істейді.

«2020 жылдың 10 айындағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша талдамалық баяндама» (бұдан әрі – Баяндама) – бұл Бағдарламаны жүзеге асырудың әртүрлі деңгейіндегі тәжірибені жүйелеп, әр арнайы жоба бойынша идеологияны жедел таратудың вирусты контенті мен тиімді практикалық тәжірибені көрсетуге нақты бағыттарды айқындау.

Жалпы алғанда, авторлар тобы келесі алғышарттарды негіздеп отыр.

- біріншіден, барлық мемлекеттік құрылымдар мен ұйымдардың өзара үйлесімді әрекеттесудің тетіктерін әзірлеу, сондай-ақ олардың Бағдарламаны іске асыруға тең тарту жүйесін құру;

- екіншіден, халыққа Бағдарламаның алты тұжырымдамалық бағытын ықпал ету құралдары арқылы кеңінен, сапалы түсіндіру қажеттілігінің артуы;

- үшіншіден, қазақстандық жаңғыру тәжірибесі шеңберінде, мемлекеттік орган қызметкерлері арасында қоғамдық сананы жаңғыртудың ағымдағы өзгерістер динамикасын талдап бағалау үшін бастапқы ақпараттарды жинаудың өрісті әдістерін таңдау қажеттілігі

Талдамалық құжаттың мақсаты – қазіргі оң тәжірибені ескере отырып әлсіз жақтарды тауып, Бағдарламаның жобаларын ары қарай жүзеге асырудың тұрақты тенденцияларын анықтау.

Аталмыш Баяндаманың құрылымына орталық мемлекеттік органдардың қызметіне, өңірлер мен республикалық маңызы бар қалалардың 2020 жылдың 10 айындағы Бағдарламаның 13 арнайы жобасын жүзеге асыру бойынша сараптама, сондай-ақ, 2020 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың тиімділігі» әлеуметтік зерттеуінің (бұдан әрі – Әлеуметтік зерттеу) қорытындылары енді. Бұл өз кезегінде, талдамалық жұмыстың сипаттамасына практикалық ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Әр орталық мемлекеттік органның (бұдан әрі – ОМО) өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, баяндамада тек арнайы жобалардың жүзеге асырылу сапасын ғана емес, жүйелілік пен сол бағытта қолжеткізілген дәйектіліктерді, өзге де жауапты құрылымдармен өзара байланыс сапасы да қарастырылады.

Сондай ақ баяндаманы дайындау барысында Қазақстанның өңірлері мен республикалық маңызы бар қалалардан ақпарат жинау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде өңірлік жобалық офистердің (бұдан әрі – ӨЖО) қызметіне кешенді мониторинг жасалды. Институт қызметкерлері аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, Бағдарламаны түсіндіру және жобаларды іске асырудың практикалық тәжірибесі тұрғысынан толық ақпараттандырылды. Бағдарламаны ақпараттық сүйемелдеуді зерделеуге, жүргізіліп жатқан жұмысты қамтуды ұлғайтудың пәрменді тәсілі ретінде стейкхолдерлер мен форматтарды таңдауға ерекше назар аударылды.



Сондай-ақ, өңірді бағалау кезінде ауылдық округтермен жұмыс ескеріліп, ауыл тұрғындарының қаламен тең мүмкіндіктерге ие екендіктері, бастамалық жобаларына «Кері байланыстың» болуы ескерілді.

Үлкен практикалық маңызды нәтижелердің бірі ретінде «Үздік тәжірибелер жинағына» өзінің тиімділігін көрсеткен өміршең жобалар таңдалды. Бұл Бағдарламаны іске асырудың келесі кезеңдерінде олардың масштабталуы үшін жұмыстардың атқарылуына мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, бұл Баяндаманың міндеті өзгерістерді талдау, сондай-ақ Бағдарлама жобаларының арқасында 2020 жылға арналған өзгеріс үдерісін көрсету. Бұл үшін бөлек тарауда еліміздің барлық өңірлеріндегі халыққа сауалнама жүргізу әдісімен алынған Әлеуметтік зерттеулердің қорытындылары берілген. Олардың нәтижелері ақпаратты талдау қорытындылары бойынша алынған өңірлер жұмысының нәтижелерімен салыстырылды және жиынтығында қазақстандық қоғамның әлеуметтік үрдістері мен даму заңдылықтарын талдауға бағытталған.

Барлық ақпараттық жұмыстар да мұқият талданған. Өйткені, қазіргі әлемде әлеуметтік желілер мен мессенджерлер контенті әсерінің артуымен қатар, заманауи байланыс арналары арқылы толыққанды әсер ету қажеттілігі артады. Бағалаудың негізгі критерийлері өзектілік, мақсатты аудиторияны ұсыну форматының сәйкестігі, ақпараттық науқанның болуы мен дәйектілігі, контентті орналастыру тұрақтылығы, сондай-ақ бағыт құндылықтарын ілгерілету үшін қоғамдық пікір көшбасшыларын тарту.

Соңғы тарауда әр түрлі көздерден алынған ақпаратты нақты тұжырымдалған мәселелер және олар үшін ұсынылған шешімдер түрінде қорытындыланған. Олар бірлесіп Бағдарламаны одан әрі дамыту моделінің стратегиялық тұжырымдамасын оның адресаттарымен жұмыс тиімділігін арттыру бағытында қалыптастырады. Бұл кешенді тәсілдің артықшылығы болжаудың дәстүрлі сценарийлік әдісін әр өңір бойынша өзгерістер болжанатын матрицалар нысанындағы стратегиялық тұжырымдамалармен біріктіру. Айта кету керек, ұсынылған модельдердің әрқайсысында оң және теріс сценарийлер пайда болуы мүмкін.

Осылайша, есеп жергілікті және орталық деңгейдегі мемлекеттік қызметкерлер мен бағдарлама менеджерлерін қызықтырады. Оның нәтижелері арнайы жобаларды іске асыру тәсілдерін өзгертуге және оларды ақпараттық сүйемелдеуге, сондай-ақ Бағдарламаны іске асырудың сапалық көрсеткішін арттыруға ықпал ететін жұмыстың ішкі проблемаларын шешуге бағытталған.

I ТАРАУ.

ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ 2020 ЖЫЛДЫҢ
10 АЙЫНДА «РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУЫ

1.1. «Туған жер» арнайы жобасы.

Мақсаты: қазақстандықтарда шынайы патриотизм сезімін тәрбиелеу.

Жауапты ОМО: БҒМ, АҚДМ.

Арнайы жоба екі бағыт бойынша жүзеге асырылады – бұл өлкетану жұмысы және меценаттықты дамыту.

1. Өлкетану жұмысы.

2017 жылдан бастап 5-7 сыныптарда «Қазақстан тарихы», «География», «Қазақ әдебиеті», «Музыка» пәндері негізінде 20 сағаттық «Өлкетану» интеграцияланған курсының оқу бағдарламасы бекітілді.

2019 жылы туған өлкенің тарихын зерттеу, өскелең ұрпақтың рухани ұлттық кодын нығайту үшін үлкен тәрбиелік маңызы бар «Өлкетану» хрестоматиясы әзірленіп, оқу үрдісіне енгізілді.

Хрестоматия «Ұлттық код мәнмәтініндегі Қазақстан өлкетануының бастауы мен дәстүрлері», «Тарихи орындар мен оқиғалар», «Қазақстанның киелі ескерткіштері», «Дереккөздердегі жалпыұлттық маңызы бар тарихи тұлғалар», «Дәстүрлі географиялық атаулар мен бірегей географиялық объектілер», «Отандық және шетелдік авторлардың сипаттамасындағы Қазақстанның флорасы мен фаунасының ерекшеліктері», «Әлемдік қоғамдастықта белгілі және танымал Қазақстанның көрнекті ғылым, әдебиет және өнер қайраткерлерінің мұрасы» секілді тараулардан тұрады.

Мектептерде өлкетану үйірмелері мен клубтар жұмыс істейді, сондай-ақ туристік-өлкетану экспедициялар мен экскурсиялар өтеді. Биыл карантиндік шараларға сәйкес, оқушылардың қатысуымен өтетін барлық шаралар онлайн форматына көшірілді.

Мектептерде 2357 мұражай жұмыс істейді. Турист-өлкетанушылардың 40 станциясы мен орталықтары, 2050 туристік-өлкетанушылық мектеп үйірмелері бар. Өлкетану туризмімен 7-17 жас аралығындағы 90 мыңнан астам бала қамтылды.

Сонымен қатар, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын әдістемелік және тұжырымдамалық сүйемелдеу мақсатымен Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық Академиясы 15-тен астам әдістемелік құрал мен ұсынымдар әзірледі (Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, балалар-жасөспірімдер қозғалысын ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдар, Қазақстанның киелі географиясын зерделеу жөніндегі әдістемелер және басқалары). Дайындалған құралдар оқытушылар мен мұғалімдерге үлкен көмек болды.

2. Меценаттылықты дамыту бағыты өңірлік деңгейде жүзеге асырылуына байланысты, баяндаманың II тарауында ақпарат толығымен көрсетілген.



1.2. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасы.

Мақсаты: латын графикасы негізінде қазақ тілін пайдалануға кезең-кезеңмен көшуді қамтамасыз ету.

Жауапты ОМО: МСМ, БҒМ.

Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаевтың латын графикасына негізделген әліпбиді жетілдіруге қатысты берген тапсырмасынан кейін бекітілген әліпбиді ғылыми тұрғыдан зерделеп, практикалық тұрғыдан апробациядан өткізу жұмыстарын Орфографиялық жұмыс тобы ғалымдары жүргізді. Жалпы латын графикасына негізделген 20-дан астам жоба қарастырылды. Әліпби жобалары авторлардың тікелей қатысуымен ғалымдар тарапынан талқыланып, сараланды.

Латынграфикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиін жетілдіру жұмыстарының медиа-жоспары әзірленді. Медиа-жоспарға сәйкес есепті кезеңде электрондық және басылымдық БАҚ-та мыңнан астам материал жарық көрді. Сонымен қатар әлеуметтік желілерде 500-ден астам пост жарияланды.

2020 жылғы 14 ақпанда барлық өңірлерде әліпби бойынша берілген ұсыныстарға қатысты ашық талқылау өтті.

2020 жылғы 20 ақпанда Ұлттық комиссия жанынан құрылған орфографиялық, әдістемелік, терминологиялық және техникалық сүйемелдеу жөніндегі жұмыс топтарының қатысуымен «Латыннегізді қазақ әліпбиі: ұсыныстар, талқы және нәтиже» атты кеңес өткізілді.

13 наурызда 4 жұмыс тобының кеңейтілген отырысы және 15 сәуірде орфографиялық жұмыс тобының онлайн-отырысы өткізілді. Күн тәртібінде «у», «й», «і» таңбаларының дыбыстық мазмұны талқыланды. Шараға 30-дан аса жұмыс тобы мүшелері мен мамандар қатысты.

Сонымен қатар, биыл 20-24 сәуір аралығында «ONLAINda bol» жобасы аясында «Жаңа әліпби негізіндегі ұлттық жазудың жаңғыруы» тақырыбында онлайн дәрістер ұйымдастырылды. Онлайн дәрісте Ұлттық комиссия жанындағы орфографиялық жұмыс тобы ғалымдары қатысты.

2020 жылғы 26-28 мамыр аралығында Алматы қаласында Тіл білімі институтының кейбір ғалымдарының әліпбиді жетілдіруге қатысты ұсыныстарын талқылау мақсатында кездесу ұйымдастырылды. Аталған ұсыныстар негізінде шешім шығарылып, қорытындылау кездесуі 29-31 мамыр аралығында Нұр-Сұлтан қаласында жалғасты.

Әліпбиді жетілдіру жұмысын қорытындылау кезеңінде Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев әліпби жобасын БҒМ-мен бірлесе отырып, тиісті мамандармен егжей-тегжейлі талқылауға қатысып, 28 мамырда тапсырма берген болатын. Осы ретте 2 маусымда өткен орфографиялық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында әліпби ғылыми тұрғыдан қайта зерделенді. Әліпби жобасына берілген ұсыныстар әдістемелік тұрғыдан қарау мақсатында БҒМ жолданды.

Нәтижесінде 22 шілдеде онлайн режимде орфографиялық жұмыс тобының отырысы өткізілді. Отырысқа жұмыс тобы мүшелерімен қатар БҒМ өкілдері қатысты. Күн тәртібінде әліпби жобасы тағы бір рет қаралды. Сонымен қатар, латыннегізді қазақ әліпбиін жетілдіру барысында атқарылған жұмыстар

туралы жаңа әліпбидің емле ережелері жайында, конвертер, пернетақта және таңбалардың ІТ технологияға сәйкестігі жөнінде баяндамалар жасалды.

20 тамызда Орфографиялық жұмыс тобының онлайн отырысы өткізілді. Отырысқа топ мүшелері, БҒМ өкілдері және тәуелсіз сарапшылар қатысты. Күн тәртібінде емле ережелері жобасына жасалған орфографиялық жұмыс тобының сараптамалық қорытындысы қаралды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 3 қыркүйекте берілген тапсырмасына сәйкес, қазіргі таңда әліпбиді жетілдіру жұмыстары жалғастырылуда.

Сонымен қатар, 17 қыркүйекте «Түркі әлемі: тілдік ахуал, латын әліпбиі және әдістеме» тақырыбында онлайн форматта халықаралық семинар-кеңес өтті.

Семинар-кеңестің мақсаты – түркі тілдерін зерттеушілермен, әдіскерлерімен ғылыми пікір, тәжірибе алмаса отырып, өзара туыстас тілдердің мамандары арасында халықаралық байланысты қалыптастыру.

Іс-шараға ғағауыз, қырғыз, ноғай, өзбек, хакас, қарақалпақ, түрік, тыва, татар және қазақ тілдерінің мамандары, барлығы 5 елден (Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, Молдова, Ресей) ғалымдар қатысты.

1.3. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобасы.

Мақсаты: студенттерге гуманитарлық білім саласында мемлекеттік тілде үздік әлемдік стандарттарға сәйкес білім алуға жағдай жасау.

Жауапты ОМО: БҒМ.

Жобаны іске асыру мақсатында 2017 жылы «Ұлттық аударма бюросы» үкіметтік емес және коммерциялық емес қоғамдық қоры құрылды.

Бүгінгі таңда **300-ден** астам оқытушылар, ғалымдар, әдебиетшілер мен баспагерлерден тұратын жоғары білікті аудармашылар пулы құрылды. Әлемнің жетекші жоғары оқу орындарымен, ғылыми орталықтармен және баспа үйлерімен ынтымақтастық орнатылды.

2017-2019 жылдары аударылған 77 оқулық (2017 жылы 17, 2018 жылы – 30, 2019 жылы – 30 оқулық аударылды) жоғары оқу орындарының білім беру процесіне тиісті пәндерді («Философия», «Мәдениеттану», «Маркетинг», «Экономика», «Педагогика және психология», «Әлеуметтану», «Тарих», «Дінтану», «Кәсіпкерлік негіздері мен ментор-стартаптар» және т.б.) оқыту кезінде базалық пән ретінде енгізілді.

Осы жылы тағы 23 оқулық аударылды. Олар жыл соңына дейін басылып, жоғары оқу орындарына таратылады.

Әрбір оқулық негізінде қазақ және орыс тілдеріндегі 50 бейнедәрістен тұратын бейнекурстар әзірленді.

Аталған оқулықтар мен бейнедәрістер 100kitap.kz сайтында және www.OpenU.kz порталында орналастырылған. Порталда 107 мыңға жуық пайдаланушы тіркелген, оның серіктестері 128 жоғары оқу орны мен 147 колледжі.

ЖОО-ның білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту, оқу процесіне жаңа оқулықтарды енгізу мен оның тиімділігін одан әрі арттыру жөніндегі шараларға тексеріс жүргізілді. Барлық жоғары оқу орындар оқулықтардың



жұмыс бағдарламаларын әзірлеуде, әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша дәрістер оқуда. Сондай-ақ, студенттер мен ПОҚ ғылыми-зерттеу кезінде жұмыстарында қолданылатындығы анықталды.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша жұмыс жоспарын және білім беру процесіне аударылған оқулықтарды енгізу бойынша жол картасын ЖОО жоспарлы түрде жүзеге асыруда.

Білім беру пәндері циклінің жаңартылған мазмұны мен оларды оқу процесінде пайдалану бойынша ЖОО оқытушыларына біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылуда.

1.4. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы.

Мақсаты: тарихи-мәдени ескерткіштерді, киелі жерлерді танымал ету, сақтау, қалпына келтіру.

Жауапты ОМО: МСМ.

«Қазақстанның киелі жерлер географиясы» арнайы жобасын жүзеге асыру мақсатында 2017 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің жанынан «Қасиетті Қазақстан» мамандандырылған ғылыми-зерттеу орталығы құрылды. Орталықта жалпыұлттық және жергілікті киелі орындарды анықтау мен өзектендіру жұмысымен айналысатын ғылыми-сараптамалық кеңестің 40 маманы бар. Кеңес жұмысына көрнекті ғалымдар, өлкетанушылар мен Қазақстанның қоғам қайраткерлері қатысады.

Арнайы жоба басталғалы бері бүгінгі күнге дейін жалпыұлттық маңызы бар қасиетті нысандардың тізіміне 205 нысан (оның ішінде 23 тарихи-мәдени ескерткіштерде ғылыми-реставрациялық жұмыстар аяқталды) және жергілікті маңызы бар нысандар тізіміне – 575 нысан енгізілді. Киелі нысандарды толық визуализациялау qazmaps.kz виртуалды карта платформасында қол жетімді.

Бұл доменде жалпыұлттық киелі объектілердің 3D-турлары бар виртуалды карта (*саны 100 дана*) және аймақтық киелі объектілердің интерактивті картасы (*саны 500 дана*) жүктелді. Сондай-ақ, биыл аталмыш карталар қосымша толықтырылатын болады.

Қасиетті нысандарды таныту мақсатында үш жыл ішінде жалпыұлттық маңызы бар 28 киелі нысан 3D форматына өткізілген. 2020 жылы 3D-түсірілімі бар көпсалалы виртуалды картаны жаңа 85 нысандармен толықтыру жұмыстары жүргізілуде.

Бағдарлама аясында «Қасиетті Қазақстан» энциклопедиясының үш томының тұсаукесері өтті. 2020 жылы IV томының тұсаукесері жоспарлануда. Қазіргі уақытта энциклопедияға материалдар жинау жұмыстары аяқталды. Энциклопедияның IV томында ШҚО, СҚО, Павлодар киелі нысандары бойынша толық мәліметтер қамтылған. Энциклопедияны жарыққа шығару жөнінде өңірлердегі өлкетанушылармен қашықтықтан жұмыстар жасалынып, жиналған материалдар сұрыпталды. Сондай-ақ, «Қоңыр әулие үңгірі - киелі орын» атты кітабының қазақша және орысша мәтіні жинақталуда.

Сонымен қатар, 2020 жылы «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» арнайы жобасын жүзеге асыру мақсатында келесі жұмыстар атқарылды:

- Мектеп оқушыларына, студенттерге, экскурсия жүргізушілерге және туристерге арналған 10 оқу-әдістемелік құрал әзірленді. Құралға туристік саланы дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы аясына енген ТОП-10 және ТОП-50 туристік нысандары, сондай-ақ еліміздің жалпыұлттық және өңірлік қасиетті нысандары негізге алынды;

- «Қазақстанның заманауи мәдениетіндегі қасиетті кеңістік: дәстүр мен жаңашылдық» жобасы аясында Қазақстанның қасиетті нысандары мен аумағын зерттеу бойынша далалық экспедицияларға қатысушылар үшін әдістемелік нұсқаулық (қазақша-орысша) әзірленді. Қазақстанның қасиетті кеңістігін зерттеудің далалық этнографиялық бағдарламасы дайындалды. Далалық этнографиялық, фольклорлық және археологиялық экспедициялардың Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан облыстары бойынша маршруттар даярланды. Сонымен қатар, жоба қатысушылары әртүрлі халықаралық және мемлекеттік басылымдарға 31 жарияланым әзірледі.

- Ұйымдастырылған іс-шаралар:

- 2020 жылдың 2 мамырында киелі кеңістікті құрастыру және өндіру тарихын, дәстүрлері мен заманауи тәжірибелерін талқылау мақсатында «Қасиетті география: қасиеттілік мәдениеті мен кеңістікті құрылымдау әдістерін зерттеудің көпсалалы тәсілдері» халықаралық онлайн-конференциясы ұйымдастырылды. Конференцияға отандық ғалымдармен қатар Гучинова Э.-Б. (Армения, Ереван), Ларина Е.И. (Ресей Федерациясы, Мәскеу) сынды шетелдік ғалымдар қатысты;

- «Қасиетті жерлер – рухани қалқанымыз» тақырыбында кездесу мен «Қазақи сананың қасиеті» атты дәріс елдегі төтенше жағдайдың орын алуына байланысты онлайн форматында өткізілді.

- Барлық мұражай-қорықтарының аумағында Визит-орталықтардың құрылысы жүріп жатыр. 2020 жылдың I жартыжылдығында Қарағанды облысында жалпы соммасы 546,0 млн. теңгені құрайтын «Ұлытау» визит-орталығы құрылысы аяқталды.

Сондай-ақ, қазіргі уақытта Гаухар-ана («Әзірет Сұлтан» музей-қорығы) визит-орталығының құрылысы басталды.

Бірінші кезекте визит-орталықтар туристерге қолайлы жағдай ұйымдастыру үшін ғылыми, мәдени, ақпараттық орталықтар ретінде пайдаланылатын болады. Сондай-ақ, имидждік туристік өнімді жасау үшін өңірдің бренді ретінде тарихи-мәдени және табиғи ресурстарды пайдалана отырып, жергілікті жердің мәдени-туристік кластерін дамытуға жәрдемдеседі.

- 2020 жылы республиканың маңызды мәдени және тарихи 44 ескерткішіне ғылыми-реставрациялық жұмыстар жүргізілді:

- «Отырар» қалашығының қалпына келтіру жобасының тұжырымдамасы әзірленді. Осы жылы ескі қалашықтың 10 нысанына, атап айтқанда, Отырар қалашығының Солтүстік және Оңтүстік қақпаларын, ежелгі тұрғын кварталдарын, мешіттерді, шығыс моншасын, қыш шеберханасын, магистральды көшелер мен қалашықтың бекініс қабырғаларын қайта жаңғырту бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

- Сонымен қатар, «Әзірет Сұлтан» музей-қорығының 17 объектісінде



қарқынды жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда, Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің бас күмбезі жаңартылып, оның ішкі Қазандық, Құдықхана, Ақсарай бөлмелерінде әрлеу жұмыстары жүргізілді.

- Ясы қалашығының басты магистралды көшесі Жеті қақпа мен Кесене аралығында археологиялық жұмыстар барысында толық ашылып, сол заманның тұрмысын көрсететін тарихи объектілер қалпына келтірілуде.

- Жұма мешіті, Қылуат мешітінің аумақтары тарихи келбетке ие болды. Атап айтқанда, тарихи ұстындар, суреттер қалпына келтірілді. Хан мешітінің бас күмбезі майоликамен апталып, ішкі құрылысы бойынша михраб қалпына келтірілді, тиісті ою-өрнектермен безендірілді.

Сондай-ақ, осы аумақтағы шілдехана, сегіз қырлы кесене, Есім хан кесенесі, Шығыс моншасында ғылыми-реставрациялау жұмыстары жүргізілді.

- Солтүстік, Батыс өңірі және Нұр-Сұлтан қаласының мәдени-туристік кластерін дамыту мақсатында Мәдениет және спорт министрлігімен 3 республикалық музей-қорығын құрылды. Олар: елордадағы ежелгі қалашық негізінде «Бозоқ», қазақ жерінде салт-дәстүрлер пайда болған жерде «Ботай» және Қазақ хандығының ежелгі астанасы базасында «Сарайшық».

Жалпы МСМ жоспарына сәйкес, биыл еліміздің тарихында маңызды орын алатын Ақтөбе (Степнинское), Сарайшық, Сығанақ, Алтынасар сияқты ерте замандық, ортағасырлық қалашықтарда, Ақыртас сарай кешенінде, Бекет ата жер асты мешіті мен басқа да объектілерде ғылыми-реставрациялау жұмыстары жүргізілуде.

Аталған жұмыстар алдын-ала әзірленген ғылыми-жобалау құжаттамалардың негізінде жүзеге асырылуда. Атқарылған жұмыстар объектілерінің техникалық жағдайларының сақталуын қамтамасыз етумен қатар, олардың туристік тартымдылығын арттырып, ерекшеліктерін танытуға бағытталған.

1.5. «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы.

Мақсаты: Қазақстанның мәдени жетістіктерін әлемдік деңгейде танымал ету.

Жауапты ОМО: МСМ, СІМ.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында МСМ шетелдерде заманауи қазақстандық мәдениетіміздің жетістіктерін көрсету мақсатында 2017 жылдан бастап «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» бағдарламасының арнайы жобасын жүзеге асыруда.

2020 жылдың 28-29 ақпанында «Жаһандық әлемдегі қазіргі қазақстандық мәдениет» жобасы аясында Қазақстан Республикасының «Салтанат» мемлекеттік би ансамблі Омбы қаласына (Ресей Федерациясы) гастрольмен барды. Жас көрермендер театрының сахнасында ансамбль ұжымы ұлттық билерді, сондай-ақ әлем халықтарының билерін қамтитын мазмұнды бағдарламаны ұсынды.

Биыл 18 наурыз-18 сәуір аралығында «Алтын адамның әлем музейлеріне шеруі» жобасын ұйымдастыру жоспарланған болатын. Осыған орай, 2020 жылы 20 наурызда Үндістанның Ұлттық музейінде (Нью-Дели қаласы) «Ұлы дала:

Кеңістік. Уақыт. Мәдениет» атты халықаралық көрмесі ашылды. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі мен Үндістандағы Қазақстан Республикасының Елшілігінің қолдауымен, сондай-ақ екі елдің Ұлттық музейлерінің ұйымдастыруымен өткен аталмыш көрмеге қос тараптың музей қауымдастығы мен дипломатиялық өкілдік қызметкерлері қатысты.

Көрменің ашылу салтанатына Үндістандағы Қазақстан Республикасының Елшісі Ерлан Әлімбаев пен Үндістан Ұлттық музейінің директоры Рагвендра Сингх қатысты.

Алайда, әлемде COVID-19 вирусына қатысты қалыптасқан жағдайға байланысты, соның ішінде елімізде вирустың таралуына жол бермеу және оның алдын алу мақсатында аталған көрмені биыл 22 наурыздан бастап өткізбеу туралы шешім қабылданды.

Сондай-ақ, осы жыл соңына дейін республикалық мәдениет ұйымдары ұжымдарымен шетелдерде жоспарланған гастрольдер мен көрмелер ведомстволық бағынысты мәдениет ұйымдарының бюджетін оңтайландыруға байланысты пандемиялық жағдайды ескере отырып, карантин кезеңінде сақтық шараларын сақтау мақсатында шетелдердік гастрольдер мен көрмелер тоқтатылған болатын.

Қазақстан Республикасының СІМ және шетелдердегі мекемелері «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мен ілгерілету жөнінде ауқымды ақпараттық-имидждік жұмысты төмендегі бағыттар бойынша жүргізуде.

1. Кітаптар. Абайдың шығармалары, сондай-ақ қазақстандық қаламгерлердің Абай туралы кітаптары армян, грузин, иврит, қырғыз, малай, моңғол, нидерланд, испан, португал, украин, түрік, өзбек, хинди тілдеріне аударылып, 12 кітап басылып шықты.

Онын ішінде, болу елдерінің тілдеріне аударылған қазақстандық авторлардың кітаптары Стокгольм қоғамдық кітапханасына және Лунд университетіне (Швеция), Словакия Республикасы Ғылым Академиясының философия институтына, Түркі мәдениеті және мұрасы халықаралық қорына (Әзірбайжан), Сегед университетінің кітапханасына (Мажарстан) және Каталония ұлттық кітапханасына (Испания) тапсырылды.

2020 жылы мамырда ҚР Бразилиядағы Елшілігі «Қазақ әдебиеті антологияларының» испан тіліне аударылған нұсқаларын Аргентинаның, Боливияның, Колумбияның, Парагвайдың, Перудың, Уругвайдың, Чилидің және Эквадордың Бразилиядағы дипломатиялық өкілдіктеріне, аталған елдердің ұлттық кітапханаларына, жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтарына табысталды.

Осы жылдың 19 тамызда Арменияның Ереван қаласында ҚР Елшілігінің ұйымдастыруымен Абайдың «Қара сөздері» мен М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы Ереван мемлекеттік университетінің қолдауымен армян тіліне аударылып, тұсаукесерлері өтті.

2. Абай және әл-Фараби орталықтары. Қазақстан Республикасының Сингапурдағы (Абай орталығы), Болгариядағы (Абай орталығы), Пәкістан (Абай орталығы), Эфиопиядағы (Абай орталығы), Литвада (Әбу Насыр әл-Фараби орталығы) және Чехиядағы (Абай орталығы) елшіліктері жанынан 6 орталық ашылды.



Сонымен қатар:

- АҚШ-тың Джордж Вашингтон университетімен бірлескен Қазақстанның тарихы мен мәдениетін кеңінен насихаттауға бағытталған «Абай виртуалды орталығы»;

- ҚР Бельгиядағы Елшілігі жанындағы қазақ мәдениеті орталығы;

- «Клементинум» Ұлттық кітапхана жанындағы «Абай» мәдени-ақпарат орталығы (Чехия);

- ҚР Моңғолиядағы Елшілігі жанындағы Абай бұрышы;

- Литваның Вильнюс округінің Адам Мицкевич атындағы Қоғамдық кітапханасының ғимаратында қазақтың ұлы ағартушысы Абайдың оқу залы ашылды.

3. Конференциялар:

- Қырғызстанда Алықұл Осмонов атындағы Қырғызстан Ұлттық кітапханасының ұйымдастыруымен «Ұлы Абай Құнанбайұлының әдеби және рухани мұрасының құндылығы» атты халықаралық онлайн конференция өтті;

- Францияда Түркі академиясы ЮНЕСКО-ның қатысуымен Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналған онлайн-конференция ұйымдастырды;

- Швецияда жергілікті қазақстандық жастар қауымдастығы ҚР Елшілігімен бірлесіп, Абайдың 175-жылдығына орай аудиоконференция өткізді;

- Ұлыбританияда ҚР Елшілігі мен Кембридж университетінің ұйымдастыруымен Абайдың 175-жылдығына арналған «Махаббаттың төлеуі – махаббат: Абай даналығы» атты онлайн-конференция өтті;

- Әзірбайжанда Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы бейнеконференция өткізді;

- Абай күніне орай Польшада «Абай. Полония. Польша» атты онлайн қазақ-поляк әдеби кездесуі ұйымдастырылды.

4. Мәдени іс-шаралар:

- БАӘ-да, Швецияда, АҚШ-та, Эфиопияда, Болгарияда және Таиландта қазақстандық режиссерлердің «Абай. Өмірбаяны және шығармашылығы», «Құнанбай» сияқты фильмдері көрсетілді;

- Мажарстанда «Әлем таныған Абай» кітап-иллюстративті көрмесі және «Абай әлемі» сурет көрмесі өтті;

- Беларусьта қазақстандық эстрада әртістерінің қатысуымен «Абай әлемі» музыкалық-ақындық кеші өтті;

- Босния және Герцеговинада Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы аясында «Астана Опера» театрының солистері «Сараево қысы» халықаралық фестиваліне қатысты;

- Германияда Абайдың 175 жылдығына арналған «Еуразия ақындары» ақындық кеші ұйымдастырылды;

- Люксембургте Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған ақындық кеш өтті;

- Швейцарияда қазақстандық диаспора өкілдері С.Тоқанова мен И.Грибаус Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына арналған концерт қойды;

- АҚШ-та Гарвард университеті жанындағы Дэвис орталығында америкалық

студенттер арасында «Абай оқулары» әдеби сайыс өтті;

- Иранда әлеуметтік желілерде Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық, Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойларына арналған «Абай домбырасы-party» акциясы ұйымдастырылды;

- Мысырда «Ніл-Мәдениет» телеарнасында Абай Құнанбайұлына арналған бағдарлама өтті.

Шетелде Қазақстанның тарихы мен мәдениетін отандық фильмдер арқылы көрсетуге зор көңіл бөлінді. Қазақстандық режиссерлердің фильмдері БАӘ, Швеция, АҚШ, Эфиопия және Болгария сияқты елдерде көрсетілді. Шетелдік көрермендердің назарына «Абай. Өмірбаяны және шығармашылығы» (реж. Т.Арганчиев), «Құнанбай» (реж. Д.Жолжақсынов), «Қазақ биі» (реж. А.Садықова, Ғ.Насыров), «Қазақ хандығы. Алтын тақ», «Алмас қылыш» (реж. Р.Әбдрашов), «Жаужүрек мың бала» (реж. А.Сатаев) және т.б. фильмдер ұсынылды.

5. Абай және әл-Фарабиге арналған ескерткіштер мен көше атаулары. Ресейдің Мәскеу, Мажарстанның Будапешт және Францияның Ренн қалаларындағы Абайдың ескерткіштеріне қоса биыл Түркияның Анталья қаласында Абайға арналған ескерткіш тақта, Румынияның Бухарест қаласында Абайға және Израильдің Хайфа Әбу Насыр әл-Фарабиге арналған ескерткіш тақта ашылып, қаласындағы Грузияның Тбилиси қаласындағы орталық көшелердің біріне Ұлы ақынның есімі берілді.

6. Мақалалар. Есепті кезеңде шетелдік басылымдарда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы 60-қа жуық мақала жарияланды.

ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы шет тілдеріне аударылып, шетелдік БАҚ-тарда жарық көрді.

Атап айтқанда, мақалалар «EU Reporter» басылымы (Бельгия), «Prazsky zpravodaj» және «Halo noviny» газеттері (Чехия), «Факти» басылымы (Болгария), «Inside Recent» (Сингапур), «Post of Asia» басылымы (Үндістан), «IRNA» ақпараттық агенттігі және «Pars Today» радиосы (Иран), «Созвучие» әдеби басылымы (Беларусь), «Кыргыз туусу» газеті және «Пикир» басылымы (Қырғызстан), «Pajūrio žurnalas» журналы (Литва), «Tajikistan Times» газеті (Тәжікстан) сияқты БАҚ-тарда жарық көрді.

7. Маркалар. Биыл қыркүйек айында Эстонияда Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына мен Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған мерейтойлық пошта маркалары шықты.

1.6. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы.

Мақсаты: қазіргі Қазақстанды бейнелейтін табысты адамдардың тарихын және олардың әртүрлі қызмет саласындағы жетістіктерін көрсету.

Жауапты ОМО: АҚДМ.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы халық арасында танымал жобалардың бірі. Өңірлерде жүйелі негізде оқушылармен, жоғары оқу орындарының студенттерімен, еңбек ұжымдарымен, мүмкіндіктері шектеулі тұлғалармен, жетім балалармен және басқа да мотивациялық кездесулер мен тақырыптық әңгімелер өткізілді.



Жоба басталғаннан бері қатысу үшін 6 мыңнан аса өтінім қабылданды (2017 жылы – 2112, 2018 жылы – 2388, 2019 жылы – 1673). Бүкілхалықтық онлайн дауыс беру арқылы 163 жеңімпаз анықталды (2017 жылы – 102, 2018 жылы – 29, 2019 жылы – 32).

Алайда, COVID-19 вирусына қатысты жағдайға байланысты, соның ішінде елімізде вирустың таралуына жол бермеу мен оның алдын алу мақсатында аталмыш жоба халық арасында үгіт-насихат жұмыс жүргізуді талап ететінін ескере отырып, АҚДМ 2020 жылы жобаны өткізбеу туралы шешім қабылдады.

2020 жылы республикалық телеарналарда:

- «Хабар» телеарнасында қазақ және орыс тілінде 9 жаңалық сюжеті көрсетілді. Сондай-ақ, «100 жаңа есім» роликтерінің айналымы жүргізілді.

- «Хабар 24» телеарнасында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасын жариялау бойынша қазақ және орыс тілінде 21 жаңалық сюжеті және «Next», «Online», «Арнайы репортаж», «Цифра дня» бағдарламаларында сюжеттер көрсетілді.

- «QAZAQSTAN» телеарнасында «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасын жариялау бойынша қазақ және орыс тілінде 4 жаңалық сюжеті көрсетілді.

1.7. «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы.

Мақсаты: ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту, ауылдарды тұрақты дамыту.

Жауапты ОМО: ҰЭМ, АШМ.

ҰЭМ «Ауыл – ел бесігі» жобасы 2020-2025 жылдарға арналған Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына біріктірген. Бағдарламада ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту мен ауылдық аймақтарды дамытуға арналған бірнеше бағыттар қарастырылған.

Бірінші бағыт – функционалды қалаларды жаңғырту. Оған Алматы, Шымкент, Нұр-Сұлтан және Ақтөбе қалаларының маңайындағы еліміздегі ең үлкен 4 агломерация кіреді. Сонымен қатар 13 облыс орталығы мен Семей қаласы.

Екінші бағыт – моно және шағын қалаларды дамыту. Бұл бағыт бойынша мемлекеттік бағдарлама аясында экономиканың шикізаттық емес секторларында «зәкірлік» жобалар, шағын және орта кәсіпкерлікті, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі іс-шаралар іске асырылуда. Бұл моноқалалардың негізгі капиталына инвестициялар тарту көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта 27 моноқалада 57 «зәкірлі» инвестициялық жоба іске асырылуда.

«Зәкірлік» жобаларды іске асыру 8,6 мыңнан астам жұмыс орнын құруға және 749,4 млрд.теңге мөлшерінде инвестициялар тартуға мүмкіндік берді.

Өнеркәсіп өндірістің даму қарқыны жақсарғалы, негізінен металлургия, тау-кен өндірісі, химия және тамақ өнеркәсібінің дамуы, сондай-ақ өзге де түсті (металл емес) және минералдық өнімдердің өндірілуі нәтижесінде кәсіпорындары тұрақты жұмыс істейтін моноқалаларда жағдай түзелуде.

Үшінші бағыт – ауылдық елдімекендерді дамыту, соның ішінде тірек

ауылдардың инфрақұрлымын, тұрғындардың өмір салтын жақсарту. Осы бағыт бойынша алғашқы даму әлеуеті бар ауылдық елдімекендерді аңықтау талаптары бекітіліп, арнайы әдістеме әзірленді.

Бұл әдістеменің 150-ден астам бағалау өлшемшарттары қолданылды. Бұл халық санының өсу қарқыны, мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығының ЖҚҚ, халықтың жұмыспен қамтылуының өсу серпіні, олардың ірі елдімекендерге жақындығы және басқалар.

Әдістемеге сәйкес, даму әлеуеті бар 3,5 мың ауыл іріктелді. Оның ішінде 1 173 тірек және 2 388 серіктес ауыл.

АШМ өз тарапынан іріктелген ауылдық елдімекендердің тізіміне сәйкес, «ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ның еншілес компаниялары арқылы несие беру бағыты бойынша мемлекеттік қолдау көрсетіп отыр.

«ҚазАгро» ҰБХ» АҚ-ның ақпараты бойынша 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 1 қыркүйекке дейін 7477 млн. теңге сомасына 1128 жоба қаржыландырылып, 1691 жұмыс орны құрылған (1-кесте). Соның ішінде облыстар бойынша:



	Өңірдің атауы	Жобалар саны	Бөлінген қаражат (млн. теңге)	Ашылған жұмыс орындар саны
	Ақмола облысы	124,0	34	34
	Ақтөбе облысы	388,9	108	108
	Алматы облысы	486,1	97	97
	Атырау облысы	95,2	17	17
	Шығыс Қазақстан облысы	663,0	131	131
	Жамбыл облысы	791,9	189	189
	Батыс Қазақстан облысы	190,7	53	53
	Қарағанды облысы	533,8	134	134
	Қостанай облысы	1 351,8	410	410
	Қызылорда облысы	1 165,6	74	74
	Павлодар облысы	752,5	78	78
	Маңғыстау облысы	166,6	45	45
	Солтүстік Қазақстан облысы	433,5	254	254
	Түркістан облысы	333,4	67	67
	БАРЛЫҒЫ	1128	7 477,0	1691

Жоба аясында ауылдық елдімекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту, ауыл халқының әлеуметтік игіліктер мен мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру бойынша бірқатар міндеттерді шешу көзделген.

1.8. «Архив-2025» арнайы жобасы.

Мақсаты: жетіспейтін тарихи деректерді қалпына келтіру мақсатында отандық және шетел архивтерінде іргелі зерттеулер жүргізу.

Жауапты ОМО: МСМ, БҒМ.

2019 жылғы 20 желтоқсанда Үкіметтің қаулысымен Ұлттық архив қорын отандық және шетелдік архивтерде, музейлерде, кітапханаларда және ғылыми орталықтарда сақталатын Қазақстан тарихы бойынша құжаттармен толықтыруға және ғылыми айналымға енгізуге бағытталған «Архив-2025» жобасын іске асыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары қабылданды.

«Архив-2025» жобасын іске асыру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары 68 тармақтан тұрады, 14,1 млрд. теңге қарастырылған. Соның ішінде: республикалық бюджет - 3,96 млрд. теңге, жергілікті бюджет – 10,14 млрд. теңге.

«Архив-2025» жобасын іске асыру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспарының қаражаты 2019 жылғы 27 тамызда РБК шешімімен тұжырымдамалық түрде қолдау тапты. Алайда бюджеттік өтінім 2020 жылғы 2 сәуірдегі РБК отырысында оң қорытынды алған жоқ.

Кешенді жоспардың негізгі бағыттары - саланың нормативтік құқықтық базасын жетілдіру (*ҚР Ұлттық архив қорының құжаттық ақпаратының бірыңғай жіктеуі үшін әзірлеу, Архивші күнін қосу, ведомстволық марапатты немесе құрметті атақты бекіту*), Ұлттық архив қорын шетелдік архивтерден, музейлерден, кітапханалар мен ғылыми орталықтардан Қазақстан тарихы бойынша жаңа құжаттық дереккөздерімен толықтыру, оларды ғылыми айналымға енгізу, цифрлық өркениет жағдайында ақпараттық-зияткерлік ресурстардың қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

Кешенді жоспар аясында архив саласының материалдық-техникалық базасын нығайту, кең форматты сканерлер, архивтік құжаттарды реставрациялау және микрофильмдеу үшін заманауи зертханалар сатып алу көзделген.

Келесі маңызды қадамдардың бірі саланың инфрақұрылымын дамыту.

Бүгінгі таңда мемлекеттік архив қоймаларының көпшілігі 100%-ға жүктелген. Құжаттарды одан әрі қабылдау және сақтау үшін орын жетіспеушілігі бар. Еліміздің өңірлерінде арнаулы үлгілік ғимараттар салу мүмкіндігін қарастыру қажет.

Осы мақсатта Министрлік 200 мың, 500 мың, 1 миллион, 1,5 миллион, 10 миллион сақтау бірлігіне арнаулы үлгілік ғимараттардың құрылысына жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуді жоспарлап отыр.

Облыстық, қалалық, аудандық мемлекеттік архивтердің құрылысы МСМ әзірлеген үлгілік ЖСҚ негізінде жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылатын болады.



Саланың білікті кадрлық әлеуетін қамтамасыз ету үшін IT-технологияларды, архив ісінің экономикасын, оны басқару мен менеджментін ескере отырып, архив ісімен аралас бағыттағы кадрларды даярлауды жүзеге асыратын ЖОО-лардағы пәнаралық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жоспарлануда.

Бұдан басқа, Жоспарда мемлекеттік архив мекемелері қызметкерлерінің елдің орталық мемлекеттік және шетел архивтерінде тағылымдамадан өтуі қарастырылған.

Қазақстандық архивтердің халықаралық архив кеңістігіне бірқалыпты интеграциялануы аясында жақын және алыс шетелдердің 17 елімен ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

Ұлттық архив қорын Қазақстанның тарихы мен мәдениетін жария ететін жаңа құжаттық көздермен толықтыру, сондай-ақ барлық отандық және шетелдік архивтерге іргелі зерттеулер жүргізу үшін іздестіру-зерттеу жұмысы аясында Министрлікпен архивистер, тарихшылар, ғалымдар, мәдениеттанушылар және басқа да сарапшылар қатарынан арнайы ғылыми-іздестіру топтарын құру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

2019 жылы мемлекеттік архивтердің қызметкерлері Білім және ғылым министрлігінің зерттеу тобымен бірлесіп Ресей архивтері: Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Омбы және Астрахан қалаларында зерттеулер жүргізді.

Аталған зерттеулер Білім және ғылым министрлігінің «Ұлы дала тарихы және мәдениеті бойынша шетелдік архивтер мен қорлардағы археографиялық жұмыстар (анықтау, талдау, цифрлау)» жобасы аясында жүргізілді.

Ресейдің Омбы және Астрахан облыстарының архивтерінде зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 4,5 мыңнан астам құжат парағы мен 10 мың фотосуреттен тұратын, аз зерттелген және ғылыми айналымға енгізілмеген жинақ анықталды. Абылай хан, Сұлтанмахмұт сұлтан, Кіші жүз қазақтарының көтерілісі, Бөкей Орда қазақтарының шаруашылық жағдайы бойынша құжаттар анықталды. Сонымен қатар, М. Шоқайдың өмір сүру тарихы бойынша материалдар, Қазақстан тарихының кеңестік кезеңіндегі саяси бюро отырысының хаттамалары мен басқ да құжаттар бар.

Татарстан Республикасының Ұлттық архиві мен орталық мемлекеттік аудио-визуалды құжаттар архивінен біздің зерттеушілеріміз қазақ даласындағы Ресей империясының діни саясатына арналған мыңнан астам құнды архив материалдарын, Жәңгір хан Бөкеевтің мұсылман Заңтану туралы қолжазба материалдарын, Жәңгір Бөкеевтің Қазан университетінің құрметті мүшесі болып сайлануы туралы және т.б. архив материалдарын анықтады.

Барлық анықталған және сатып алынған архивтік материалдар Қазақстан Республикасының Ұлттық архивіне тапсырылады.

БҒМ тарапынан «Ұлы Даланың тарихы мен мәдениеті жөніндегі шетелдік мұрағаттар мен қорлардағы археографиялық жұмыстар (анықтау, талдау, цифрландыру)» зерттеу жобасы іске асуда (2020 жылға – 62,1 млн. теңге бөлінген). Жобаны іске асыруды Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты жүргізеді.

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының. Нұр-

Сұлтан қаласындағы Мемлекеттік мұрағаттың, Алматы қаласындағы Орталық мемлекеттік мұрағаттың және Қазақстанның облыстық мұрағаттарының қызметкерлері тартылған.

Ұлыбритания, Франция, Италия, Ресей, Украина, Польша, Венгрия мұражайлары мен кітапханаларында іздестіру-зерттеу жұмыстары үшін археографиялық экспедициялар ұйымдастырылды. Нәтижесінде XV-XX ғасырлардағы Ұлы Дала тарихы бойынша қазақстандық ғалымдарға бұрын белгісіз болған бірегей шығыс, парсы және түркітілдес жазба дереккөздері, қолжазбалар анықталды.

65-тен астам ғылыми еңбек, кітап және монография түрінде жарық көрді.

Алынған материалдарды жүйелеу, каталогтау және цифрлау жұмыстарының нәтижесі болып саналатын Ұлы Даланың тарихы мен мәдениеті бойынша архивтік материалдар мен артефактілер каталогын электрондық түрде әзірлеу жүргізілуде.

1.9. «Ұлы даланың ұлы есімдері» арнайы жобасы.

Мақсаты: Ұлы даланың ұлы тарихи қайраткерлерінің өмірін, мұрасын зерделеу және танымал ету.

Жауапты ОМО: БҒМ.

Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты 2019 жылы «Ұлы Даланың ұлы есімдері» жобасын өзектендіру, іріктеудің ғылыми-негізделген критерийлерін әзірлеу және ақпараттық сүйемелдеу бойынша талдамалық зерттеу» жобасы іске асырылды (2019 жылға – 66,2 млн. теңге).

Жүргізілген ғылыми зерттеулердің негізінде қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ғылыми әдебиетке сілтеме жасай отырып, өмірбаяндық мақалалар түрінде қысқаша сипатталған (100-ден астам есім) «Ұлы даланың ұлы есімдері» тізімі жасалып, интернет портал (<http://names-steppe.witharts.kz/>) іске қосылды.

Жоба аясында оқу-білім беру парк-энциклопедиясын құру тұжырымдамасы және интерактивті нұсқасы әзірленді. Өңірлер үшін «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындалды.

Ұлы ойшылдардың мұрасын ашуға бағытталған Абайдың 175 жылдығы мен Әл-Фарабидің 1150 жылдығы мерейтойларын мерекелеудің жалпы республикалық жоспарлары әзірленді. Олар практикалық маңызы бар және идеологиялық жүктемеге ие болады.

БҒМ тарапынан жобаның мазмұндық жағы аяқталды. Жобаны іске асырудың келесі кезеңі Нұр-Сұлтан қаласындағы энциклопедия паркінің құрылыс бөлігі болуы тиіс. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ақпараты бойынша Президенттік паркте орын бөлінген, бірақ осы жоба бойынша бюджетте ақша қаражатының болмауына байланысты құрылыс жұмыстары басталған жоқ.

1.10. «Түркі әлемінің генезисі» арнайы жобасы.

Мақсаты: түркі және түркі тілдес елдердің мәдениетін насихаттау.

Жауапты ОМО: МСМ, БҒМ.

Жоба аясында келесі іс-шараларды ұйымдастырып өткізу жоспарланған:



- Ежелгі Түркістан қалашығының тарихи келбетін қалпына келтіру. Бұл шара бойынша жұмыстар «Қазақстанның киелі жерлер географиясы» арнайы жобасы аясында жүзеге асырылуда.

- Түркі халықтарының дүниежүзілік фестивалі мен түркі этностарының мәдени күндерін өткізу. Шараны биыл ұйымдастыру жоспарланған. Алайда елдегі карантиндік шараларға байланысты белгісіз мерзімге шегерілді.

- Жалпы түркі шығармаларының бірыңғай онлайн-кітапханасын жасау. Бұл шара бойынша ақпарат жоқ.

1.11. «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі» арнайы жобасы.

Мақсаты: Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейін құру арқылы қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау және дамыту.

Жауапты ОМО: МСМ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі.

2020 жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қ.Е. Көшербаевтың тапсырмасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейін» Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі базасында ашуды МСМ-не ұсынды.

МСМ мәселені пысықтап қолдады және Ұлттық музейдің «Алтын залының» атауын «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар залы» деп ауыстыру жөнінде ұсыныс білдірді.

Осыған орай аталмыш залдың экспозициясы еліміздің аумағында табылған озық туындылар мен құнды археологиялық жәдігерлермен безендірілетін болды.

Зал экспозициясына Ұлттық музей мамандары тарапынан осы жылы Торғай өлкесінен табылған б.з.д. VII–VI ғасырларға жататын кезекті «Алтын киімді адамның» әшекейлері қойылатын болады. Тарбағатайдағы Елеке сазы қорымында 2018 жылы ашылған сақ бекзада жауынгері киімінің қайта жаңғыртпасын қою жөнінде ұсыныстар пысықталуда. Сонымен қатар, залда Батыс Қазақстандағы Сегізсай (Лебедевка) кешенінен алынған ежелгі импорттық бұйымдар негізінде Ұлы Даланың Батыс және Шығыс өркениеттері арасындағы мәдени байланысы көрсетілетін болады.

Жоғарыда аталғандардың негізінде еліміздің тарихымен байланысты озық туындылар мен құнды музейлік жәдігерлер Нұр-Сұлтан қаласының тұрғындары мен қонақтарына таныстыру арқылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін болады.

1.12. «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» арнайы жобасы.

Мақсаты: қазақ фольклоры мен музыкасын сақтау және насихаттау.

Жауапты ОМО: МСМ, БҒМ.

МСМ, БҒМ Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары және облыс әкімдіктерімен бірлесіп, 2020 жылғы 16 наурызында «Дала фольклоры мен музыкасының мың жыл» жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың бірыңғай жоспарын бекітті. Онда аймақтық, республикалық және халықаралық

деңгейлерде ғылыми-зерттеу және ұйымдастырушылық бағыттағы іс-шаралар көзделген.

Жоспардың мақсаттары мен міндеттері:

1) қазақ ұлтының материалдық емес мәдени мұрасын құрайтын ұлттық фольклордың ежелгі және қазіргі заманғы үлгілерін сақтау және танымал ету;

2) мәдени, ғылыми және білім беру кеңістігіне ноталық форматта ұсынылған және қазіргі заманғы электрондық тасығыштарда жанды дыбыста тіркелген түрлі халық аспаптары үшін қазақ аспаптық музыкасының жауһарларын қосу;

3) халықтың тарихи мұрасын – өскелең ұрпақтың санасында дәстүрлі музыкалық фольклорды насихаттау, ұлттық мәдени құндылықтарды ғылыми зерттеу.

МСМ Қазақ ұлттық консерваториясы Жоспардың 1, 2-тармақтары «Ұлы дала сарындары» және «Жаңа көкжиектер фольклоры» жобалары пандемияға байланысты жүзеге асыру мерзімі шегерілді.

БҒМ ақпаратына сәйкес, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында (бұдан әрі – Институт) «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» аясында қазіргі кезде Институтта мемлекеттік тапсырыс бойынша үш жоба жүзеге асырылды.

Бірінші жоба. «Қолжазба қорларын, фольклорлық экспедиция материалдарын зерттеу мен жүйелеу және дала фольклорының антологиясын жасау» (2020 жылға арналған республикалық бюджетте 247 768,0 мың теңге) жобасы бойынша мемлекеттік тапсырысты іске асыруға қаражат көзделген.

Жоба 3 жылға арналған. 2019 жылы 10 томдық дала фольклоры антологиясының алғашқы 5 томы қазақ тілінде, оның ішінде онлайн және аудио форматтарда жарық көрді. 2020 жылы аталған антологияның келесі 5 томын шығару жоспарланған.

Екінші жоба. «Фольклорлық музыкалық мұраны сақтау мен жүйелеу және Ұлы даланың көне сарындарының таңдаулы үлгілерін жинау» (2020 жылға арналған жалпы сомасы 102 629,0 мың теңге) жобасы бойынша «Ұлы даланың көне сарындары» атты 2-томның мазмұны құрастырылып, домбыра, қобыз, сыбызғы, сазсырнай, шаңқобыз аспаптарына арналған халық және кәсіби күйші-композиторлардың туындылары бекітілді.

Қазіргі уақытта «Ұлы даланың көне сарындары» антологиясының екі бөлімі бойынша жұмыстар жүргізілу үстінде.

Бірінші бөлім бойынша қазақ халқының ешбір ұлттың мұрасына ұқсамайтын төл туындысы – қобыз, домбыра, сыбызғы және сазсырнай сарындары іріктеліп, таңдалған халық күйлерінің нотаға түсіру жұмыстары іске асырылды. Солардың қатарында, қазақ халқының аспаптық музыкасының таңдаулы сарындары («Ақсақ құлан», «Ел айрылған», «Нар идірген», «Жорға аю», «Ертіс толқыны» және т.б.) талданып, ғылыми-танымдық түсініктемелер жазылды.

Көне аспаптар (қобыз, үш ішекті домбыра, сыбызғы, сазсырнай, жетіген) бойынша іріктелген халық күйлерінің ғылыми-танымдық мәтіні орыс және ағылшын тілдеріне аударылды.

Екінші бөлім бойынша антологияға енгізілген күйші-композиторлар мен



халық және ауызша-кәсіби күйлердің атаулары анықталды. Белгіленген домбыра халық күйлері мен күйші-композиторлардың туындылары Сыр өңірі, Жетісу, Қаратау, Сарыарқа, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан аймақтары бойынша жіктеліп, бөлім қызметкерлерімен талқыланып, күйлердің орындаушыларын белгілеу, алдын ала бөлінді.

Сонымен қатар, кәсіби күйші-композиторлардың өмірбаяндарына байланысты жасалған ғылыми-танымдық түсініктемелердің жазылу қағидалары нақтыланып, деректерді сұрыптау жұмыстары жүзеге асырылып жатыр. Аталған бағыттағы жұмыстар жоспарға сәйкес орындалуда.

Үшінші жоба. «Ежелгі және орта ғасырлардағы жазба әдеби ескерткіштерді зерттеу және ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясын дайындау» (2020 жылға арналған қаражат көлемі 86,336,00 мың теңге) жобасы бойынша «Ұлы дала жауһарлары. Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясының» II және III томдарының құрылымы бекітіліп, материалдар жиналды.

II-III томға енетін Қарахандықтар билігі және Алтын Орда тұсында жазылған түркі әдеби жәдігерлерінің қолжазбасымен жұмыс жасалды.

II томның құрылымы: Әл-Фараби шығармалары, Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат әт-түрк», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Ахмет Жүйнекидің «Һибәтул-хәқайқ», Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет», Сүлеймен Бақырғанидың «Ақырзаман кітабы».

III томының құрылымы: Исламның «Муғинул-мурид»; Насуриддин Бурһануддин Рабғузидің «Қиссәсул-әнбия»; Махмұт әл-Кердеридің «Нәнджул-фәрадис»; Хусам Кәтибтің «Жұмжұма»; анонимдік туындылар «Китәби муқәддимәи Әбу Ләи Сәмәрқанди» және «Сиражул-қулуб».

Қолжазбадан ауытқып кетпеу мақсатымен көне әдеби жәдігерлерді қазақ тіліне аудару барысында ғылыми нәм жолма-жол аударма басшылыққа алынды.

Сонымен қатар, осы жоба аясында облыстық халық шығармашылығын дамыту орталығында «Алдаспан» әдеби клубы құрылып, Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы, Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай «Абай - дана, Абай дара - қазақта», «Ел қорғаны – Ержігіт», «Ұлы Жеңісті жырлаймыз» атты поэзия сағаттары мен Алтын Орданың 750 жылдығына орай сәуір айында «Алтын Орда мемлекеті – Ұлы дала өркениеті» атты облыстық онлайн жазба ақындар айтысы өткізілді.

Даңқты батыр Сәрке Өмірқұлұлының 340 жылдығына арналған облыстық жыршы-жыраулар байқауы, Ұлы Жеңістің 75 жылдығына және халық батыры, жыршы Ақтан Ақайұлының 250 жылдығына арналған «Батырлықты жырлаймын» атты батырлық дастан орындаушылардың байқауы елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты аталған байқаулардың мерзімі кейінге шегерілді.

«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» тапсырмасын іске асыру аясында фольклорлық дәстүрдің ортақ тарихи негіздерін іздеу үшін Қазақстанның түрлі өңірлеріне іздеу-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылып, Ұлы Даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алды.

1.13. «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» арнайы жобасы.

Мақсаты: телевизия, кино, әлеуметтік желілер арқылы қазақ халқы тарихының үздіксіз өркениеттің көрсетуі.

Жауапты ОМО: МСМ.

Бұл арнайы жоба анимациялық, деректі және көркем фильмдерден тұрады.

2020 жылы «Түркістан – кеше, бүгін, ертең» және «Ұстаздың оралуы» деректі фильмінің өндірісі аяқталып ұлы ғұлама Әл-Фарабидің өмірінен сыр шертетін («Возвращение учителя») деректі фильмі көрерменге жол тартпақ.

Тарихымызды кеңінен дәріптейтін «Қажымұқан», «Мұқағали Мақатаев», «Ақтастағы Ахико», «Ақын» көркем фильмдері мен «Ботай арғымақтар мекені» толық метражды анимациялық фильмі дайындалуда.

Оған қоса, қазіргі таңда «Дос Мұқасан», «Лето 1941-го года», «Ақ боз үй» көркем фильмдері, «Кыз-Жибек: рецепт любви и успеха» деректі фильмі, «Абайдың қара сөздері» қысқа метражды фильмдер циклі және «Алтын адам» анимациялық фильмі өндіріске жіберілетін болады.

1.14. Орталық мемлекеттік органдарға «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша ұсыныстар.

1. «Туған жер» арнайы жобасы негізі өңірлік деңгейде жүзеге асырылатындығынан халық арасында танымалдыққа ие. Оған әлеуметтік зерттеудің қорытындылары дәлел. «Туған жер» арнайы жобасымен қаншалықты таныссыз?» сұрағына респонденттердің 63,7%-ы жоба туралы естігендігін және білетіндігін айтқан.

Арнайы жоба бойынша БҒМ тарапынан «Өлкетану» сабағын оқу үрдісіне енгізу үшін қажетті ұйымдастырушылық және дайындық шаралар қабылданды. Бүгінгі күні, «Өлкетану» сабағы интеграцияланған курс ретінде барлық мектептердің 5-7 сынып оқушыларының оқу бағдарламасына енгізілді және «Өлкетану» хрестоматиясы дайындалып қолданысқа берілді.

Оқушы «Өлкетану» сабағында өз жерінің тарихы, мәдениеті, дәстүрі және әдет-ғұрпы туралы білім алу арқылы ауылына, қаласына және жалпы еліне деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімдері оянады. Сондай-ақ, Отан түсінігі пайда болып, елінің болашағы үшін өз жауапкершілігін сезінеді. Сол себептен, ол Отан алдында адамгершілік борышын нақты істермен өтеуге тырысады. Бұл шынайы патриотизмнің түсінігі мен бейнесі.

Сондықтан оқушылардың сабақтарда берілген ақпаратты түсініп, ұққаны туралы білім деңгейін тексеріп тұру өте маңызды.

Осы орайда, БҒМ келесі шараларды қолға алуды ұсынады:

- Әр оқушының «Өлкетану» сабағы бойынша білуге қажет «минимумын» анықтап, білім деңгейін қадағалап тексеріп тұру;

- «Өлкетану» сабақтары қызықты әрі тартымды болу үшін заманға сай жаңа тәсілдерді қолдану туралы әдістемеліктерді өңірлер үшін дайындау;

Өңірлер арасында «Өлкетану» сабақтарын өткізубойынша үздіктәжірибелерін анықтау және қолдану үшін басқа өңірлерге тарату.



2. «Қазақ тілінің латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшіру» арнайы жобасы

соңғы жылдары қоғам мен зиялы қауымның арасында сөз болып, сынға алынды. Латын негізді дайындалған әліпбидің үш жобасынан шикіліктер табылып, қайта жетілтіруге жіберілді. Латын әліпбиін енгізу мәселесінде асығыстық жасамай, жұмысты ғалымдармен жан-жақты сараптай және қоғамдық пікірді ескере отырып жүргізу керек екендігін мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та атап өтті.

Бірақ, айтылған сындарға қарамастан арнайы жоба халық арасында қолдауға ие. Оған әлеуметтік зерттеудің қорытындылары дәлел. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру» арнайы жобасымен қаншалықты таныссыз?» сұрағына, респондентердің 86,3%-ы жоба туралы естігенін және білетіндігін айтқан. Бұл көрсеткіш, халық бұл жобаның маңыздылығын түсінетіндігі мен қолдайтындығын көрсетеді.

«Мұндай ұлтымыз үшін тағдыршешті мәселеде науқаншылдыққа және жеңілтектікке жол беруге болмайды», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осы орайда, МСМ келесі шараларды қолға алуды ұсынады:

- Жаңадан дайындалып жатқан латын әліпбиін ғалымдармен жан-жақты сараптау және қоғамның пікірін ескеру;
- БҒМ бірлесіп жаңа әліпбиді қолданысқа енгізу бойынша барлық аспектілерді ескере отырып, сапалы әрі жан-жақты сарапталған әдістемелік құралдарды әзірлеу;
- Қазақ тілінің жаңа латын әліпбиіне көшу бойынша ақпараттық-насихат және түсіндіру жұмысына арнайы медиа-жоспар дайындау;
- Өңірлердің тіл орталықтарының мамандарына біліктіліктерін арттыру курстарын ұйымдастыру;

Жоғарыда аталған ұсыныстар орындалғаннан және дайындық жұмыстар жан-жақты пысықталғаннан кейін ғана жаңа әліпбиді қолданысқа енгізу қажет.

3. Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобасы

биыл соңғы 23 оқулықты аударып басып шығарғаннан кейін өз мәресіне жетеді. 4 жылдың ішінде БҒМ ауқымды және сапалы жұмыс атқарды. Осы қысқа мерзімнің ішінде әлемнің жетекші ЖОО-мен, ғылыми орталықтармен және баспа үйлермен ынтымақтастық орнатылды. Ғалымдар тартылып, 100 шетелдік оқулық таңдалды. Әр оқулықты аударуға жоғары білікті аудармашы-мамандардан тартылып, топтар құрылды, аударылған оқулықтар ЖОО-ның білім беру процесіне енгізілді.

Бірақ, арнайы жоба аяқталғанымен бүгінгі күнге дейін өз өзектілігін жоғалтқан жоқ. Оған дәлел, кейбір өңірлерде бастамашыл топтар (*Нұр-Сұлтан қаласында «Мазмұндама» қоғамдық қоры және Қарағанды облысында «Нәтиже» сүт фабрикасы*) өз қаражаттарына немесе демеушілерді тартып әлемнің әйгілі классиктерінің бестселлер кітаптарын аударуда.

Сонымен қатар, әлеуметтік зерттеудің қорытындылары бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» арнайы жобасымен қаншалықты таныссыз?» сұрағына, респондентердің 64,2%-ы жоба туралы естігендігін және білетіндігін айтқан.

Осының бәрі, халықтың қызығушылығы басылмағандығын білдіреді. Сол себептен, БҒМ келесі шараларды қолға алуды ұсынады:

- Арнайы жобаның шеңберінде аударылатын оқу және ғылыми әдебиеттер мен оқулықтармен шектелмей, әлемдік әдебиеттің басқа да түрлерінің үздік әрі танымал шығармалары мен кітаптарын аудару жұмыстарын жалғастыру;

- Әлем әдебиетінің үздік шығармалары мен кітаптарын аударуды іріктеуде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 6 қағидасының талаптарына сай болуын ескеру;

- Өңірлерде бастамашыл топтардың кітап аудару жұмысына мемлекеттік қолдау көрсетуді қарастыру және басқа да өңірлерде осындай тәжірибелер бар екендігін зерделеу.

4. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасы тарихи-мәдени нысандарының қайта өркендеуіне жаңа серпін берді және инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік тудырды.

МСМ арнайы жоба аясында атқарып жатқан жұмыстардың арқасында жалпыұлттық маңызы бар киелі жерлердің тізімі жасақталып, Қазақстанның киелі жерлерінің интерактивті картасы іске қосылды. Көптеген тарихи маңыздылығы бар ескерткіштерде ғылыми-реставрациялау мен инфрақұрылымын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыстар жүйелі жолға қойылып, жыл сайын өз жалғасын табуда. Осы істердің нәтижесінде ішкі туризмді дамытуға қолайлы жағдай жасалды.

МСМ мәліметі бойынша киелі жерлерге барған туристтер саны жыл сайын артып келеді. Халық арасында өз елінің тарихын, мәдениетін, жалпы өзінің «ұлттық кодын» білуге ынтасы мен құлшынысы бар екенін білдіреді. Бұл қуантарлық жағдай. Себебі, киелі жерлерге барған ішкі турист өз елінің тарихы мен мәдениеті туралы мағұламат алып, ұлттық бірегейлігін нығайтады. Ал сыртқы турист Қазақстан туралы тарихи деректермен танысып, санасында жаңа көзқарас қалыптастырады.

Әлеуметтік зерттеудің қорытындылары бойынша «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» арнайы жобасымен қаншалықты таныссыз?» сұрағына, респондентердің 53%-ы жоба туралы естігендігін және білетіндігін, ал 47%-ы білмейтіндігін айтқан. Халықтың киелі жерлер туралы білмеуі өңірлерде ақпараттық-насихаттау жұмысының әлсіздігі, тіпті, кей жерлерде жоқтығын білдірген.

Осы орайда, МСМ келесі шараларды қолға алуды ұсынады:

- Өңірлермен бірлесе отырып, Қазақстанның киелі жерлері туралы ақпараттық-насихаттау жұмысының республикалық және өңірлік медиа-жоспарларын дайындау;

- Қазақстанның киелі жерлерінің интерактивті картасын халық арасында танымал Google, Яндекс және 2GIS интерактивті карталармен біріктіру жұмысын бастау;

- Киелі жерлерге туристтік турлар ұйымдастыратын туристтік компаниялардың жұмысын ынталандыру мәселесін қарастыру.



5. «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы ағымдығы жылы COVID-19 пандемиясының алдын алу мақсатында қабылданған карантиндік шараларына байланысты толыққанды жүзеге асырылған жоқ. МСМ-гі шетелдерде өткізуге жоспарланған шаралардың басым бөлігі тоқтатылып, кейінге қалдырды.

Бірақ жоба бойынша жұмыс тоқтап қалған жоқ. ҚР СІМ-нің шетелдегі елшіліктері мен дипломатиялық өкілдіктері Абай Құнанбайұлының 175-жылдығына және Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150-жылдығына арналған бірқатар іс-шаралар өткізді. Шаралар Абай мен Әл-Фарабидің даналығын көрсету және шетелдік азаматтарды жазған еңбектерінің құндылығымен таныстыру мақсатымен ұйымдастырылған.

Әлеуметтік зерттеудің қорытындылары бойынша «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасымен қаншалықты таныссыз?» сұрағына респондентердің 53,8%-ы білмейтіндігін айтқан. Бұл көрсеткіш жоба аясында ұйымдастырылатын шаралардың барлығы шетелде өтетінімен түсіндіруге болады. Сонымен қатар, 46,2%-ы жоба туралы хабардар.

Жобаның мақсаты Қазақстанның мәдени жетістіктерін әлемдік деңгейде ілгерлету болғандықтан, жүзеге асырылып жатқан шаралардың нәтижесі шетелдік азаматтардың санасында Қазақстан туралы жағымды көзқарас қалыптастыру болады. Сонымен бірге, өңірлік деңгейде арнайы жобаның аясында жүзеге асырылатын іс-шараларды жүйелендіру қажет. Өйткені, шетелдік гастрольдерін ұйымдастыру қомақты қаражатты талап етеді және олардың тиімділігін бағалау мүмкін емес.

Осы орайда, келесі шараларды қолға алу ұсынылады:

- СІМ Қазақстан жайлы білетіндігін анықтау мақсатында шетелдік азаматтар арасында әлеуметтік зерттеу жүргізу;
- МСМ заманауи қазақстандық мәдениетіміздің жетістіктерін өңірлерде де көрсету мәселесін қарастыру;
- Өңірлердің көркемөнерпаздар ұжымдарының шетелдік гастрольдерін МСМ келістіру және осы жұмысты үйлестіру.

6. «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасы жыл сайын республикалық деңгейде өтеді және Тәуелсіздік жылдарында табысқа жеткен, еліміздің әр өңірінде тұратын түрлі жастағы, сан алуан этнос өкілдерінің тарихы мен тәжірибесі туралы баяндайды. Алайда, ағымдағы жылы COVID-19 пандемиясының алдын алу мақсатында қабылданған карантиндік шараларға байланысты өткізбеу туралы шешім қабылданды.

Әлеуметтік зерттеудің қорытындылары бойынша «Қазақстанның 100 жаңа есімі» арнайы жобасымен қаншалықты таныссыз?» сұрағына респондентердің 69,1%-ы жоба туралы естігендігін және білетіндігін айтқан. Бұл көрсеткіш жобаның халық арасында ең танымды және беделді жобалардың бірі екенін дәлелдейді.

Жобаның шарттары бойынша үміткерлер өңірлік деңгейде іріктелмей тікелей республикалық деңгейге өз өтініштерін жолдайды. Сол себептен, жыл

сайын өтініштердің саны өскенімен сапасы түсіп лайықты үміткерлерді таңдауға қиындық туады. Сонымен қатар, Елбасы өз бағдарламалық мақаласында жобаның өңірлік нұсқасын жасау қажеттілігі туралы атап өткен.

Осы орайда, АҚДМ келесі шараларды қолға алуды ұсынылады:

- Жобаны екі кезеңге бөліп (облыстық және республикалық) ережесіне өзгерістер енгізу;
- Өңірлерге жобаны жүзеге асыру бойынша әдістемелік көмек көсету.

7. «Ауыл - ел бесігі» арнайы жобасы Өңірлерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасымен біріктірілгендіктен жаңа серпін алып, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға және ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған жұмыстардың қарқыны артып келеді. Мемлекеттік бағдарлама жобаның міндеттерін қажетті қаражатпен қамтамасыз етіп кезең-кезеңмен орындау арқылы өз мақсатына жетуге мүмкіндік береді. Бұл шаралар елдімекендер тұрғындарының әл-ауқаты өсуіне ықпал етеді.

Жоба бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы ақпараттар жүйелі түрде БАҚ-да жарияланып тұрғандықтан жобаның танымдығы халық арасында артып келеді. Оған дәлел әлеуметтік зерттеудің қорытындылары. «Ауыл - ел бесігі» арнайы жобасымен қаншалықты таныссыз?» сұрағына респондентердің 57,6 %-ы жоба туралы естігенін және білетіндігін айтқан.

Алайда, кей өңірлерде жоба аясына салынған немесе жөнделіп жатқан әлеуметтік нысандардың, жолдардың және тұрғын үйлердің сапасының төмендігі, халық арасында жобаға деген сенімнің жоғалуына апарады.

Осы орайда, ҰЭМ және АШМ келесі шараларды қолға алу ұсынылады:

- Ауылдық аумақтарды дамытуға бағытталған жұмыстардың сапасын тексеру және қадағалау.

8. «Архив-2025» арнайы жобасын іске асыру жөніндегі кешенді іс-шаралар жоспары қабылданды. Жоспарға сәйкес, мұрағат саласын жаңғырту шаралары жоспарланған. Алайда, қаржыландыру мәселесі әлі күнге дейін шешілмеген.

Одан бөлек, шетелдік мұрағаттарда, музейлерде, кітапханаларда және ғылыми орталықтарда сақталатын Қазақстан тарихы туралы дереккөздерді іздестіру-зерттеу және ғылыми айналымға енгізу жұмыстары қарастырылған. Бірақ ағымдағы жылы COVID-19 пандемиясының алдын алу мақсатында қабылданған карантиндік шараларға байланысты шетелге шығу жұмыстары тоқтатылды.

Әлеуметтік зерттеудің қорытындылары бойынша «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» арнайы жобасымен қаншалықты таныссыз?» деген сұраққа респондентердің 59,8%-ы білмейтіндігін айтқан. Бұл көрсеткіш жобаның өзіндік ерекшелігімен түсіндіруге болады.

Осы орайда, МСМ және БҒМ келесі шараларды қолға алу ұсынылады:

- Шетелдік мұрағаттарда Қазақстан тарихы туралы дереккөздерді іздестіру-зерттеу жұмыстарына мемлекеттік тапсырыс арқылы сол елдің ғалымдарын, тарихшыларын және мәдениеттанушыларын тарту;
- Бүгінгі күнге дейін іздестіру-зерттеу жұмыстары бойынша жасалған



қорытындалардың негізінде әдістемелік құралдар жасақтап, өңірлерге насихаттау үшін жолдау;

- Шетелдік мұрағаттардан әкелінген материалдардың бірыңғай дерекқорын жасау;
- Өңірлік мұрағаттар қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру курстарын ұйымдастыру;
- Жоба бойынша өңірлерде жүргізілетін жұмысты дайындалған әдістемелік құралдар негізінде жүзеге асыру.

9. «Ұлы даланың ұлы есімдері» арнайы жобасы бойынша БҒМ ғылыми зерттеулердің негізінде 100-ден аса тарихи тұлғалардың тізімін жасақтап, оқу-білім беру энциклопедия-паркінің тұжырымдамасын дайындады.

Өңірлер үшін жобаны іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындалған, бірақ өңірлерге қолдану үшін жолданбаған. Сол себептен, өңірлер жобаның аясында өткізілетін шаралардың басым бөлігін жергілікті тұлғаларлардың құрметіне ұйымдастырады.

Әлеуметтік зерттеудің қорытындылары бойынша «Ұлы даланың ұлы есімдері» арнайы жобасымен қаншалықты таныссыз?» сұрағына респондентердің 51,9%-ы жоба туралы естігенін және білетіндігін, ал 48,1%-ы білмейтіндігін айтқан. Халықтың ұлы есімдер туралы білмеуі ақпараттық-насихаттау жұмысының әлсіздігін көрсетіп отыр.

Сонымен қатар, Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында атап өткен 2 міндет бүгінгі күнге дейін орындалмаған. Бұл міндеттерді орындауға МСМ тарту қажет. Олар:

- классикалық қалыптан тыс, баламалы жастар өнерінің креативті әлеуетін пайдалана отырып қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды;

- еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстары.

Осы орайда, келесі шараларды қолға алу ұсынылады:

- БҒМ дайындаған әдістемелік ұсынымдарды өңірлерге тарату және қажетті деректермен қамтамасыз ету;
- МСМ орындалмаған міндеттерді пысықтап жүзеге асыру бойынша кешенді іс-шаралар жоспарларын дайындау;
- Өңірлермен бірлесе отырып жоба бойынша ақпараттық-насихаттау жұмысының республикалық және өңірлік медиа-жоспарларын дайындау;
- БҒМ, МСМ бірігіп «Рухани жаңғыру» ҚҚДИ КеАҚ көмегімен ӨЖО қызметкерлеріне жобаның мақсаты мен міндеттерін түсіндіру бойынша оқыту семинарын ұйымдастыру;
- Жоба бойынша өңірлерде жүргізілетін жұмысты дайындалған әдістемелік құралдар негізінде жүзеге асыру.

10. «Түркі әлемінің генезисі» арнайы жобасы аясында жоспарланған Түркологтардың дүниежүзілік конгресі мен Түркі халықтарының мәдени күндерін COVID-19 пандемиясының алдын алу мақсатында қабылданған карантиндік шараларына байланысты белгісіз мерзімге шегерілді. Сонымен қатар, Википедияның үлгісінде Түркі халықтарына ортақ туындылардың бірыңғай онлайн кітапханасын ашу шарасы жоспарланған. Бірақ бұл жұмыс бүгінгі күні белгісіз себептермен тоқтап тұр.

Әлеуметтік зерттеудің қорытындылары бойынша «Түркі әлемінің генезисі» арнайы жобасымен қаншалықты таныссыз?» сұрағына респонденттердің 59,5%-ы білмейтіндігін айтқан. Бұл көрсеткішті жобаның өзіндік ерекшелігімен түсіндіруге болады.

Жоба бойынша жүзеге асырылатын Түркі өркениетін жан-жақты зерттеу жұмыстары түркі тілдес елдердің көмегін және біріккен жалпыелдік сараптаманы талап етеді. Сол себептен, бұл жұмысты халықаралық дәрежеде жүзеге асыру үшін СИМ тарту қажет.

Осы орайда, МСМ келесі шараларды қолға алу ұсынылады:

- СИМ бірігіп жобаны жүзеге асыру бойынша өзара міндеттерді анықтап кешенді жоспарды дайындау;
- СИМ бірігіп Түркі өркениетінің мәдениетін насихаттау мақсатымен түркі тілдес елдермен бірлесіп халықаралық іс-шаралар жоспарын дайындау;
- Википедияның үлгісінде Түркі халықтарына ортақ туындылардың бірыңғай онлайн кітапханасын ашу мәселесін қайта қарастыру;
- Өңірлерге жоба бойынша жұмысты жүргізу үшін арнайы әдістемелік құралдарды дайындау;
- Жоба бойынша өңірлерде жүргізілетін жұмысты дайындалған әдістемелік құралдар негізінде жүзеге асыру.

11. «Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі» арнайы жобасы ҚР Ұлттық музейі базасында тақырыптық залдың ашылуымен өз нәтижесіне жетті және шешім қабылдау үшін Елбасының қарауына енгізіледі.

12. «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» арнайы жобасы бойынша МСМ және БҒМ бірлескен жоспар дайындалып, қарқынды жұмыс атқарылуда. Ұлы Даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алды.

Жоба бойынша негізгі міндет Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерін жинақтау, сақтау және насихаттау. Бұл жұмыс тиянақтылық пен мұқияттылықты талап етеді. Сол себептен, фольклорлық дәстүрдің ортақ тарихи негіздерін іздеу үшін Қазақстанның түрлі өңірлеріне іздеу-зерттеу экспедициялары ұйымдастырылды.

Әлеуметтік зерттеудің қорытындылары бойынша «Ұлы даланың ұлы есімдері» арнайы жобасымен қаншалықты таныссыз?» сұрағына респонденттердің 62,2%-ы білмейтіндігін айтқан. Бұл көрсеткіш ақпараттық-насихаттау жұмысының әлсіздігін көрсетеді.



Осы орайда, келесі шараларды қолға алу ұсынылады:

- Өңірлермен бірлесе отырып жоба бойынша ақпараттық-насихаттау жұмысының республикалық және өңірлік медиа-жоспарларын дайындау;
- Өңірлерге жоба бойынша жұмысты жүргізу үшін арнайы әдістемелік құралдарды дайындау;
- Жоба бойынша өңірлерде жүргізілетін жұмысты дайындалған әдістемелік құралдар негізінде жүзеге асыру.

13. «Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі» арнайы жобасы аясында Қазақстанның өркениет тарихының үздіксіз дамуын көрсететін деректі-қойылымдық фильмдердің, телевизиялық сериалдар мен толықметражды көркем картиналардың арнайы циклдары мемлекеттік тапсырыс негізінде өндіріске енгізіліп, жыл сайын көрерменге ұсынылуда. Өндірілген кинолар халықтан қолдау тауып көңілдерінен шығады және жаңа туындыларды асыға күтеді.

Өңірлерде жоба бойынша жұмыс жүргізу үшін сол өңірдің киноиндустрия саласының дамуымен тікелей байланысты. Қазіргі таңда, бұл саланың өсу қарқыны тек республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында байқалады. Осы қалаларда киноиндустрия саласы коммерциялануда. Жеке киностудиялар ашылып, көрермендерге өз туындыларын ұсынуда. Жоба аясында осы компаниялардың әлеуетін пайдалану қажет.

Әлеуметтік зерттеудің қорытындылары бойынша «Түркі әлемінің генезисі» арнайы жобасымен қаншалықты таныссыз?» деген сұраққа респондентердің 57,9%-ы білмейтіндігін айтқан. Оған, мемлекеттік тапсырыспен өндірілетін кинолар санының аздығы мен олардың отандық телеарналарда шектеулі түрде көрсетілім себеп болып тұр.

Осы орайда, МСМ келесі шараларды қолға алу ұсынылады:

- Жобаның жұмысына жеке киностудияларды тарту үшін мемлекеттік ынталандыру шараларын қарастыру;
- Жобаны тек республикалық маңызы бар қалаларда жүзеге асыру;
- Жоба бойынша мемлекеттік тапсырыс негізінде өндірілген киноларды танымал видеохостингтерге орналастыру;
- АҚДМ отандық телеарналарда мемлекеттік тапсырыс негізінде өндірілген кинолардың ротациясын көбейту.

II ТАРАУ.

ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ 2020 ЖЫЛДЫҢ 10 АЙЫНДА
«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУЫ**2.1. НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен
ӨЖО жұмысына талдау.**

2019 жылдың 3 маусымда «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылған. Штаттық саны – 15 адам.

2018 жылы 3 қаңтарда құрамы 20 сарапшыдан тұратын өңірлік сараптамалық кеңес құрылды. ӨСК консультативті-кеңесші орган болып саналады.

Арнайы жобаларды іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жобалар бойынша 149 шара өткізді. Бұл шараларға 428 698 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 3 584,5 млн. теңге тартылды.

2 Кесте

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	20	11 865
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	2	70
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	6	5 454
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	4	170
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	59	201 414
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	9	155 769
7	«Ауыл - ел бесігі»	Жүзеге асырылмайды	
8	«Архив-2025»	1	842
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	24	6 517
10	«Түркі әлемінің генезисі»	6	3 149
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	8	30 650
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	9	8 924
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	1	3 874
Барлығы		149	428 698

Бекітілген республикалық жоспарға сай Нұр-Сұлтан қаласының 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспары дайындалып, бекітілген. Жоспарға сәйкес, 52 шара ұйымдастырылады. «Тұлғаны дамыту» бағыты бойынша 19 шара, «Ұлттың дамуы» бағыты бойынша 16 шара және «Мемлекеттің, азаматтық қоғамның, жергілікті қоғамдастықтардың дамуы» бағыты бойынша 17 шара жоспарланған.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 25 басқармасы және 17 мәдениет ошақпен жұмыстар жасалуда.



Бағдарламаны ақпараттық сүйемелдеу бағыты бойынша арнайы медиажоспар дайындалды. Медиажоспарға сәйкес, арнайы жобалар мен мемлекеттік мерекелер негізінде іс-шаралар мен байқаулар жоспарланған.

ӨЖО Instagram, Facebook, Telegram және VK әлеуметтік желілерде ресми парақшалар ашылған. Әлеуметтік желілерде таргет-жарнамалар тұрақты түрде жүргізіледі. Оқырмандары көп, танымал блогерлер мен тұлғалар да бұл іске тартылуда.

Халықпен «Кері байланыс» орнату мақсатында ӨЖО 2017-2019 жылдары аралығында атқарылған іс-шаралар мен жұмыстар туралы баспасөз мәслихаты өткізілді. Баспасөз барысында 2020 жылға бекітілген жұмыс жоспары талқыланды.

Азаматтардың өтініштерін қабылдау және сұрақтарына жауап беру мақсатында әлеуметтік желілер мен мобильді қосымшалар арқылы 39 тікелей эфир ұйымдастырылды.

ӨЖО әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өткізілген шараларға қатысушылардың пікірлерін білу үшін тұрақты түрде сауалнама жүргізілуде.

ӨЖО құптарлық істерінің бірі – кеңсе базасында «Рухани жаңғыру» оқу орталығының құрылуы. Ол жерде зиялы қауым және қоғам қайраткерлері Бағдарламаның үш бағыты мен алты негізгі қағидаты бойынша ақысыз негізде дәрістер оқиды. Осы тәжірибені барлық өңірлерге енгізу қажет.

2.2. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі коммуналдық мемлекеттік мекемесі, 2020 жылдың 4 тамыз күні құрылды, штат саны 22 бірлік.

ӨСК жұмысы тұрақты жолға қойылған. Сараптамалық кеңестің құрамына 24 адам кіреді. Олар: ғылыми және шығармашылық зиялы қауым, саяси партиялар, ҰЕҰ өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері мен Алматы қаласы мәслихатының депутаттары.

ӨЖО жоспарланған іс-шаралары Бағдарламаның мақсаттары мен қағидаларына сәйкестігін қарап, әр жоба бойынша арнайы паспорт дайындалып, кейін қорытынды алу үшін Сараптамалық кеңестің мүшелеріне жіберіледі.

Арнайы жобаларды іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жобалар бойынша 141 шара өткізді. Шараларға 25 528 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 5 811,8 млн. теңге тартылды. (3-кесте)

3 Кесте

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	52	9 848
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	3	30

3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	4	110
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	3	95
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	5	3 570
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	2	200
7	«Ауыл - ел бесігі»	Жүзеге асырылмайды	
8	«Архив-2025»	1	20
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	54	10 585
10	«Түркі әлемінің генезисі»	4	250
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	0	0
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	11	620
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	2	200
Барлығы		141	25 528

2020 жылға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Пандемиялық жағдайға байланысты жоспарға өзгерістер енгізіліп, көпшілік іс-шаралар онлайн-форматқа көшірілді.

ӨЖО «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға қатысатын әкімдіктің барлық құрылымдық бөлімшелері, қаланың ұйымдары мен мекемелерімен өзара қарым-қатынас орнатқан. Қалада өткізілетін мәдени-көпшілік, спорттық және басқа да іс-шараларды сарапшылық қоғамдастықпен, ғылыми орта мен ЖОО-мен, БАҚ өкілдерімен бірлесіп жұмыс істейді. Ағымдағы жылы карантиндік шараларға байланысты онлайн-форматтағы жұмысқа ерекше көңіл бөлінеді.

Атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпараттар БАҚ арқылы кеңінен жариялануда. Барлық талдамалық мақалалар, сұхбаттар, пікірлер жоғары оқу орындары сарапшыларының, ғылыми зиялы қауымның, саясаттанушылардың, әлеуметтанушылардың, қоғам қайраткерлерінің, азаматтық қоғам мен мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен дайындалуда.

Қалалық БАҚ-та есепті кезеңде көптеген ақпарат жарияланды. Олар:

«Алматы» телеарнасының эфирінде 1 мыңға жуық (екі тілде), ал баспа басылымдарында – 199 материал шықты.

Сондай-ақ, «Алматы ақшамы» және «Вечерний Алматы» газеттерінде «Рухани жаңғыру» арнайы айдары ашылды. Ruh.kz, Instagram, Facebook, Egemen Qazaqstan интернет-ресурстарында 385 материал жарияланды.

«Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда», «Айқын», «Литер», «Түркістан», «Жас Алаш», «Ана тілі» және «Қазақстан дәуірі» республикалық газеттерінде 150-ден астам мақала жарияланды.

«Алматы» телеарнасында «Інжу маржан», «Алматы тарихы», «Алматы кеші», «Сәуле-ғұмыр», «Сыр-перне» циклдық бағдарламалары, «Ұлы даланың жеті қыры» тележурналдары, бағдарламааралық роликтер іске асырылуда. Барлығы 146 көрсетілім шығарылды.



2.3. ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

2019 жылдың 1 сәуірінде «Шымкент ақпарат орталығы» ЖШС жанынан «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бөлімі құрылды. Штат саны 9 бірлік.

Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ӨСК 2019 жылы мамыр айында құрылған. Кеңес құрамында қаланың жоғары оқу орындарының, БАҚ-ның, шығармашылық және зиялы қауымның және мемлекеттік органдарының өкілдерінен тұратын 9 мүше бар.

Арнайы жобаларды іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жобалар бойынша 851 шара өткізді. Шараларға 623 272 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 2 492,9 млн. теңге тартылды. (4-кесте).

4 Кесте

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	309	51 495
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	12	7 740
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	35	10 370
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	53	32 286
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	98	31 040
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	28	18 900
7	«Ауыл - ел бесігі»	Жүзеге асырылмайды	
8	«Архив-2025»	15	6 875
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	166	145 162
10	«Түркі әлемінің генезисі»	19	23 640
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	28	38 100
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	43	25 494
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	45	232 170
Барлығы		851	623 272

Бағдарламаны іске асыру бойынша қалалық және 4 аудандық іс-шара жоспары мен медиа-жоспарлар дайындалып бекітілген.

ӨЖО мемлекеттік мекемелермен, үкіметтік емес ұйымдармен, өңірлік, республикалық БАҚ өкілдерімен, ақпараттық порталдардың тілшілерімен тығыз байланыста жұмыс істейді. 2020 жыл басынан бері бірлесіп офлайн-режимде 62 іс-шара, онлайн-режимде 171 іс-шара ұйымдастырылды.

Ақпараттық сүйемелдеу бағыты бойынша 2020 жылға арналған іс-шаралар медиа-жоспары бекітілген. Жоспар 44 тармақтан тұрып, негізгі үш бағытты қамтиды. Бір тармақтың өзінде тақырыптық бірнеше іс-шаралар өтеді. Бүгінгі

таңда оның 29-ы орындалып, офлайн және онлайн форматта жергілікті, республикалық БАҚ-та, ақпараттық порталдар мен әлеуметтік желілерде жарияланды.

ӨЖО жергілікті тұрғындармен, қоғам белсенділерімен, қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Олардың ұсыныс-тілектері назарға алынып, жобаларды іске асыруда пайдалануда.

Жергілікті БАҚ-та жарияланған мақалалардың авторларымен онлайн-сұхбаттар ұйымдастырылып, халықпен талқылануда.

2.4. АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

2019 жылы 29 желтоқсанда Ақмола облысы «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық кеңсесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылған. Штат саны 18 бірлік.

2017 жылдан бері ӨСК өз жұмысын жүргізуде. Бүгінгі таңда кеңес құрамында 24 сарапшы бар.

2020 жылы Ақмола облысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ӨСК 1 отырыс өтті. Отырыста көтерілген барлық 5 мәселе бойынша оң шешім шығарылды және орындау бойынша тиісті мекемелерге тапсырмалар жүктелді.

Арнайы жобаларды іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жобалар бойынша 3 435 шара өткізді. Шараларға 764 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 5 543,7 млн. теңге тартылды. (5-кесте).

5 Кесте

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	451	114 399
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	150	16 932
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	78	10 504
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	163	59 010
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	295	133 757
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	93	28 048
7	«Ауыл - ел бесігі»	114	38 302
8	«Архив-2025»	61	11 496
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	1 497	239 110
10	«Түркі әлемінің генезисі»	158	25 496
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	102	17 650
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	185	54 365
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	88	15 647
Барлығы		3 435	764 716



Бағдарламаны іске асыру бойынша облыстық, аудандық іс-шара жоспары мен медиа-жоспарлар дайындалып бекітілген.

ӨЖО облыс көлемінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға қатысатын барлық ұйымдармен тығыз қарым-қатынас орнатып, 22 мекемемен 56 шара ұйымдастырды. Ақмола облысы «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық кеңсесі ұйымдастырған іс-шаралардың 72%-ы өзге ұйымдардың қатысуымен жүзеге асырылды.

Жылдың басынан бері БАҚ-та 1800-ден астам материал жарияланды *(әлеуметтік желілердегі 1371 хабарлама, баспа және электрондық БАҚ-та 500-ден астам материал)*.

Карантиндік шараларға байланысты әлеуметтік желілердің жұмысына ерекше көңіл бөлінді. Instagram және Facebook әлеуметтік платформаларында ӨЖК-нің ресми парақшасы жұмыс істейді.

«Ruh.kz», «madeniportal.kz», «adebiportal.kz», «qalamger.kz» интернет-ресурстарымен жұмыстар жолға қойылып, тұрақты түрде тақырыптық материалдар, сондай-ақ сарапшылардың сұхбаттары мен түсініктемелері жариялануда.

Халықпен «Кері байланыс» алу нәтижесінде 5 жоба іріктеліп қабылданды және облыстық жоспарға енгізілді. Қазіргі таңда бұл жобалар жоспарға сәйкес кезең-кезеңмен жүзеге асырылуда. Бұл құптарлық тәжірибені келер жылы да жүзеге асыру жоспарлануда және басқа өңірлерге тарату қажет.

2.5. АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

2019 жылы 2 сәуірде «Ақтөбе облысының «Рухани жаңғыру» бағдарламасын басқару орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. Мекеменің штат саны 12 бірлік.

ӨСК 2017 жылдың қыркүйек айынан бастап жұмыс істеп келеді. 2020 жылы ӨСК құрамына өзгерістер енгізіліп, кеңес төрағалығына әкімнің тиісті орынбасары тағайындалды. Комиссия құрамында 15 мүшесі бар, оның ішінде зиялы қауым өкілдері, профессор-ғалымдар, қоғам қайраткерлері мен белсенді жастар жұмыс істеп келеді.

2020 жылы ӨСК жоспарына сәйкес, 7 кеңейтілген отырыс жоспарланған. Кеңестің 2-отырысында Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Алтын Орданың 750 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы мерейтойларына арналған іс-шаралар барысы туралы кеңінен сөз қозғалып, облыс көлемінде атап өтілетін мерейтойлардың дайындық жұмыстары пысықталды.

Арнайы жобаларды іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жобалар бойынша 2 045 шара өткізілді. Шараларға 178 837 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 1 180,1 млн. теңге тартылды.

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	1275	81 622
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	38	3 076
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	38	1 848
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	48	3 330
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	139	14 160
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	34	2 460
7	«Ауыл - ел бесігі»	77	14 547
8	«Архив-2025»	31	3 145
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	193	24 745
10	«Түркі әлемінің генезисі»	41	3 000
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	31	2 391
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	70	17 795
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	30	6 718
Барлығы		2 045	178 837

Өңірде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша ағымдағы жылға арналған 165 іс-шарадан тұратын облыстық жоспар бекітілген. Жоспарға «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға қатысатын барлық ұйымдардың іс-шаралары енген.

Есепті кезеңде БАҚ-та Бағдарламаның аясында атқарылған шаралар туралы 6603 ақпарат шықты. Оның ішінде, баспасөз және электронды басылымдарда – 1509 мәлімет, ресми сайттарда – 454 мақала, әлеуметтік желілерде – 4640 пост жарияланды.

Облыстық «Aqtóbe» телеарнасында жаңа форматта арнайы телебағдарламалар ашылды. «Замана» бағдарламасында қоғамдағы өзекті мәселелер көтерілсе, «Біздің тарих» бағдарламасында өлке тарихы, киелі жерлері мен тарихи ескерткіштері, «Ұлы тұлға» бағдарламасында өңірдің дамуына үлес қосқан, еңбегімен елге танымал болған тұлғалар туралы айтылады. «Елдің баласы» бағдарламасында туған жерден нәр алып, халқыма пайдамды тигізсем деген азаматтардың еңбек жолы дәріптелсе, «Отбасы берекесі» бағдарламасында көпбалалы, үлгілі отбасылардың өнегелі жолы туралы сыр шертіледі. «Жастар» бағдарламасында қазіргі жастардың мүмкіндіктері мен өмір сүру қалыптары, олардың болашаққа деген көзқарастары, «Кәсіп кілті» бағдарламасында кәсібін дөңгелетіп, еңбек пен табандылығының арқасында жетістікке жеткен кәсіпкер азаматтар туралы айтылады.

Халықпен «Кері байланыс» алу мақсатында ӨЖО 2019-2020 жылдар аралығында ақпараттық топтар халық арасында бағдарламалық мақала бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Облыс, қала, аудан аймағында 2625 кездесу өткізіліп, 249 595 адам қамтылды.



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының мазмұнымен Ақтөбе облысы тұрғындарының ақпараттандырылуы бойынша, мақаланы қабылдау деңгейі мен саяси мәдениетін анықтауда жыл сайын әлеуметтік зерттеулер жүргізіледі.

2.6. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

2019 жылдың 18 қаңтарында «Алматы облысы бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі құрылды. Штат саны 20 бірлік.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын тиімді жүзеге асыру мақсатында 2017 жылғы 12 мамырда 27 адамнан тұратын ӨСК құрылды. 2020 жылы ӨСК құрамына өзгерістер енгізіліп 21 сарапшы бекітілді. Жаңа құрамға ғылыми қызметкерлер, үкіметтік емес ұйым мүшелері, этномәдени бірлестіктер, жастар мен БАҚ өкілдері кірді.

Жыл басынан бері ӨСК 2 отырысы өтті. Жиналыстар офлайн және «ZOOM» бағдарламасы арқылы онлайн форматта өткізілді.

Арнайы жобаларын іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жобалар бойынша 1 321 шара өткізді. Шараларға 54 392 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 657,9 млн. теңге тартылды (7-кесте).

7 Кесте

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	354	29 938
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	130	3 250
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	34	972
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	71	1 486
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	16	540
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	55	1 317
7	«Ауыл - ел бесігі»	59	1 341
8	«Архив-2025»	33	644
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	274	7 277
10	«Түркі әлемінің генезисі»	37	1 262
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	69	1 550
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	132	3 546
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	57	1 269
Барлығы		1 321	54 392

ӨЖО бірқатар ұйымдармен бірлесе жұмыс атқаруда. Атап айтқанда, еріктілер тобының жетекшілері, кәсіпкерлер, қоғамдық пікір көшбасшылары және

облыстың зиялы қауым өкілдерімен бірлескен отырыстар өтуде.

Өңірде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ақпараттық сүйемелдеу бойынша сапалы жұмыстар жүргізілуде.

Жыл басынан бері облыстық, аудан, қалалық баспа басылымдарда 1563 мақала жарияланды.

Ақпараттар облыстық, аудандық, қалалық әкімдіктердің ресми сайттары мен әлеуметтік желі парақшаларында үнемі жаңартылып отырады, бүгінде жарияланымдар саны – 2718.

Облыстық «Жетісу» телеарнасында жыл басынан бері 300-ден астам бейнесюжет көрсетілді.

2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап ірі республикалық және облыстық интернет ресурстарда 1223 материал жарияланды.

Сондай-ақ, Ruh.kz сайтында үнемі ақпараттық жұмыс жүргізіледі. Жыл басынан бері материалдар екі тілде фотосуреттермен жарияланып келеді.

Алматы облысы бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің Facebook, Instagram, ВКонтакте әлеуметтік желілері парақшалары мен Youtube каналы белсенді түрде жүргізілуде. Сонымен қатар, Ruh.kz ресми сайтына сілтемесі орналастырылған жобалық кеңсесінің Ruhani.kz ресми сайты бар.

ӨЖО қызметкерлері облыстың аудандары мен қалаларында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға жауапты қызметкерлерге жетекшілік етеді.

Өңірдің аудан және қала әкімдіктері Бағдарламаны іске асыруға бағытталған іс-шаралар жоспарлары ӨСК қарауына ұсынылады және кеңестің шешіміне сәйкес өзгерістер енгізіліп бекітіледі.

ӨЖО өңір тұрғындарымен бірлесе отырып, бірқатар әлеуметтік жобалар іске асыруда. Олар: жас суретшісі Еркеғали Иманғали «Zhetysu ART» жобасы, Тимур Алабаевтың жастар арасында киберспорт бойынша бірінші онлайн турнирі, Арай Әлімжанованың «Жетісудың үздік келіндері» онлайн-байқауы, Мирас Ертановтың «Open Air Namys» шеберлік-сабағы мен Дәурен Валиевтің «Бабалар демеуі» садақ ату этнографиялық байқауы.

2.7. АТЫРАУ ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

2019 жылы 19 маусымда «Атырау облыстық Ішкі саясат басқармасының Азаматтық орталығы» КММ жанынан «Рухани жаңғыру бөлімі» құрылған. Бөлім құрамында 6 адам бар.

2020 жылы 30 сәуірде Атырау облысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі ӨСК құрылған. Штат саны 14 бірлік. Өңірлік сараптамалық кеңестің төрағасы – Атырау облысы әкімінің орынбасары. ӨСК 2020 жылға бекітілген жоспарға сәйкес жұмыс атқаруда.

Арнайы жобаларды іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жоба бойынша 378 шара өткізді. Шараларға 35 694 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 14 028,2 млн. теңге тартылды (8-кесте).



№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	55	6 608
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	4	102
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	15	751
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	18	860
5	«Жанандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	3	96
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	14	510
7	«Ауыл - ел бесігі»	12	568
8	«Архив-2025»	4	285
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	130	20 510
10	«Түркі әлемінің генезисі»	11	597
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	38	1 609
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	72	3 084
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	2	114
Барлығы		378	35 694

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру мақсатында 12 үкіметтік емес ұйым, 15 мекеме, 280 ғылыми-ағартушылық ұйым, (ЖОО, колледж, мектептер мен балабақшалар), 10 этномәдени бірлестік шараларға белсене атсалысып, ӨЖО тығыз байланыста қызмет атқарады.

ӨЖО 2020 жылға бекітілген медиа-жоспар негізінде жұмыс атқаруда. Кеңсе Facebook, Instagram әлеуметтік парақшалары арқылы өңір тұрғындарын ақпараттандыруда.

«Рухани жаңғыру» тақырыбын ақпараттандыру мақсатында өңірлік БАҚ құрамы жасақталды. Оған облыстық және республикалық БАҚ тілшілерінен барлығы – 19 журналист енгізілді.

Баспа және электрондық БАҚ-та 35 арнайы айдар ашылды. Өңірлік спикерлер пулына 131 спикер енгізілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын ілгерілету бағытында республикалық және жергілікті БАҚ беттерінде 2000-ға жуық материал жарық көрсе, республикалық және жергілікті телеарналарда 300-ге жуық бағдарлама мен бейнесюжеттер жарияланды.

Облыстың 7 ауданында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға жауапты мамандар бекітілген. Әр ауданның 2020 жылға бекітілген іс-шаралар жоспарлары мен медиа-жоспарына сай жұмыс атқаруда.

«Рухани жаңғыру» бөлімі ҮЕҰ өкілдерімен тығыз байланыста және азаматтардың өтініші мен пікірлерін ескере отырып жұмыс істеуде. Әлеуметтік желі арқылы тұрғындар көкейде жүрген сауалдарына жауап алуда.

2.8. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

2019 жылы 13 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Ішкі саясат басқармасының «Рухани жаңғыру» өңірлік орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. Штат саны 21 бірлік.

Өңірлік сараптамалық кеңесі – қоғамдық сананы жаңғыртудағы мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың барлық қатысушыларына арналған маңызды алаң.

2020 жылы Сараптамалық кеңестің құрамы жаңартылып, 33 адамға дейін көбейтілді. Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары – Өңірлік сараптамалық кеңестің төрағасы.

Сараптамалық кеңестің сапалық құрамы мынадай: ғылыми, шығармашылық интеллигенция мен ЖОО өкілдері – 24 адам, партиялар мен ҰЕҰ – 2 адам, БАҚ – 2 адам, мемлекеттік қызметкерлер – 5 адам.

Өңірлік сараптамалық кеңестің бекітілген жоспарына сәйкес, отырыстар әр тоқсан сайын өткізіледі. 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында 2 отырыс өткізіліп, онда 10 мәселе қаралды. Олардың үшеуі – оң шешім, біреуі – күн тәртібінен алынып тасталса, 1 мәселе пысықтауды талап етті.

Арнайы жобаларын іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жоба бойынша 2 726 шара өткізді. Шараларға 776 166 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 422,6 млн. теңге тартылды (9-кесте).

9 Кесте

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	1 454	456 489
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	66	11 354
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	16	1 838
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	191	63 064
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	131	51 290
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	27	5 395
7	«Ауыл – ел бесігі»	51	24 317
8	«Архив-2025»	21	4 768
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	551	96 934
10	«Түркі әлемінің генезисі»	53	8 462
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	44	5 899
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	106	45 505
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	15	851
	Барлығы	2 726	776 166



ӨЖО мемлекеттік мекемелермен, өңірлік жоғары оқу орындармен, қалалық және аудандық әкімдіктер және ҮЕҮ-мен өзара қарым-қатынас орнатып тығыз жұмыс жасайды. Осы мекемелерден 118 қызметкер бекітіліп, қоғамдық сананы жаңғырту бойынша жұмыс жүргізеді.

Бұқаралық ақпарат құралдарында, танымал әлеуметтік желілер мен интернет платформаларында күн сайын ақпараттық сипаттағы материалдар жарияланып, апта сайынғы контент өткізіледі.

Есепті кезеңде БАҚ-та бағдарламаны іске асыру және «Рухани жаңғыру» іс-шаралары бойынша 2915 мақала жарияланды. Оның ішінде республикалық БАҚ-та – 340, облыстық БАҚ-та – 1405, аудандық БАҚ-та – 1170.

Facebook әлеуметтік желісінің «Рухани жаңғыру Шығыс Қазақстан» парақшасында 7428 ақпарат жарияланды. Жазылушылар саны – 4600.

ӨЖО әлеуметтік желілерде жарияланған ақпараттардың басым бөлігін танымдық бағытта шығарады және де осы тақырыптарға қатысты сұрақтар мен ұсыныстарға жауап беру жұмысы жүйелі түрде жолға қойылып, халықпен «кері байланыс» орнатылған.

2.9. ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

2019 жылы 19 ақпанда «Жамбыл облысының «Рухани жаңғыру» жобалық офисі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылған. Мекемеде штат саны 10 бірлік.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының іске асырылып жатқан жобалардың сапасын жақсартуда сараптамалық және талдамалық қолдау мен көмек ӨСК арқылы жүзеге асырылады. ӨСК 2017 жылдан бастап жұмыс істеуде. 2020 жылы ӨСК құрамына өзгерістер енгізілді. Кеңестің құрамы 14 мүшеден тұрады. Төрағасы Жамбыл облысы әкімінің орынбасары.

Арнайы жобаларды іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жоба бойынша 3 616 шара өткізді. Шараларға 1 211 177 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 1 027,7 млн. теңге тартылды (10-кесте).

10 Кесте

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	1 558	511 404
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	207	9 668
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	106	15 341
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	151	27 652
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	53	22 487
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	35	12 523
7	«Ауыл - ел бесігі»	50	14 481
8	«Архив-2025»	61	16 181

9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	958	456 094
10	«Түркі әлемінің генезисі»	85	16 604
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	119	28 247
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	189	64 180
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	44	16 315
	БАРЛЫҒЫ	3 616	1 211 177

ӨЖО «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша облыстық іс-шаралар жоспарына сәйкес өңірлік басқарма, аудан және ЖОО-мен бірлесіп ҰЕҰ-ның қатысуымен бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Бекітілген өңірлік медиа-жоспарға сәйкес әлеуметтік желілерде арнайы «Рухани жаңғыру» парақшалары ашылып, жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Интернет ресурстарында 8 109 ақпарат жарияланды. ӨЖО заман талабына сай ақпараттық технологиялардың жаңа тәсілдерінде коллаж бен әлеуметтік жарнамаларды ұдайы пайдалануда.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын өңір тұрғындарының қолдап-қолдамайтындығын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Қорытындыланған деректерге сәйкес, қолдаушылардың үлесі 69,2%-ды құраса, 18,6%-ы қолдамаған, ал 12,2%-ы жауап беруге қиналған.

Бағдарламаның іске асырылуы мен қанағаттанушылығын бағалау және қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы әлеуметтік зерттеулер жүргізілді.

Зерттеудің нәтижесінде, білім беру мекемелері арқылы арнайы жобалардың маңыздылығын түсіндіру мен насихаттауды күшейту, сондай-ақ «Рухани жаңғыру» кеңселерінде іске асыру құралдарын жан-жақты жетілдіру бойынша жұмыс атқару қажеттілігі анықталды.

2.10. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуына және ӨЖО жұмысына талдау.

2018 жылы БҚО әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ жанынан «Рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру бөлімі» құрылды, оның құрамында 4 адам бар.

Бүгінгі таңда жобалық кеңсенің қызметіне 4 қызметкер тағайындалды. БҚО әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ жанындағы бөлімде – 3 қызметкер, Батыс Қазақстан облысының Өңірлік коммуникация қызметінде - 1 қызметкер. Кеңсе басшысы БҚО әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары қызметін атқарады.

Арнайы жобаларды іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жоба бойынша 557 шара өткізді. Шараларға 118 994 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 513,0 млн. теңге тартылды (11-кесте).



№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	131	35 484
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	29	3 330
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	22	2 700
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	51	5 640
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	75	27 560
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	18	6 000
7	«Ауыл - ел бесігі»	28	5 330
8	«Архив-2025»	12	5 215
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	37	12 435
10	«Түркі әлемінің генезисі»	27	4 000
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	11	3 800
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	23	3 000
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	93	4 500
Барлығы		557	118 994

Өңірде қоғамдық сананы жаңғыртудың «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша 2020 жылға арналған облыстық және аудандық іс-шаралар жоспарлары әзірленіп, бекітілді. Бекітілген жоспар бойынша өңірдің барлық құрылымдық бөлімшелері өзара қарым-қатынас орнатып, іс-шараларды бірлесіп іске асыруда.

Әр түрлі мерзімділікпен ӨЖО ағымдағы өзекті мәселелер бойынша облыстық басқармалар және аудандық бөлімдермен онлайн режимде жұмыс кеңестерін өткізіп тұрады.

Қала және аудан әкімдіктерінің, өңірдің елді мекендері мекемелері мен ұйымдардың барлық интернет-ресурстарында «Рухани жаңғыру» айдарын контенттік ақпаратпен толтыру жұмысы жүзеге асырылуда. Facebook және Instagram әлеуметтік желілерде ӨЖО ресми парақшалары жұмыс істейді.

Есепті кезеңде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында іске асырылған іс-шараларды ақпараттық ілгерлету бойынша БАҚ-та 3504 ақпарат жарияланды. Оның ішінде баспа басылымдары – 221, электрондық БАҚ – 102 сюжет, интернет-ресурстар – 151, әлеуметтік желілерде – 3003, мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында – 27 жарияланым.

2.11. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

2020 жылғы 1 сәуірден бастап «Saryarqa aqparat» ЖШС жанынан «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі бөлім ашылды. Штаттық саны 8 бірлік.

Облыстың аумағындағы қалалар мен аудандарда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға бекітілген үйлестірушілер бар.

2017 жылдан бастап «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында іске асырылатын арнайы жобалардың сапасын арттыру мақсатында ӨСК құрылып, сараптамалық-талдамалық көмек көрсетілуде.

2020 жылы ӨСК құрамы жаңартылып, 33 адамға дейін арттырылды. Кеңестің төрағасы облыс әкімінің орынбасары. ӨСК отырыстары жоспарға сәйкес әр тоқсан сайын өткізіледі. 2020 жылы 1 отырыс өтті.

Арнайы жобаларды іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жоба бойынша 631 шара өткізді. Шараларға 1 452 453 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 854,5 млн. теңге тартылды (12-кесте).

12 Кесте

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	121	184 194
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	101	22 067
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	13	5 703
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	62	43 504
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	65	26 434
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	15	8 910
7	«Ауыл – ел бесігі»	47	40 200
8	«Архив-2025»	43	82 341
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	121	985 943
10	«Түркі әлемінің генезисі»	13	21 693
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	9	1 873
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	13	3 511
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	8	26 080
Барлығы		631	1 452 453

2020 жылдың басында облыстық және аудандық кешенді іс-шаралар жоспарлары әзірленді. ӨЖО облыстық басқармалармен, қалалар мен аудандардың әкімдіктерімен, үкіметтік емес ұйымдармен, аудандық әкімдіктермен өзара тығыз байланыс орнатып жұмыс істеуде.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын насихаттау және ақпараттық жұмысты ұйымдастыру мақсатында облыста жыл сайын тақырыптық медиа-жоспар әзірленеді және бекітіледі.

Бұл жұмысқа мемлекеттік емес БАҚ («Новый вестник», «Авитрек регион»), облыстық және республикалық интернет-ресурстар («ЕКараганда», «Qasym.kz», «inform.kz», «nur.kz», «zakon.kz» және т.б.) тартылады.



Сонымен қатар, ӨЖО әлеуметтік желілердегі танымал тұлғалармен қарым-қатынас ортанып, тығыз жұмыс істеуде.

Биылғы есепті кезеңде БАҚ-та 7564 материал, оның ішінде - баспа басылымдарда – 1951, телеарналарда – 308, интернет-ресурстарда – 695 және әлеуметтік желілерде – 4610 ақпарат жарияланды.

2.12. ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

2018 жылы 26 қарашада Қостанай облысының «Ruhani zhangyru жобалық кеңсесі» ЖШС құрылды. Штат саны – 4 адам.

Қостанай облысы әкімдігі жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының ӨСК 2017 жылы 11 мамырда құрылған. Кеңес мүшелерінің саны – 22 адам. ӨСК 2020 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілген.

Жоспарға сәйкес, 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында ӨСК бір отырысы өткізді. 2 тоқсанға жоспарланған отырыс эпидемиологиялық жағдайға байланысты кейінге қалдырылды.

Арнайы жобаларын іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жоба бойынша 1 230 шара өткізді. Шараларға 503 500 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 794,8 млн. теңге тартылды (13-кесте).

13 Кесте

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	216	158 346
2	«Қазақ тілі әліпбиінің латын графикасына көшіру»	362	11 698
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	14	14 650
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	62	72 405
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	52	50 129
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	32	8 260
7	«Ауыл - ел бесігі»	85	31 066
8	«Архив-2025»	112	9 503
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	178	113 973
10	«Түркі әлемінің генезисі»	31	3 730
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	39	15 905
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	44	11 667
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	3	2 168
Барлығы		1 230	503 500

Жыл басында облыстың барлық өңірлерінде (16 аудан және 4 қала) Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді.

ӨЖО облыстық басқармалармен, қалалар мен аудандық әкімдіктер және

үкіметтік емес ұйымдармен тығыз өзара қарым-қатынас орнатып, іс-шаралар ұйымдастыруға көмек көрсетеді.

Сонымен қатар, Бағдарламаны ақпараттық ілгерілету мақсатында медиа-іс-шаралар жоспары бекітілді.

Бағдарламаны ақпараттық сүйемелдеу мемлекеттік ақпараттық тапсырысы аясында іске асырылады. 2020 жылы облыстық бюджеттен қаржыландыру сомасы 101,5 млн.

Жалпы, жыл басынан бері республикалық, облыстық, қалалық және аудандық БАҚ-та 2212 материал, интернет-ресурстарда - 314 жарияланым, әлеуметтік желілерде - 2226 ақпарат жарық көрді.

Қостанай облысы халқының сауалнама қорытындысы бойынша респонденттердің 67%-ы - қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын қолдайды.

2.13. ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуына және ӨЖО жұмысына талдау.

2017 жылы 14 желтоқсанда «Сыр Медиа» ЖШС жанынан Қызылорда облысының «Рухани жаңғыру» орталығы құрылды. Штаттық саны – 17 адам.

Өңірде қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ӨСК жұмыс істеуде. 25 қаңтар күні облыстық «Рухани жаңғыру» орталығында ӨСК-нің алғашқы отырысы өтті. Отырыс қорытындысы бойынша 2020 жылға арналған Бағдарламаны іске асыру іс-шаралар жоспары мен ӨСК-тің 2020 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.

2020 жылы ӨСК құрамы жаңартылды. Жаңартылған кеңес 15 адамнан тұрады: БАҚ, білім және ғылым саласы, музей және кітапхана, мемлекеттік органдардың, журналистика саласының, ҰЕҰ мен «100 жаңа есім» жобасының өкілдері кіреді.

Арнайы жобаларды іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жоба бойынша 1180 шара өткізді. Шараларға 122 186 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 663,7 млн. теңге тартылды (14-кесте).

14 Кесте

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	437	30 193
2	«Қазақ тілі әліпбиің латын графикасына көшіру»	6	268
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	3	193
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	48	16 479
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	5	2 245
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	26	238
7	«Ауыл - ел бесігі»	8	619
8	«Архив-2025»	119	14 755
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	270	8 935
10	«Түркі әлемінің генезисі»	17	536



11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	30	854
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	204	46 503
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	7	368
БАРЛЫҒЫ		1 180	122 186

Облыстың 7 ауданы мен Қызылорда қаласы бойынша іс-шаралар жоспары аудандық және қалалық деңгейде бекітіліп, уақытылы жүзеге асырылуда. Карантиндік шараларға байланысты жоспарланған іс-шаралардың басым бөлігінің форматы өзгертіліп, онлайн режимде өткізілді.

ӨЖО мамандары облыстық басқармалар мен аудандық бөлімдерге куратор ретінде бекітілген. Әр куратор өзіне бекітілген мекемемен тығыз байланыс жасайды. Сондай-ақ, орталық мамандары аудандық, облыстық мекемелер мен ҮЕҰ-мен байланыса отырып, іс-шаралар өткізуге қатысады.

Ақпараттық сүйемелдеу жұмыстарын өңірлік медиа-жоспарға сәйкес жүргізеді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын халық арасында кеңінен насихаттау мақсатында әлеуметтік желілер мен басқа да интернет платформаларда парақшалар ашылған. Facebook әлеуметтік желісінде 600-ге жуық пост жарияланды, жазылушылар саны – 4469. Instagram – 400-ге жуық пост жарияланды, жазылушылар саны – 1063.

ӨЖО ресми сайты www.syg-eli.kz іске қосылды. Сонымен қатар, Youtube каналында «Рухани жаңғыру Қызылорда» арнасы 31 бейнеролик жариялады. Жалпы қаралым саны 5100-ден асқан.

Орталықтың әлеуметтік желілер парақшаларына еліміздің, өлкеміздің тарихы, киелі орындары, би-шешендер, атақты қолбасшылар мен көшбасшы тұлғалар туралы деректер, ұмыт болған салт-дәстүрлер, ұлттық тағамдар мен ұлттық киімдердің тарихы жарияланған. Сондай-ақ, отандық тарихи фильмдер мен анимациялық фильмдерден үзінділер, нақыл сөздер мен түрлі жанрдағы кітаптардан үзінділер секілді түрлі бағытта күнделікті материалдар жарияланып отырады.

Жалпы I жартыжылдық есебі бойынша БАҚ-та 1978 мақала жарық көрді. Оның ішінде баспа БАҚ-та – 1147 мақала, телеарналар арқылы 207 бейнесюжет, интернет-ресурстарда – 674 мақала жарияланды.

Облыс тұрғындарымен кері байланыс орнату мақсатында ӨЖО мамандары халықпен түрлі кездесулер ұйымдастыруда.

Облыс тұрғындары арасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасының іске асырылуы мен олардың ұсыныс-пікірлерін жинақтау мақсатында 2020 жылдың II жартыжылдығында сауалнама жүргізу жоспарланған.

2.14. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

2019 жылы 11 желтоқсанда Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының жанындағы «Қоғамдық коммуникация орталығы» коммуналдық мемлекеттік

мекемесінің «Рухани жаңғыру» бөлімі құрылды. Штаттық қызметкерлердің саны – 4 адам. Қызметкерлер облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы, облыстық білім басқармасы, Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінен іссапарға жіберілген.

2017 жылы ӨСК құрылды. Қазіргі таңда ӨСК құрамында 30 адам бар: мемлекеттік органдардан – 3 адам, білім және ғылым саласының өкілдері – 8 адам, БАҚ – 8 адам, ҮЕҰ – 3 адам, өлкетанушы және мұражай қызметкерлері – 5 адам, ардагер мамандар 2 адам және 1 ақын.

Арнайы жобалады іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жобалар бойынша 5 447 шара өткізді. Шараларға 566 688 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 4 329,3 млн. теңге тартылды (15-кесте).

15 Кесте

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	1 229	75 442
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	138	14 770
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	122	13 549
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	1 161	230 351
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	228	17 468
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	70	4 861
7	«Ауыл - ел бесігі»	376	27 560
8	«Архив-2025»	215	10 344
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	591	89 758
10	«Түркі әлемінің генезисі»	318	18 162
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	388	27 489
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	448	30 239
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	163	6 695
Барлығы		5 447	566 688

Өңірде бағдарлама жобаларын ілгерілетуде, орталық және жергілікті атқарушы органдармен жұмысты үйлестіруде және қала-аудандармен, басқармалармен іс-шараларды ұйымдастыруда ӨЖО жұмысы жүйелі жолға қойылған.

Қала-аудандарында бағдарламаны жүзеге асырудың іс-шаралар жоспары бекітілген.

ӨЖО әр айда өңірдің екі қала мен бес ауданында ҮЕҰ, меценаттар, қайырымды жандардың өкілдерімен және өздері ұсынатын жобалары бар жеке адамдармен



үнемі кездесулер өткізіп тұрады. Ұсынылған іс-шаралар сол қала- ауданның (елді мекеннің) нақты проблемаларын шешуге бағытталуы және алты негізгі қағидатқа сәйкес болуы түсіндіріледі.

Бағдарламаны жүзеге асырудың жылдық есептері және облыстық жоспардың орындалуы ӨСК отырыстарында тыңдалады.

Өңірдің медиа жоспары бекітілген. Бағдарлама аясында өңірде атқарылған іс-шаралар БАҚ және әлеуметтік желілер арқылы тұрақты жарияланып келеді. Жобалық офис атынан 2 рет «Хабар» агенттігіне, «Қазақ радиосына», 9 рет «Маңғыстау» телеарнасына тікелей эфирде сұхбат беріліп, 4 рет «Маңғыстау» газетіне мақала, 4 рет коммуникациялар қызметінде брифинг өткізіліп, Facebook парақшасында – 478, Интаграмда – 200 пост жарияланды. Сонымен қатар, ӨЖО басшысы жеке парақшасында тақырыптық материалдар жарияланып отырады.

ӨЖО басшысы Г.Азан жергілікті телеарнаның «Түскі тақырып», «Ел ертеңі», «Наркескен» хабарларының тікелей эфиріне шақырылып, қоғамдық сананы жаңғырту саласында туындайтын мәселелер мен бағдарламаның өңірде жүзеге асуы туралы әңгімелеп, көрермен сұрақтарына жауап берді.

Өздері ұсынатын жобалары бар жеке адамдар жобалық офиске хабарласып, кездесулерді тұрақты өткізіп келеді. Нәтижесінде мәдениет басқармасымен бірге өнер қайраткерлерінің шығармашылық кештері; ауылдарда ұлттық салт-дәстүр мен әдет ғұрыпты сақтаған әжелер, инабатты келіндер тәжірибесін насихаттау мен үлгі ету байқаулары; кітапхана және жастар саясаты басқармасымен бірге жасөспірімдер мен жастарды кітап оқу, көркем әдебиетке баулу іс-шаралары мен жаңа кітаптың тұсаукесерлері өтті.

Қоғамдық сананы жаңғырту саласын жақсарту, сұрақтарға жауаптар алу барысында анықталған проблемалық мәселелерді шешу мақсатымен ӨЖО мүмкіндіктеріне орай өңірге анкеталық сұрақтар жүргізіліп, қорытындысына орай лекция оқу, семинар-кеңес өткізу, іс-шаралар ұйымдастыруды үйлестіріп келеді.

2.15. ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

2019 жылы 8 қаңтарда «Қоғамдық келісім» КММ жанынан 7 адамнан тұратын «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бөлімі ашылды.

ӨСК 2017 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында іске асырылып жатқан жобалардың сапасын көтеру мақсатында ӨСК сараптамалық және талдамалық қолдау мен көмек көрсетеді.

2020 жылы ӨСК құрамы жаңартылып, 33 адамға дейін көбейтілді. Кеңестің төрағасы Павлодар облысы әкімінің орынбасары.

2020 жылы 1 отырыс өткізілді. Күн тәртібіне сәйкес 5 мәселе қаралып, оның 3-і бойынша оң шешім қабылданды.

Арнайы жобаларды іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жоба бойынша 1289 шара өткізді. Шараларға 265 761 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 204,4 млн. теңге тартылды (16-кесте).

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	370	36 551
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	39	2 518
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	32	1 866
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	72	27 017
5	«Жанандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	75	32 449
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	23	4 837
7	«Ауыл - ел бесігі»	80	54 630
8	«Архив -2025»	0	0
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	502	91 281
10	«Түркі әлемінің генезисі»	20	1 525
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	4	510
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	72	12 577
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	0	0
Барлығы		1 289	265 761

Өңірде қоғамдық сананы жаңғыртудың «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру бойынша 2020 жылға арналған облыстық және аудандық іс-шаралар жоспарлары әзірленіп, бекітілді. Бекітілген жоспар бойынша өңірдің барлық құрылымдық бөлімшелері өзара қарым-қатынас орнатып, іс-шараларды бірлесіп іске асыруда.

Есепті кезеңде БАҚ-та 1500-ден аса ақпараттық материал жарияланды. Оның ішінде 354 материал (сұхбат, мақала) жарияланған. Эфирге 105-ке жуық тақырыптық сюжет пен бейнематериалдар берілді. Интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде 1000-нан аса ақпарат жарық көрді.

ӨЖО инстаграм парақшасында 488 материал жарияланды. Жазылушылар саны – 3981. «Рухани Жаңғыру Павлодар» фэйсбук парақшасында 1055 жарияланым жарық көрсе, ал жазылушылар саны – 4960 және 564-ті құрайды.

Барлық типтегі білім беру мекемелерінде ақпараттық стендтер мен LED экрандар бар. Қалалар мен аудандарда баннерлер орнатылған. Қазақ тілін насихаттау үшін акция жүзеге асырылуда. Оның аясында қоғамдық орындар мен көліктерде қазақ тіліндегі сөздер және олардың аудармалары бар флайерлер орналастырылуда.

Биыл облыс тұрғындары және үкіметтік емес ұйымдар өкілдерінен, барлығы 17 өтініш келіп түсті. Сұраныстар: авторлық идеяларды алға жылжытуға көмек көрсету, «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» мен «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобаларын іске асырудағы ынтымақтастық және өңірде бағдарламаны тиімді іске асыру үшін жаңа тәсілдерді іздеу.

Сұраныстарға сәйкес, бөлім мамандары кеңес беру жұмыстарын жүргізуде.



2.16. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

2019 жылы 13 маусымда «Қоғамдық даму және ақпарат орталығы» КММ жанынан «Рухани жаңғыру» бөлімі құрылды. Штаттық саны 8 бірлік. Қызметкерлердің сапалық құрамы – 7. Барлығы жоғары білімді, 1 маман – заң ғылымдарының магистрі.

2020 жылдың басында ӨСК құрамы жаңартылып, жұмыс жоспары бекітілді. Жұмыс жоспарына сәйкес есепті кезеңде ӨСК-тің 2 отырысы өтті. Отырыстарда қоғамдық сананы жаңғырту «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 3 жылдығын мерекелеу туралы және Бағдарламаның үш жылдығына орай деректі фильм түсіруге дайындығы жайлы мәселелер талқыланды.

Арнайы жобаларды іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жоба бойынша 1 740 шара өткізді. Шараларға 514 864 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 903,2 млн. теңге тартылды (17-кесте).

17 Кесте

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	892	444 272
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	137	7 737
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	24	1 232
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	164	13 111
5	«Жанандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	74	6 918
6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	47	2 099
7	«Ауыл - ел бесігі»	9	368
8	«Архив-2025»	3	280
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	287	30 064
10	«Түркі әлемінің генезисі»	41	1 874
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	25	1 164
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	36	5 525
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	1	220
	Барлығы	1 740	514 864

2020 жылға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Эпидемиологиялық жағдайға байланысты көпшілік іс-шаралар онлайн форматқа көшірілді.

ӨЖО «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға қатысатын әкімдіктің барлық құрылымдық бөлімшелері, қаланың ұйымдары мен мекемелерімен өзара қарым-қатынас орнатқан. Қалада өткізілетін мәдени-көпшілік, спорттық және

басқа да іс-шараларды сарапшылық қоғамдастықпен, ғылыми ортамен, ЖОО-мен, БАҚ-пен бірлесіп жұмыс істейді.

Бағдарламаны іске асыру барысы туралы халықты хабардар ету мақсатымен өңірлік медиа-жоспар дайындалып бекітілді. Жоспарға сай «Quyzyljaq» телеарнасы «Қуатты Қазақстан», «Рухани қазына», «Жас Star» телебағдарламаларын шығаруды жалғастыруда.

Облыстық «Солтүстік Қазақстан» газеттерінде «Бір әннің тарихы», «Туған жер», «Жеріңнің аты – еліңнің хаты», «Жаныңда жүр жақсы адам», «Туған жер – тұғырың», «Сакралды география», «Рухани жаңғыру» айдарлары ашылған. Айдарлар барлық аудандық және қалалық газеттерде ашық, материалдар бірыңғай логотиппен жарияланады.

Петропавл қаласы мен облыс аудандарында тақырыптық баннерлер, брендмауэрлер, кермелер мен түрлі ақпараттық материалдар орнатылды.

Facebook және Instagram әлеуметтік желілерінде ӨЖО ресми тобы жұмыс істейді. Барлық аудандар мен Петропавл қаласында өткізілген іс-шаралар туралы Facebook әлеуметтік желісінде жарияланады. «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің ресми парақшаларына 2 мыңға жуық жазылушы тіркелген.

2.17. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА 13 арнайы жобаның жүзеге асырылуы мен ӨЖО жұмысына талдау.

2019 жылы 11 шілдеде «Turkistan Media Holding» ЖШС жанынан «Рухани қазына және ақпарат» бөлімі ашылды. Штат саны 9 бірлік.

2019 жылдан бастап ӨСК жұмыс істеуде. 2020 жылы ӨСК төрағасы болып облыс әкімінің орынбасары бекітілді. Кеңестің жалпы 15 мүшелерінің ішінде: облыстық жоғары және арнаулы орта оқу орындарының қызметкерлері, облыстық депутаттар, мәдениет саласының, зиялы қауымның, саяси партиялардың, ҰЕҰ және БАҚ өкілдері бар.

ӨСК 2020 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілген. Жоспарға сәйкес кеңес отырысы тоқсанына 1 рет өткізіледі.

Арнайы жобаларын іске асыру туралы ақпарат.

Есепті кезеңде ӨЖО 13 арнайы жобалар бойынша 889 шара өткізді. Шараларға 96 990 адам қамтылып, меценаттар тарапынан 2 483,8 млн. теңге тартылды (18-кесте).

18 Кесте

№	Арнайы жоба	Шаралар саны	Қамтылған адам саны
1	«Туған жер»	171	23 725
2	«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру»	37	3 315
3	«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»	48	6 015
4	«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»	52	3 985
5	«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»	37	4 915



6	«Қазақстанның 100 жаңа есімі»	65	7 715
7	«Ауыл - ел бесігі»	35	3 720
8	«Архив-2025»	14	495
9	«Ұлы даланың ұлы есімдері»	265	29 720
10	«Түркі әлемінің генезисі»	43	5 015
11	«Ұлы Даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»	65	835
12	«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»	52	5 585
13	«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»	5	1 950
Барлығы		889	96 990

ӨЖО бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес жұмыс атқаруда. Жоспарда белгіленген барлық мүдделес ұйымдармен қарым-қатынас ортанып, бірлескен іс-шаралар ұйымдастыруда.

2020 жылға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі республикалық іс-шаралар жоспарын орындау үшін ӨЖО барлық тармақтар бойынша қолда бар ресурстарды белсенді тарта отырып, жүйелі жұмыс жүргізуде. Аудандық жерлерде 2020 жылға арналған бағдарламаны іске асыру бойынша жоспарлар әзірленді және бекітілді.

Сонымен қатар Бағдарламаның барлық бағыттарына ақпараттық сүйемелдеуге жан-жақты бағдарланған бірыңғай медиа жоспар әзірленді.

ӨЖО әлеуметтік желілердегі Facebook және Instagram парақшалары арқылы халықты жүзеге асырып жатқан іс-шаралар туралы хабардар етеді.

Instagram парақшасында 189 материал жарияланды, жазылушылар саны – 3 167. Facebook парақшасында 1 025 жарияланым жарық көрсе, онда жазылушылар саны – 242 және 5 708-ді құрайды.

Есепті кезеңде барлығы 1800-ден аса ақпараттық материал жарияланды. Оның ішінде 347 материал (сұхбат, мақала) жарияланған; эфирге 262-ге жуық тақырыптық сюжет пен бейнематериалдар берілді. Интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде 700-ден аса жарияланым жарық көрген.

Халықпен «Кері байланыс» орнату мақсатында өңірде «Ой түбінде жатқан сөз» жобасын атап өткен жөн. Жобаның мақсаты – Асан Қайғының сөзінше «Ой түбінде жатқан сөз, Шер толқытса шығады» демекші әр адамның жүрегінде жатқан, көкейінде жүрген келелі ойды шығарып, сол арқылы көпшілікке ой салу. Әр салада қызмет етіп жүрген жандарды халыққа жақыннан таныстыру. Еңбектерін көпшілікке таныту.

Жоба әлеуметтік желіде түрлі сала өкілдерімен онлайн сыр-сұхбат құру арқылы жүзеге асады.




2.18. Жергілікті атқарушы органдарға «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұсыныстар.

2020 жылдың есепті мерзімінде өңірлерде атқарылған жұмысты талдау нәтижесінде келесі қорытындыларды атап өтуге болады.

ӨЖО ұйымдастыру-құқықтық нысаны және кадрлық құрамы.

Бүгінгі күні, өңірлердің ақпараты бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық офистер ұйымдастыру-құқықтық құрылымы бойынша әртүрлі нысанда құрылған: жауапкершілігі шектеулі серіктестік (ЖШС) және коммуналдық мемлекеттік мекеме (КММ). ӨЖО осы құрылымдардың бөлімі немесе дербес құрылым болып ашылған (19-кесте).

19 Кесте

№	Өңір	Ұйымдастыру нысаны
1	 Нұр-Сұлтан қаласы	дербес ЖШС
2	 Алматы қаласы	дербес КММ
3	 Шымкент қаласы	ЖШС бөлімі
4	 Ақмола облысы	дербес КММ
5	 Ақтөбе облысы	дербес КММ
6	 Алматы облысы	дербес ЖШС
7	 Атырау облысы	КММ бөлімі
8	 Шығыс Қазақстан облысы	дербес КММ
9	 Жамбыл облысы	дербес КММ
10	 Батыс Қазақстан облысы	КММ бөлімі
11	 Қарағанды облысы	ЖШС бөлімі
12	 Қостанай облысы	дербес ЖШС
13	 Қызылорда облысы	ЖШС бөлімі
14	 Маңғыстау облысы	КММ бөлімі
15	 Павлодар облысы	КММ бөлімі
16	 Солтүстік Қазақстан облысы	КММ бөлімі
17	 Түркістан облысы	ЖШС бөлімі




















ӨЖО қызметкерлерінің жас ерекшелігі 23-47 жас аралығы (20-кесте). Республика бойынша орташа жас – 34. Ең жас қызметкерлер: Атырау (23 жас), Қостанай (26 жас), Жамбыл (27 жас), Алматы (28 жас) және Қарағанды (30 жас) облыстарында. Тәжірибесі мол, орта буын жастағы қызметкерлер: Шығыс Қазақстан (39 жас), Маңғыстау (44 жас), Солтүстік Қазақстан (47 жас) облыстарында және Алматы қаласында (45 жас).

20 Кесте

№		Өңір	Орташа жас
1		Атырау облысы	23
2		Қостанай облысы	26
3		Жамбыл облысы	27
4		Алматы облысы	28
5		Қарағанды облысы	30
6		Нұр-Сұлтан қаласы	31
7		Павлодар облысы	32
8		Түркістан облысы	33
9		Ақмола облысы	33
10		Батыс Қазақстан облысы	34
11		Ақтөбе облысы	36
12		Шымкент қаласы	38
13		Қызылорда облысы	38
14		Шығыс Қазақстан облысы	39
15		Маңғыстау облысы	44
16		Алматы қаласы	45
17		Солтүстік Қазақстан облысы	47
Республика бойынша орташа жас			34

Қызметкерлердің ӨЖО-дегі жұмыс өтілі бойынша ең аз Қарағанды (5 ай), Түркістан (6 ай), Ақмола (7 ай) облыстарында және Нұр-Сұлтан қаласында (7 ай). Бұл көрсеткіштер осы өңірлердегі кадрлардың тұрақсыздығын көрсетеді. Ең тәжірибелі қызметкерлер: Маңғыстау (3 жыл 6 ай) және Қостанай (2 жыл 2 ай) облыстарында. Жалпы республика бойынша қызметкерлердің ӨЖО-дегі орташа жұмыс өтілі 1 жыл 2 айға тең (21-кесте).


















21 Кесте

№		Өңір	ӨЖО-те орташа еңбек өтілі
1		Қарағанды облысы	5 ай
2		Түркістан облысы	6 ай
3		Ақмола облысы	7 ай
4		Нұр-Сұлтан қаласы	7 ай
5		Атырау облысы	9 ай
6		Шығыс Қазақстан облысы	10 ай
7		Жамбыл облысы	11 ай
8		Солтүстік Қазақстан облысы	11 ай
9		Батыс Қазақстан облысы	1 жыл 1 ай
10		Алматы облысы	1 жыл 1 ай
11		Павлодар облысы	1 жыл 2 ай
12		Шымкент қаласы	1 жыл 4 ай
13		Қызылорда облысы	1 жыл 6 ай
14		Алматы қаласы	1 жыл 7 ай
15		Ақтөбе облысы	1 жыл 9 ай
16		Қостанай облысы	2 жыл 2 ай
17		Маңғыстау облысы	3 жыл 6 ай
Республика бойынша орташа еңбек өтілі			1 жыл 2 ай



ҚР ҰЭМ СК мәліметі бойынша 2020 жылдың II тоқсанында Қазақстанда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 212 000 теңге. Ал ӨЖО қызметкерлерінің орташа еңбек ақысы бұл көрсеткіштен екі есе аз және 102 524 теңгені құрады (22-кесте). Сол себептен, ӨЖО-де кадрлық тұрақсыздық байқалады және жұмысқа білімді, білікті және тәжірибелі мамандарды алып тұрақтандыру қиындық тудырады.

22 Кесте

№	Өңір	Орташа еңбек ақы	2020 жылғы II тоқсанда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы*
1	 Алматы облысы	182 308	172,2 мың теңге
2	 Нұр-Сұлтан қаласы	161 538	282,5 мың теңге
3	 Қызылорда облысы	144 909	187,8 мың теңге
4	 Түркістан облысы	142 736	173,8 мың теңге
5	 Қарағанды облысы	125 833	200,6 мың теңге
6	 Алматы қаласы	111 000	238,7 мың теңге
7	 Шымкент қаласы	108 152	164,2 мың теңге
8	 Қостанай облысы	96 667	166,7 мың теңге
9	 Атырау облысы	84 213	386,4 мың теңге
10	 Батыс Қазақстан облысы	79 511	193,1 мың теңге
11	 Ақтөбе облысы	79 157	178,5 мың теңге
12	 Павлодар облысы	79 034	182,8 мың теңге
13	 Солтүстік Қазақстан облысы	77 833	159,3 мың теңге
14	 Жамбыл облысы	76 325	162,0 мың теңге
15	 Ақмола облысы	75 785	170,7 мың теңге
16	 Шығыс Қазақстан облысы	74 580	184,7 мың теңге
17	 Маңғыстау облысы	43 333	317,7 мың теңге
Республика бойынша орташа жас		102 524	212,0 мың теңге

* – ҚР ҰЭМ СК мәліметі бойынша

ӨСК жұмысы.

Барлық өңірлерде ӨСК құрылған. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі

ұлттық комиссия отырысының 2020 жылдың 2 ақпандағы №20-32-45.3 хаттамасына сәйкес барлық ӨСК-дің төрағасы болып облыс әкімінің тиісті орынбасарлары тағайындалды және құрамдары жаңартылды. Кенестердің жаңа құрамдарына шығармашылық және ғылыми интеллигенцияның, зиялы қауымның, саяси партиялар мен қоғам қайраткерлерінің, ҰЕҰ-ның және мемлекеттік органдарының өкілдері кірген. Әр ӨСК-дің 2020 жылға жұмыс жоспарлары бекітілген. Алайда, ағымдағы жылы 17 өңірден тек 10 өңірде ӨСК отырыстары өткізілген.

ӨСК жұмысын ұйымдастыру бойынша Алматы, Маңғыстау және Ақмола облыстарының тәжірибесін атап өткен жөн. Бұл өңірлер ӨСК пен тығыз қарым-қатынас орнатып толыққанды жұмыс атқаруда.

Ұсыныстар.

ӨЖО-дің жұмыстарын сараптау барысында олар ізденістер мен жаңа бастамалардың драйверіне айналмай отырғандығын байқауға болады. Керісінше бюрократиялық жүйенің бір бөлшегіне айналып бара жатыр.

ӨЖО-дің әлеуетінің төмендігіне ЖАО-дың тиісті деңгейде мән бермеуі және қажетті материалдық-техникалық жабдықтау мәселесінің тиісті деңгейде шешілмеуі себеп болып отыр.

Сонымен қатар, ӨСК-де өздеріне жүктелген функционалдық міндеттерін толыққанды атқара алмай отыр.

Осы орайда, ЖАО келесі шараларды қолға алуды ұсынылады:

- Мемлекеттік хатшының тапсырмасына сәйкес ӨЖО ұйымдастыру-құқықтық құрылымын біріздендіру;
- ӨСК жұмысын жаңдандыру және ұйымдастыру бойынша Алматы, Маңғыстау және Ақмола облыстарының тәжірибесін зерттеп қолдану;
- ӨЖО қызметкерлерінің еңбек ақыларын өсіру мүмкіндігін қарастыру немесе үстемақы төлеу тәжірибесін қолдану.

Арнайы жобаларын іске асыру туралы талдау.


Осы жылы COVID-19 пандемиясының алдын алу мақсатында қабылданған карантиндік шараларына байланысты өңірлерде бекітілген іс-шаралар жоспарлары қысқартылды. Сол себептен, өңірлерде өткізілген шаралар және қамтылған адам саны азайды.

«Туған жер»

2020 жылдың 10 айында өңірлерде барлығы 2 261 875 адамды қамтумен 9 095 іс-шара өткізілді.

Өңірлер арасында 1 000-нан аса шаралар ұйымдастырғандар Жамбыл облысы – 1 558 шара, Шығыс Қазақстан облысы – 1 454 шара, Ақтөбе облысы – 1 275 шара және Маңғыстау облысы – 1 229 шара (23-кесте).

Ұйымдастырған шаралармен Жамбыл облысы – 511 404 адамды, Шығыс Қазақстан облысы – 456 489 адамды, Солтүстік Қазақстан облысы – 444 272 адамды, Қарағанды облысы – 184 194 адамды және Ақмола облысы – 114 399 адамды қамтыды.



Өңірлік деңгейде туған өлкесін дамытуға және әлеуметтік мәселелерін шешуге меценаттар мен демеушілерді тарту жұмысы жүргізілуде. Есепті кезеңде ең көп демеушілік қаражат тартқан өңірлер, ол Атырау облысы – 14 028,2 млн. теңге, Алматы қаласы – 5 811,8 млн. теңге және Ақмола облысы – 5 543,7 млн. теңге (25-кесте).

Барлық өңірлерде арнайы жоба аясында көптеген шаралар жүзеге асырылуда. Мысал ретінде әр өңірдің кейбір жобаларын атап өтуге болады.

Нұр-Сұлтан қаласында бизнесмен Нұрлан Смағұловтың қолдауымен Елорда емханаларына коронавирустық инфекция белгілерін тексеруге арналған 6 тепловизор алынды.

Алматы қаласында Болат Өтемұратовтың «Асыл мирас» жеке қайырымдылық қоры» демеушілігімен 5,1 млрд. теңгеге Бас ботаникалық бақты қайта жаңарту және абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Шымкент қаласында демеушілер «Жанға жылу», «Біргеміз» акциялары аясында 150 мыңнан астам отбасыға көмек көрсетілді.

Ақмола облысында «Арыстан» шаруа қожалығы өз қаражатына Қараменді батыр ауылының мәдениет үйіне заманауи музыкалық аппаратураны сатып алып, сыйға тартты. Жоба құны – 9 млн. теңге.

Ақтөбе облысында Әйтеке би ауданы Қарабұтақ ауылында Қ.Қойлыбаевтың демеушілігімен балаларға арналған «Workout» спорт алаңы ашылды. Жоба құны – 1 млн. 700 мың теңге.

Алматы облысында Жамбыл ауданы Мәтібұлақ ауылында жалпы сомасы 15

млн.теңгені құрайтын шағын футбол алаңы қолданысқа берілді.

Атырау облысында Жылыой ауданы, Майкөмген ауылдық округінде «Теңізшевройл» компаниясы құрылысын жүргізген 179,5 млн. теңгеге 269 орындық екі қатарлы дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды.

Шығыс-Қазақстан облысында Көкпекті ауданының тумасы, қазіргі VI Group директорлар кеңесінің төрағасы Айдын Рахимбаев Көкпекті аудандық ауруханасына 10 оттегі концентратын сатып алып, ауданның аз қамтылған тұрғындарына 1 млн. теңге бөлді.

Жамбыл облысында Шу ауданының меценаты Н.Ким демеушілік жасап, Далақайнар ауылындағы көпбалалы Андрей Томпа мен Антонина Антипованың отбасына 2 млн.теңге сомасына тұрғын үй сатып алып берді.

Батыс-Қазақстан облысында Ақжайық ауданы Чапаев ауылында Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдығына арналған «Жұбан орталығы» салынды. Қаржылай көмек көрсеткен шаруа қожалық жетекшілері Аткеев Болат, Баянов Ғайнеден, Досқалиев Қанат, Сағитов Ақылбек, Құрманғалиев Ерболат, Утеғалиев Зайдок және ЖШС «Мұнай контакт» директоры Сахипов Нұртай. Жобаның құны – 30 млн. теңге.

Қарағанды облысында «Abadan» жекпе-жек клубының президенті Нұрлан Қалтаев Қарқаралы ауданының Қоянды ауылында балалар ойын алаңдарын салды.

Қостанай облысында Ивановка ауылында, «Беккер.Р.Ю.» шаруа қожалығының басшысы Иванова орта мектебінің ғимаратына жөндеу жұмыстары мен мектеп ауласын аббатандыруға (жиек пен жол төсеу) 949 мың теңге қаражат бөлді.

Қызылорда облысында «Казинтерсервис» компаниясының басшысы Тулепов Т.Т. Қызылорда қаласындағы №140 қазақ орта мектебінің физика, химия және космобототехника-анимация кабинеттерін жөндеуден өткізіп, соңғы үлгідегі мультимедиялық панельтақта, компьютерлер және толық құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етті. Жоба құны – 24 млн. теңге.

Маңғыстау облысында меценат Иса Бимырзаев Ақшұқыр ауылында аз қамтылған 4 отбасын тұрғын-үймен қамтамасыз етті.

Павлодар облысында Екібастұз қаласында «За будущее Экибастуза» ҚБ-нің балаларға арналған балалар ойын кешені және жаттығу алаңы салынды. Жоба құны – 20 млн. теңге.

Солтүстік Қазақстан облысында. Жаңажол ауылында Ғ.Мүсірепов атындағы жалпы білім беретін мектебінде, «Нұрсұлтан» шаруа қожалығы есебінен (18 млн. теңге) биоотын қазандығы салынып, пайдалануға берілді.

Түркістан облысында Кентау қаласында, ЖК Оралбаева А.Н демеушілігімен 280 млн. теңгеге «Дин асыл-2» бөбекжай балабақшасы салынды.

Арнайы жобаның аясында өткізілген шаралардың барлығы азаматтарды туған өлкесін көркейтуге, қайырымдылық мәдениетін дамыту негізінде әлеуметтік проблемаларын шешуге тарту болып табылады.

Осыған байланысты, алыстағы елді мекендердің, атап айтқанда кенттер мен ауылдардың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту қажет. Бұл жерде кәсіпкерлердің өз туған өлкесіне тағзым ретінде жасаған демеушілік көмекті



бизнестің әлеуметтік жауапкершілігімен салыстыруға болмайды.

Ұсыныстар:

- Еліміздің барлық тұрғындары үшін қолжетімді және бұқаралық болып табылатын және үлкен қаржылық шығындарды қажет етпейтін аулалар, балалар мен спорт алаңдарын, саябақтарды, аллеялар мен скверлерді салу және жөндеу жұмыстарын жүргізу;

- Оқушылар мен студенттердің туған өлкесінің тарихына қызығушылықтарын ояту және туған өлкесіне патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында тегін экскурсиялар ұйымдастыру;

- Қалалардың, аудандардың және ауылдардың құрметті азаматтарын құрметтеу шараларын, сондай-ақ олардың жастармен кездесуін ұйымдастыру.

«Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына кезең-кезеңмен көшіру»

2020 жылдың 10 айында өңірлерде барлығы 117 925 адамды қамтумен 1 461 іс-шара өткізілді (26-кесте).


Шаралар саны бойынша ең көп шаралар Қостанай (362), Жамбыл (207) және Ақмола (150) облыстарында ұйымдастырылған.

24 Кесте



Адамдарды өткізілген шаралармен қамту бойынша Қарағанды (22 067 адам), Ақмола (16 932 адам) және Маңғыстау (14 770 адам) облыстар алдыңғы қатарда (25-кесте).

25 Кесте



Арнайы жобаның аясында өткен жобалар мен іс-шаралар түрлі форматта ұйымдастырылған және қазақ тілінің латын графикасына кезең-кезеңмен көшу процесіне ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдау болып табылады. Осы арнайы жобаны іске асыру барысында түрлі заманауи форматтарды пайдалану – ғылыми-әдістемелік көзқарас жағынан ғана емес, сонымен қатар ел тұрғындарының қызығушылығын тудыру жағынан да, әсіресе жастар арасында өзекті. Жалпы қоғам арасында бұл жоба қазақстандықтардың санасын жаңғыртуға және қоғамның қарым-қатынас кеңістігін кеңейтуге бағытталған прогрессивті қадам ретінде қабылданады.

Алайда, латын графикасын пайдаланудың орфографиялық қағидаларының аяқталмағандығы және оған жүйелі түрде өзгерістер енгізіліп отыруы халық арасында латын графикасына сенімсіздік туғызуы мүмкін.

Ұсыныстар:

- Жаңадан дайындалып жатқан латын әліпбиі жетілдіріп аяқталған кейін қолданысқа енгізу бойынша өңірлік деңгейде дайындық жұмыстарды пысықтау және бекіту;
- Тұрғындар латын графикасына көшуінің нақты кезеңдері туралы хабарсыз, сондықтан өңірлік БАҚ-да, әлеуметтік желілерде және танымал Интернет алаңдарында мазмұнды, сапалы және өзекті ақпараттарды жариялауды қамтамасыз ету.



«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»

2020 жылдың 10 айында өңірлерде барлығы 93 096 адамды қамтумен 610 іс-шара өткізілді (28-кесте).


Ең көп шара Маңғыстау (122), Жамбыл (106) және Ақмола (78) облыстарында өткізілді.

26 Кесте



Адамдарды қамту саны бойынша Жамбыл (15 341 адам), Қостанай (14 650 адам), Маңғыстау (13 549 адам), Ақмола (10 504 адам) облыстары және Шымкент (10 370 адам) қаласы ең көп адамды қамтыды (27-кесте).

27 Кесте



Өңірлерде арнайы жобаның тиімділігін арттыру мақсатында барлық жоғары оқу орындарында, кітапханаларда аударылған кітаптардың өзектілігі мен мазмұндылығын талқылауға бағытталған түрлі форматтағы іс-шаралар жүйелі түрде өткізіледі.

Сонымен қатар, кейбір өңірлердің нәтижелі жұмыстарын атап өтуге болады. Мысалы: Нұр-Сұлтан қаласында «Мазмұндама» қоғамдық қорының және Қарағанды облысында «Нәтиже» сүт өндіру фабрикасының бастамашыл топтары өз қаражаттарына сондай-ақ демеушілерді тартып әлемнің әйгілі классиктерінің бестселлер кітаптарын аударуда.

Жоба бойынша аударылған оқулықтар тек оқытушылар мен студенттерге арналған және оқу үрдісінде қолданады. Ал, аударылған кітаптарды күнделікті өмірде пайдалану немесе өз бетімен қолдану мүмкіншіліктерін түсіндіру бағытты бойынша іс-шаралар жеткіліксіз және өте төмен деңгейде жүргізіледі.

Сол себептен, халық аударылған оқулықтар туралы бейхабар.

Ұсыныстар:

- Аударылған оқулықтарды күнделікті өмірде пайдалану немесе өз бетімен қолдану мүмкіншіліктерін түсіндіру бағыты бойынша талдау жасауға мәдениет, саясат, ғылым, бизнес элиталарын және қоғам қайраткерлерін тарту;

- Жасалған талдаулардың негізінде БАҚ-да, әлеуметтік желілерде және танымал Интернет алаңдарында мазмұнды, сапалы және өзекті ақпараттарды жариялау;

- Нұр-Сұлтан қаласы («Мазмұндама» қоғамдық қоры) және Қарағанды облысының («Нәтиже» сүт өндіру фабрикасы) кітап аудару жұмысына бастамашыл топтарды тарту тәжірибесін зерттеу және қолға алу.




«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы»

2020 жылдың 10 айында өңірлерде барлығы 600 445 адамды қамтумен 2 374 іс-шара өткізілді (30-кесте).


Шаралар саны бойынша ең көп шаралар Маңғыстау (1 161), Шығыс Қазақстан (191) және Солтүстік Қазақстан (164) облыстарында ұйымдастырылған.

28 Кесте



Ұйымдастырған шаралармен Маңғыстау облысы – 230 351 адамды, Қостанай облысы – 72 405 адамды, Шығыс Қазақстан облысы – 63 064 адамды, Ақмола облысы – 59 010 адамды және Қарағанды облысы – 43 504 адамды қамтыды (29-кесте).

29 Кесте



Арнайы жобаның шеңберінде өңірлерде тарихи және мәдени ескерткіштерді танымал ету, сақтау, қалпына келтіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде, этномәдени экспедициялар ұйымдастырылуда. Сонымен қатар, әр өңірде жергілікті киелі жерлерінің тізімі қалыптастырылған және сапар-орталықтар құрылуда.

Ішкі туризмді дамыту мақсатында киелі нысандар бойынша туристік маршруттар әзірленуде. Алайда, маршруттардың басым бөлігі халыққа бейтаныс және киелі жерлердің инфрақұрылымы қажетті деңгейде дамытылмағандықтан қолжетімді емес.

Ұсыныстар:

- Киелі жерлерге турлар ұйымдастыру бойынша жергілікті туристік компанияларды тарту;
- БАҚ-да, әлеуметтік желілерде және танымал Интернет алаңдарында жергілікті киелі жерлер туралы мазмұнды, сапалы және өзекті ақпараттарды жариялау;
- Жергілікті киелі жерлердің инфрақұрылымын дамытуға қаржы бөлу.




«Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет»

2020 жылдың 10 айында өңірлерде барлығы 626 472 адамды қамтумен 1 410 іс-шара ұйымдастырылды (32-кесте).


Ең көп шара Ақмола (295), Маңғыстау (228) Ақтөбе (139) және Шығыс Қазақстан (131) облыстарында өтті.

30 Кесте



Адамдарды өткізілген шаралармен қамту бойынша Нұр-Сұлтан қаласы (201 414 адам), Ақмола (133 757 адам) және Шығыс Қазақстан (51 290 адам) облыстар алдыңғы қатарда (31-кесте).

31 Кесте



Жалпы арнайы жоба аясында жұмыс барлық бағыттар бойынша іске асырылуда және әр өңірдің мүмкіндігіне сай қаражат бөлінуде.

Өңірлік көркемөнерпаз ұжымдарының шетелдік гастрольдерін ұйымдастыру жұмысы жергілікті бюджеттерден қомақты қаражатты талап етеді және бұл іс-шаралардың қажеттілігін және тиімділігін бағалау мүмкін болмай тұр. Сол себептен, бұл жұмыс республикалық деңгейде жүйелендіруді және үйлестіруді қажет етеді.

Сонымен бірге, Қазақстанның мәдени жетістіктерін әлемдік деңгейде насихаттау жұмыстарды ел ішінде, өңірлік деңгейде насихаттау қажет екенін атап өту керек. Аталған шаралар қазақстандық мәдениетті ел ішінде танымал етуге және өңірлердің шығармашылық зиялы қауымына қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Ұсыныстар:

- Республикалық мәртебесі бар театрлар мен ұжымдардың облыс орталықтарында көшпелі гастролдерін ұйымдастыру;
- Өңірлердің көркемөнерпаздар ұжымдарының шетелдік гастрольдерін МСМ келістіру.




«Қазақстанның 100 жаңа есімі»

2020 жылдың 10 айында өңірлерде барлығы 268 042 адамды қамтумен 593 іс-шара өткізілді (34-кесте).


Шаралар саны бойынша ең көп шаралар Ақмола (93), Маңғыстау (70) және Түркістан (65) облыстарында ұйымдастырылған.

32 Кесте



Ұйымдастырған шаралармен Нұр-Сұлтан қаласы – 155 769 адамды, Ақмола облысы – 28 048 адамды, Шымкент қаласы – 18 900 адамды және Жамбыл облысы – 12 523 адамды қамтыды (33-кесте).

33 Кесте



Өңірлер жобаны іске асыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізген. Жобаның жеңімпаздарымен ұйымдастырылған кездесулер мен түсіндіру жұмыстары халық арасында қолдау тапты және оларды белсенді әлеуметтік көзқарас ұстануға, өз армандарын орындауға және мақсаттарына жетуге ынталандырды.

Өңірлерде бұл жобаға қызығушылық жылдан жылға артып келеді. Оған дәлел, жыл сайын жобаға қатысу үшін тапсырған өтініштердің өсуі. Алайда, жоба тек республикалық деңгейді ұйымдастырылуда. Сол себептен, жобаның өңірлік нұсқасын ұйымдастыру қажет.

Ұсыныстар:

- Жобаның өңірлік нұсқасын ұйымдастыру.



«Ауыл - ел бесігі».


Арнайы жобаның тұжырымдамасына сәйкес республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында жоба іске асырылмайды. 2020 жылдың 10 айында өңірлерде барлығы 257 049 адамды қамтумен 1 031 ісшара ұйымдастырылды (34-кесте). Ең көп шара Маңғыстау (376), Ақмола (114), Қостанай (85) және Павлодар (80) облыстарында өтті.

34 Кесте



Адамдарды өткізілген шаралармен қамту бойынша Павлодар (54 630 адам), Қарағанды (40 200 адам) және Ақмола (38 302 адам) облыстар алдыңғы қатарда (35-кесте).

35 Кесте



Бұл жоба бойынша шаралар өңірлерді дамыту бағдарламасының үшінші бағыты бойынша жүзеге асырылады. Жоба шеңберінде ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындары ашылуда, мектеп, аурухана мен жолдар салынуда, ауылдық елді мекендер газбен, сумен қамтылуда, ауыл шаруашылығы саласында орта және шағын бизнесті дамытуға несиелер берілуде.

Ұсыныстар:

- Жоба бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың сапасын қадағалауға қоғам өкілдерін тарту.




«Архив-2025»

2020 жылдың 10 айында өңірлерде барлығы 167 189 адамды қамтумен 746 іс-шара өткізілді (36-кесте).


Шаралар саны бойынша ең көп шаралар Маңғыстау (215), Қызылорда (119), және Қостанай (112) облыстарында ұйымдастырылған.

36 Кесте



Ұйымдастырған шаралармен Қарағанды облысы – 82 341 адамды, Жамбыл облысы – 16 181 адамды, Қызылорда облысы – 14 755 адамды, Ақмола облысы – 11 496 адамды және Маңғыстау облысы – 10 344 адамды қамтыды (37-кесте).

37 Кесте



Жобаның мақсаты отандық және шетелдік мұрағаттарда, музейлерде, кітапханаларда және ғылыми орталықтарда сақталатын Қазақстан тарихы туралы құжаттармен толықтыру және ғылыми айналымға енгізу болғандықтан, бұл жұмыс МСМ қадағалауымен іске асырылуы маңызды. Сонымен қатар, МСМ іздестіру-зерттеу жұмыстары бойынша жасалған қорытындылардың негізінде дайындалған әдістемеліктерді қолданып, өңірлерде халық арасындағы жұмысты жүргізу қажет.

Ұсыныстар:

- Жоба бойынша жұмысты МСМ дайындаған әдістемелік құралдар негізінде жүзеге асыру;
- БАҚ-да, әлеуметтік желілерде және танымал Интернет алаңдарында жоба туралы мазмұнды, сапалы және өзекті ақпараттарды жариялау.




«Ұлы даланың ұлы есімдері»

2020 жылдың 10 айында өңірлерде барлығы 2 369 043 адамды қамтумен 6 098 іс-шара өткізілді (38-кесте).


Шаралар саны бойынша ең көп шаралар Ақмола (1 497), Жамбыл (958) және Маңғыстау (591) облыстарында ұйымдастырылған.

38 Кесте



Ұйымдастырған шаралармен Қарағанды облысы – 985 943 адамды, Жамбыл облысы – 456 094 адамды және Ақмола облысы – 239 110 адамды қамтыды (41-кесте).

39 Кесте



Жоба бойынша өткізілген шаралар мен қамтылған адам сандарының көптігін, Абай Құнанбайұлының 175-жылдығына және Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150-жылдығына арнап ұйымдастырылған іс-шаралармен байланыстыруға болады.

Сонымен қатар, өңірлерде ұйымдастырылатын шаралар, БҒМ жасақтаған 100-ден аса тарихи тұлғалардың есімдерімен байланыспай, көбіне жергілікті тұлғалардың құрметіне ұйымдастырылады. Бұл, өткізілген шаралардың жобаның мақсаттарына сай келмейтіндігін айқын көрсетеді.

Ұсыныстар:

- БҒМ дайындаған әдістемеліктердің негізінде жобаны іске асыру;
- Атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашу.



«Түркі әлемінің генезисі»

2020 жылдың 10 айында өңірлерде барлығы 138 995 адамды қамтумен 924 іс-шара өткізілді (40-кесте).


Шаралар саны бойынша ең көп шаралар Маңғыстау (318), Ақмола (158), және Жамбыл (85) облыстарында ұйымдастырылған.

40 Кесте



Адамдарды өткізілген шаралармен қамту бойынша Ақмола облысы 25 496 адам, Шымкент қаласы 23 640 адам және Қарағанды облысы 21 693 адамды қамтыды (41-кесте).

41 Кесте



Жобаның мақсаты мен міндеттеріне сай іс-шаралар халықаралық деңгейде жүзеге асырылуы тиіс. Сондықтан, өңірлерде бұл жоба бойынша жұмыстар тек МСМ нұсқаулықтарының негізінде жүргізілуі қажет.

Ұсыныстар:

- Жоба бойынша жұмысты МСМ дайындаған әдістемелік құралдар негізінде жүзеге асыру;
- БАҚ-да, әлеуметтік желілерде және танымал Интернет алаңдарында жоба туралы мазмұнды, сапалы және өзекті ақпараттарды жариялау.




«Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі»

2020 жылдың 10 айында өңірлерде барлығы 178 526 адамды қамтумен 1 010 іс-шара ұйымдастырылды (42-кесте).


Ең көп шара Маңғыстау (388), Жамбыл (119) және Ақмола (102), облыстарында өтті.

42 Кесте



Адамдарды өткізілген шаралармен қамту бойынша Шымкент (38 100 адам) пен Нұр-Сұлтан (30 650 адам) қалалары және Жамбыл (28 247 адам) мен Маңғыстау (27 489 адам) облыстары алдыңғы қатарда (43-кесте).

43 Кесте



Бұл жоба, ағымдағы жылы ҚР Ұлттық музейі базасында тақырыптық залдың ашылуымен өз нәтижесіне жетеді, бірақ өңірлерде жүргізіліп жатқан жұмыстар тоқтамау қажет.

Ұсыныстар:

- Тарихи дәуірлердің қандай да бір кезеңіндегі әртүрлі шаруашылық салаларының даму үдерісін көрсетін озық өнер мен технология үлгілерін халық арасында насихаттау жұмысын жалғастыру;
- Өңірлік мұражайларда «Ұлы Даланың ежелгі өнер мен технологиялары» бұрыштарын ашу.



«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»

2020 жылдың 10 айында өңірлерде барлығы 342 120 адамды қамтумен 1 709 іс-шара ұйымдастырылды (44-кесте).


Ең көп шара Маңғыстау (448), Қызылорда (204), Жамбыл (189) және Ақмола (185) облыстарында өтті.

44 Кесте



Адамдарды өткізілген шаралармен қамту бойынша Жамбыл облысы 64 180 адамды, Ақмола облысы 54 365 адамды, Қызылорда облысы 46 503 адамды және Шығыс Қазақстан облысы 45 505 адамды қамтыды (45-кесте).

45 Кесте



Өңірлерде жобаның аясында әр-түрлі форматта көптеген шаралар ұйымдастырылуда. Жобаны іске асыру қазақ халқының мәдени тарихын, оның дәстүрлерін, ұлы сөз өнерін зерттеуге мүмкіндік берді. Бұл шаралар өз кезегінде адамдарды патриотизм рухында тәрбиелеу, жалпыұлттық идеяны қалыптастыру және ұлттық бірегейлікті нығайту үшін негіз болды.

Сонымен қатар, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың арасында байланыс болмағандықтан жоба бойынша түсініктері әртүрлі. Сол себептен, өңірлерде ұйымдастырылатын шаралардың басым бөлігі жобаның мақсаттарына сай келмейді.

Ұсыныстар:

- Жоба бойынша жауапты орталық мемлекеттік органдармен бірігіп жұмыс істеу;
- Әр өңірдің қазақ фольклоры мен музыкасын насихаттайтын дәстүрлі ән мектептеріне және жергілікті әнші-сазгерлерге қолдау көрсету;
- Халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-әпсаналары, қиссалары мен эпостарын жинақтау және басып шығару.




«Тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісі»

2020 жылдың 10 айында өңірлерде барлығы 319 139 адамды қамтумен 564 іс-шара өткізілді (46-кесте).


Шаралар саны бойынша ең көп шаралар Маңғыстау (163), Батыс Қазақстан (93), және Ақмола (88) облыстарында ұйымдастырылған.

46 Кесте



Адамдарды өткізілген шаралармен қамту бойынша Шымкент қаласы (232 170 адам), Қарағанды (26 080 адам), Жамбыл (16 315 адам) және Ақмола (15 647 адам) облыстары алдыңғы қатарда (47-кесте).

47 Кесте



Бұл жоба бойынша жұмыстар республикалық деңгейде МСМ және киноиндустрия саласының даму қарқыны өсіп келе жатқан өңірлерде іске асыру қажет. Бүгінгі күні, бұл саланың өсу қарқыны тек республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында байқалады. Киноиндустрия саласын дамыту қомақты қаржы талап етеді. Сол себептен өңірлер, Қазақстанның өркениет тарихының үздіксіз дамуын көрсететін деректі-қойылымдық фильмдердің, телевизиялық сериалдар мен толықметражды көркем картиналардың таратушылары ретінде жұмыс атқару қажет.

Алайда, түсірілген фильмдер қалалар мен ірі елді мекендерде көрсетіледі және еліміздің шалғай орналасқан елді мекендерінде қолжетімсіз. Кез келген ауыл тұрғынының қалаға немесе тіпті аудан орталығына барып осы фильмдерді көруге мүмкіндіктері бола бермейді.

Ұсыныстар:

- Өңірлерде киноиндустрия саласын кезең-кезеңмен дамыту жоспарын дайындау;
- Жүйелі негізде еліміздің барлық елді мекендеріндегі (мектептерде, мәдениет үйлерінде, кинотеатрларда, оның ішінде ашық аспан астындағы және т.б.), мемлекеттік тапсырыс бойынша түсірілген анимациялық, көркем және деректі фильмдердің жаппай көрсетілімін ұйымдастыру.



ТАРАУ III.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ 2020 ЖЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың тиімділігі» әлеуметтанулық зерттеуінің түйіні

Талдамалық есеп «Қоғамдық-саяси күн тәртібіндегі өзекті мәселелер мен Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына Жолдауының негізгі аспектілері бойынша зерттеулер жиынтығы» мемлекеттік тапсырмасын орындауға 2020 жылдың 13 ақпанындағы №84-ГЗ келісім-шартына сәйкес дайындалды.

Талдамалық есепті жазуға талдаушы, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты Салтанат Амангелдіқызы Ермаханова қатысты.

С.А. Ермаханова Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін «әлеуметтану» мамандығы бойынша бітірген, әлеуметтану ғылымдарының магистрі дәрежесі және әлеуметтану ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесі бар. Ғылыми қызығушылықтарының негізгі бағыты – қолданбалы әлеуметтану, қоғам модернизациясы, құндылықтарды зерттеу, саяси әлеуметтану. Талдаушы сызықтық бөлу мен корреляцияны сипаттайтын талдамалық есептерді жазу тәжірибесі бар.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың тиімділігі» талдамалық баяндамасы әлеуметтанулық ақпараттың кең спектрін алуға бағытталған ауқымды әлеуметтанулық зерттеудің қорытындысы.

Бұл есеп «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы қазақстандықтарға жүргізген сауалнама нәтижелеріне негізделген.

Зерттеудің мақсаты – «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асырудың тиімділігін талдау болып табылады.

Міндеттері:

1) «Рухани жаңғыру» бағдарламасының арнайы жобалары туралы халықтың хабардар болу және арнайы жобаларға қатысу деңгейін анықтау;

2) халықтың құндылықтық ұстанымдары мен өмірлік практикаларының «Рухани жаңғыру» қағидаттарына сәйкестігін зерттеу;

3) халық әл-ауқатының деңгейі мен өмірлік практикаларының «прагматизм» қағидатына сәйкестігін анықтау;

4) «бәсекеге қабілеттілік» және «білімнің салтанат құруы» қағидаттарына сәйкес халықтың білім деңгейі мен дүниетанымының инновациялығын зерделеу;

5) «ұлттық сәйкестенуді сақтау» қағидатына сәйкес патриотизм деңгейін және халықтың ұлттық сәйкестенуін қалыптастыру аспектілерін айқындау;

6) «сананың ашықтығы» қағидатына сәйкес экологиялық және инклюзивті дүниетанымды талдау, халықтың бақыт деңгейін анықтау;

7) «Қазақстанның эволюциялық дамуы» қағидатына сәйкес әлеуметтік тұтастық пен халықтың өзара іс-қимыл жасау, отбасылық қатынастарға көңілінің толу дәрежесін, саяси қатысу және институттық сенім деңгейін айқындау.

Зерттеу объектісі – әлеуметтік-демографиялық және аймақтық сипаттамаларын репрезентациялайтын параметрлері бойынша іріктелген Қазақстан Республикасының 18 және одан жоғары жастағы халқы.

Іріктемелі жиынтық көлемі 2400 респондентті құрады. Сауалнама 14 облыс пен республикалық маңызы бар 3 қаланы қамтыды. Зерттеуде стратификацияланған көп сатылы іріктеу қолданылды. Іріктеу келесі кезеңдер бойынша жүргізілді: облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы халық санына жүгіне отырып іріктелді. Одан әрі қала-ауыл қағидаты бойынша әр облыста қалалық және ауылдық іріктеудің көлемі есептелді. Іріктемелік жиынтықты есептеу 48 кестеде ұсынылған.

48 Кесте

№	Өңір	Барлығы	Ер	Әйел	18-29	30-45	46-60	61 +
1	 Қазақстан Республикасы	2400	1129	1271	18-29	30-45	46-60	61+
2	 Ақмола облысы	103	49	54	23	33	28	19
3	 Ақтөбе облысы	114	54	60	31	39	28	16
4	 Алматы облысы	256	124	132	62	91	64	39
5	 Атырау облысы	76	37	39	21	27	19	9
6	 Шығыс-Қазақстан облысы	196	91	105	42	62	51	41
7	 Жамбыл облысы	135	65	70	36	45	34	20
8	 Батыс-Қазақстан облысы	88	42	46	21	28	23	16
9	 Қарағанды облысы	193	89	104	44	63	49	37
10	 Қостанай облысы	128	59	69	28	41	34	25
11	 Қызылорда облысы	95	47	48	27	33	23	12
12	 Маңғыстау облысы	79	39	40	23	30	18	8
13	 Павлодар облысы	107	49	58	23	35	29	20
14	 Солтүстік-Қазақстан облысы	81	38	43	16	24	22	19
15	 Нұр-Сұлтан қ.	142	64	78	39	58	30	15
16	 Алматы қ.	267	116	151	74	96	56	41
17	 Шымкент қ.	122	56	66	40	42	26	14
18	 Түркістан облысы	218	110	108	66	74	52	26

* ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің 2019 жылдың басындағы деректері бойынша 2019



Іріктеу – репрезентативті, яғни таңдалған параметрлер бойынша респонденттер құрамы бас жиынтықтағы сәйкес пропорцияларға жақын. Іріктемелі жиынтық құрылымы осы мәліметтерді есепке алады және суреттейді. Сонымен қатар, іріктемелі жиынтық орташа сипаттамаларының бас жиынтық орташа сипаттамасынан ауытқуы $\pm 3\%$ аспайды.

Талдамалық есептің негізгі бөлігі техникалық сипаттамасының міндеттері көрсетілген жеті тараудан тұрады.

Бірінші бөлімде құндылықтарға, әл-ауқатқа және бақыт деңгейіне қатысты мәселелер қарастырылады. Осылай, жиынтықта 92,9% өзін бақытты сезінеді: 63,3% бақытты, 29,6% «бақыттымын деуге болады» деп жауап берген. Теріс жауаптардың жиынтық үлесі – 5,6%, олардың басым бөлігі, яғни 4,3% «бақытсызбын деуге болады» нұсқасын таңдаған.

Қазақстандықтардың бақыт сезімі бәрінен бұрын жақындарының әл-ауқаты мен денсаулығына байланысты. Бақыттың топ-5 факторы:

- 1) деннің сау болуы, туыстардың денсаулығы (78,4%);
- 2) ауқаттылық пен молшылық (49,1%);
- 3) махаббат (33,8%);
- 4) достардың болуы (19,5%);
- 5) білім және мансап (15,8%).

Көпшілік жеке басының әл-ауқаты әр адамның күш-жігеріне байланысты екендігімен келіседі, дегенмен 49,3% бағалауында мемлекет әрбір азамат үшін күнкөріс минимумына кепілдік беруі тиіс; 29,5% төтенше жағдайлар, еңбек ету қабілетінен айрылу және т.б. кезінде мемлекеттің қатысуын күтеді, 18,2% мемлекет халықтың әлеуметтік әл-ауқатына толық жауапты деген пікірді ұстанады.

77,8% заңды сақтауды, 77% дәстүрлі мәдениетті құрметтеуді міндетті деп санайды; 76,5% нақты мақсаттарға қол жеткізу үшін өз болашағын жоспарлай білуді бағалайды; 75,6% респондент өзін еңбекқор деп есептейді. Сонымен қатар, қазақстандықтар білімнің елдің жалпы дамуы үшін де, жеке табыс үшін де маңыздылығын бағалайды.

Екінші бөлім білімнің салтанат құруы мен бәсекеге қабілеттілік тақырыбына арналған. Алынған мәліметтерге сәйкес, 58,3% білімділік – ұлт жетістігінің негізі, 38,4% – үнемі білім алатын адам нарықта сұранысқа ие, 32,4% – жоғары білімді адам өзгеріс жағдайларына тез бейімделе алады тұжырымдарымен келіскен.

Респонденттердің қабылдауында қазіргі қазақстандықтың бейнесі болуы керек:

- білімді, компьютерлік сауатты (62,3);
- жауапты және мақсатына ұмтылатын (47,2%);
- заңға бағынады (40,4%);
- уақытын бағалайды, болашағын жоспарлай алады (34,9%);
- шет тілдерін біледі (32,7).

Жоғары ақы төленетін жұмыс іздеудегі жетістік факторлары ретінде жоғары білім туралы диплом (50,4%), жұмыс тәжірибесі (42,4%), жеке қасиеттері (26,8%) қабылданады. Шет тілдерін білу және шетелдік білімнің болуын сәйкесінше

15,6% және 13,7% көрсетті. Ықпалды адамдардың қолдауы (тек 12,3%) және қажетті адамдармен келісім жасай алу (10,4%) маңыздылығы төмен.

Үшінші бөлім патриотизм мен ұлттық сәйкестену мәселелеріне арналған. Сұралғандардың басым көбі өздерін Қазақстан азаматы деп санайды: сұралғандардың 68,7% осы ұстанымды білдіреді. 13,7% өз өңіріне ынтықтығын білдіреді. 10,2% өз этносының, ал 5,4% өз дінінің өкіліне жатқызады.

Қазақстандықтардың 60% жуығы патриот болу Қазақстан азаматы болу деп түсінеді.

Респонденттер ұлттық сәйкестену сипаттамаларына ең алдымен ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды (60,9%), ата тегін, өз шежіресін (38,2%), ел тарихын (34,7%) білуді жатқызған.

78,2% қазақстандықтардың өмірлік құндылықтарының қалыптасуына отбасы ықпалын мойындайды. 19,2% достар ықпалын атап өтті. Сыртқы факторлардың әсеріне қарамастан, 38,4% өміріндегі маңызды құндылықтарды өзі анықтайтынын мәлімдеген.

Төртінші бөлімде респонденттердің материалдық жағдайы, несиелердің болуы және халықтың несиеге алынған қаражат есебінен мерейтой өткізуге қатынасы туралы ақпарат берілген.

78,6% әр адам ақшаны ұтымды жұмсап, «қалтасына қарай өмір сүре алу» керек нұсқасымен келіседі.

Сұралғандардың 72,5% тойларды, отбасылық мерейтойларды несие алып өткізгенді мақұлдамайды, олардың 4,4% осындай мақсатта несие алып, кейін өкінгенін айтқан. 22,4% мақұлдайды, оның 10,2% отбасылық мерейтойларды өткізу үшін несие алмаған және рәсімдеу жоспарында жоқ.

Сауалнама кезінде 43,2% несиесінің барын айтқан, оның 7,2% екі немесе одан да көп несие бар. 38,1% ешқашан несие алған емес.

Респонденттер негізінен тұтынушылық несие алады. 47% тұрмыстық және электр техникасын сатып алу үшін несие рәсімдеген. Сондай-ақ, респонденттер тұрғын үй жөндеуге және автокөлік сатып алуға несие алған.

Солай бола тұра, 47,9% өздерінің материалдық жағдайын «тамақ пен киім сатып алуға ақшамыз жетеді, бірақ ұзақ мерзімді қолдануға арналған тауарларды сатып алу қиынға соғады» деп сипаттайды. Мұқтаждар тобына 25,8%, қамтамасыз етілгендер (материалдық қиындықтары жоқ) тобына 26,3% сұралғандар жатады.

Бесінші бөлім экологиялық және инклюзивті дүниетаным тақырыбына, оның ішінде тұратын аймағындағы экологиялық жағдайды бағалауға арналған.

Жалпы алғанда, 86,2% сұралған өз аймағындағы экологиялық жағдайға алаңдайды: 54% – иә, алаңдатады, 32,2% – алаңдатады деуге болады. Осы орайда батыс өңірі ерекшеленеді. «Иә, алаңдатады» жауап нұсқасын Маңғыстау (86,1%), Атырау (78,9%) және Ақтөбе (74,6%) облыстары респонденттері жиі таңдаған.

55% адамдардың өздері, ең алдымен, тұрғылықты жеріндегі қоршаған орта жағдайына жауапкершілікті арқалауы тиіс деп ойлайды. Адамдардың рөлі туралы ауыл тұрғындары жиі айтады – 60,3%, қала – 51,4%.



Сұралғандардың 35,7% елді мекендердегі қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті мемлекеттік органдар: қалада сұралғандардың 38,5% және ауылда 31,6% мойнына алуы тиіс деп пайымдайды.

62,6% ешқандай экологиялық акцияларға қатыспаған. 27,7% қоқыс жинау және ағаш отырғызу акцияларына қатысқан – бұл ең жиі тараған экологиялық іс-шара.

41,3% мемлекет мүмкіндігі шектеулі адамдардың жұмыс істеуі мен білім алуы үшін барлық жағдай жасауы қажет, ал азаматтар оларға қоғамда өмір сүруге көмектесуі керек деп санайды. 23,2% біздің қоғамда мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін барлық жағдай жасалған деп есептесе, 23% кері пікір білдірген.

Алтыншы бөлімде респонденттердің эволюциялық дамуға, азаматтардың мемлекетпен өзара қарым-қатынасының рұқсат етілген нұсқаларына қатынасы қарастырылды.

Респонденттердің 59,4% Қазақстанның дамуы үшін кезең-кезеңмен, тұрақты, эволюциялық даму тиімді екенін алға тартты. Респонденттер арасында өзгерістің шұғыл, радикалды түрін қолдайтындардың саны екі есе аз болғанымен, олар 30,5% құрайды.

Сұралғандардың 62,8% мемлекетпен өзара қарым-қатынас орнатудың «жұмсақ» формасын мемлекеттік органдарға, сотқа немесе БАҚ-қа жүгіну арқылы жүзеге асыруды өздеріне қолайлы деп есептейді.

Сұралғандардың 21,1% өздерінің мүдделерін қорғау үшін әлеуметтік белсенділіктің «қатаң» нысандарына: митингілер мен демонстрацияларға қатысу; ереуілдер мен наразылық акцияларына қатысуды өздеріне қолайлы деп есептейді.

Сауалнамаға қатысқандардың 69,1% қоғамдық ұйымдардың мүшелері болып табылмайды, мемлекеттік органдарға жүгінбейді және азаматтық ұстанымды білдіру үшін әлеуметтік желілерде ешқандай белсенділік танытпайды. Сауалнамаға қатысқандардың 12,1% әлеуметтік желілерде белсенділік танытса, 11,5% мемлекеттік органдарға жүгінеді.

Жетінші бөлімде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы халықтың хабардар болуы туралы ақпарат, соған қоса олардың бағдарламаға қатысу дәрежесі туралы, бағдарламаны іске асырудағы мемлекеттік органдардың қызметін бағалау туралы ақпарат және т. б. ұсынылған.

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес сұралғандардың 13,5% «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы толық түсінікке ие. 39,6% бағдарлама туралы естігендерін, алайда толыққанды түсініктері жоқ екенін айтады. Ал респонденттердің 46,9 % ешқашан бағдарлама туралы естімеген.

Бағдарлама жайлы аз ақпараттандырылғандарға: 60 жастан асқан респонденттер (56,5% бағдарлама туралы ешқашан естімеген), орыстар мен басқа да этникалық топтардың өкілдері (62,1% және 63,2% тиісінше).

Арнайы жобалардың ішінде респонденттер қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру туралы бағдарламасы жайлы көбірек біледі: 36,9% біледі, тағы 49,4% естіген. Тек қана 13,8% білмейді.

Респонденттердің хабардарлығы бойынша арнайы жобалардың алғашқы

бестігіне «Қазақстанның 100 жаңа есімі» (27,9% біледі), «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» (25,8%), «Туған жер» (25,6%) және «Ауыл – ел бесігі» (20,6%).

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеяларын респонденттердің 78% қолдайды, ал 37,7% толықтай қолдайды, респонденттердің 40,3% қолдайды деуге болады. Респонденттердің 10,4% қолдамайды немесе қолдамайды деуге болады.

Сауалнамаға қатысқандардың арасында мемлекеттік органдардың арнайы жобаларды жүзеге асырудағы жұмысын бағалауда оң жауаптардың саны басым болды. Респонденттердің 54,9% орталық мемлекеттік органдардың жұмысына қанағаттанады немесе қанағаттанады деуге болады (29,2% жалпы алғанда қанағаттанған жоқ, 15,8% жауап беруге қиналды); жергілікті атқарушы органдардың жұмысына респонденттердің 53,8% қанағаттанған (31,8% қанағаттанбаған, 14,4% жауап беруге қиналды).

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен арнайы жобалары туралы ақпарат алудың ең танымал көздері теледидар мен радио (56%) және ғаламтор, оның ішінде әлеуметтік желілер (44,4%) болып табылады. Басылымдар арқылы 15,7% біледі, туыстар мен таныстар арасында талқылау нәтижесінде (19,9%).

Алынған ақпараттар негізінде келесідей ұсыныстар ұсынылады:

– Мемлекеттік ақпараттық тапсырыс арқылы БАҚ-та, сондай-ақ мәдениет объектілерінің өзі өндірген кинофильмдер, мультфильмдер, кітаптар, роликтер жасауына қолдау көрсету арқылы ұлттық фольклордағы кейіпкерлерді, көркем шығармаларды, батырлар мен еліміздің тарихи өткеніндегі кейіпкерлерді көпшіліктің санасына сіңіру үшін бағдарлама құндылықтарының таралымын көбейтуді қамтамасыз ету қажет.

Мультипликативтік әсерді оларды БАҚ, ЛЭД экрандарда, автобустардағы экрандарда, адамдар көп баратын орындарда (вокзалдар, әуежайлар, тұрақтар, базарлар, сауда орталықтары, кинотеатрларда фильмдер көрер алдында және т. б.) прокаттау арқылы жасау қажет;

– Мемлекеттік органдар жанындағы Қоғамдық кеңестер алаңдарында және өзге де пікірталас алаңдарында қоғамдық телеарна құру мүмкіндігін талқылау.

Мемлекеттік ақпараттық тапсырыс шеңберінде пилоттық жобада қоғамдық телеарна құруға бастамашылық жасау, оның мәні халықты, ҰЕҰ және азаматтық қоғамның өзге де институттарын талқылауға, қоғам көзқарасы тұрғысынан ақпараттық көрініс жасауға, өзін-өзі ұйымдастыру форматтарын ілгерілетуге тарту болып табылады. Қаржыландыру демеушілік, краудфандинг, сондай-ақ БАҚ ардагерлерінің, белсенді ҰЕҰ, қоғамдық пікір көшбасшыларының қатысуымен жобаны мемлекеттің қолдауы арқылы мүмкін болады.

Кейіннен заңнамаға қажетті өзгерістер енгізе отырып, мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыратын өңірлік БАҚ-на тәжірибені тарату;

– Мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық алаңдарда, БАҚ бас директорларының клубтарында бағдарламаның идеялық тұжырымдамалары мен халықты өзін-өзі жаңғыртуға шақыру және оларды ілгерілету тетіктерін қамтитын месседждер мен ұрандар әзірлеу мәселелерін талқылау.



Бұл жұмысқа әдебиетшілерді, ақындарды, вайнерлерді, блогерлерді, субмәдениет өкілдерін спектакльдерде, киноларда, ТВ-дағы хабарларда, БАҚ-та, радиода, мультфильмдерде, әлеуметтік роликтерде, ақпараттық-насихаттау (мемлекеттік органдар жанындағы) және ақпараттық-түсіндіру топтарының (медреселер, ҚМДБ) жұмысында және өзге де аудио, визуалдық форматтарда ілгерілету арқылы кейіннен мультипликациялау үшін қосу қажет.

– ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің және ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен:

- оқушылар мен студент жастар арасында «Туған жер», «Ауыл – ел бесігі», «Ұлы даланың ұлы есімдері» және т. б. тақырыптар бойынша үздік эсселерге латын графикасы негізінде қазақ тілінде конкурстар өткізу;

- халықтың бейнеблогтарға деген жоғары қызығушылығын ескере отырып, туған өлке, ұлы даланың ұлы есімдері, елдің немесе туған өлкенің атақты тұлғалары туралы үздік бейнероликке конкурстар өткізу;

- мәдени сауаттылықты арттыру үшін жаңа археологиялық қазбалар ізімен аймақтарда ашық аспан астындағы мұражай құру;

– Мемлекеттік органдардың жанындағы қоғамдық алаңдарда ақпараттық әсерді мультипликациялау мақсатында жаңа ақпараттық-имидждік науқанды іске асыруға ақпараттық нарықтың барлық қатысушыларын (БАҚ, Кабельдік ТВ операторлары, ұлттық байланыс операторларының өкілдері) тарту тетігін әзірлеу мәселелерін талқылау;

– Бағдарламаны түсіндіру мен танымал етуді қамтамасыз ету үшін идеологтардың, PR-мамандардың және қоғамдық пікір көшбасшыларының, ҰЕҰ өкілдерінің, блогерлердің, бизнес-қоғамдастықтың және халықтың әртүрлі санаттарының өкілдерінің пулын, сондай-ақ ОМО жанында ведомстволық бағынысты ұйымдар ретінде жұмыс істейтін республикалық ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлерінен (ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы институты, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты және өзге де отандық ми орталықтары (think thank) ақпараттық топтарды қалыптастыру қажет;

– Іс-шаралар мен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуде ауылдық жерлердегі іс-шараларға, сондай-ақ полиэтникалық қамтуға көбірек көңіл бөлу қажет;

– Телевизиядағы қысқа метражды роликтер (асық, ұлттық ойындар туралы роликтер және т. б.) арқылы ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау бойынша жұмысты жалғастыру;

– Жергілікті сипаттағы мәселелерді шешу үшін жергілікті референдумдар, плебиситтер және ауылдық және аудандық деңгейде (оның ішінде қала аудандарында) азаматтарға сауалнама жүргізудің басқа да нысандарын өткізу мүмкіндігінің форматы ретінде «электрондық дауыс беру» туралы мәселені мемлекеттік органдар жанындағы пікірталас алаңдарының қарауына өзектендіру және енгізу;

– Мемлекеттік органдардың бағдарлама құндылықтарын ілгерілету сайттарының контентіне мониторинг жүргізу және оны жандандыру, олардың онлайн-ресурстарында кері байланыс арналарын кеңейту;

– Мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық алаңдарда мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін тарта отырып, Бағдарламаны іске асырудың жаңа форматтарын ілгерілету, халықтың өзін-өзі ұйымдастыру форматтарын көтермелеу мәселелерін қарау.



ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу нәтижелері қазақстандықтардың құндылықтары мен түрлі аспектілерге қатысты көзқарастары туралы алғашқы социологиялық ақпараттарды, сондай-ақ «Рухани жаңғыру» бағдарламасына қатысты хабардарлық пен көзқарастары туралы ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Төменде негізгі нәтижелер келтірілген.

Респонденттердің 68,7% ең алдымен өздерін Қазақстан азаматтары деп есептейді. 13,7% өз аймағына деген құштарлықтарын көрсетті. 10,2% ең алдымен өздерін өз этносының өкілі ретінде, 5,4% өзін өз дінінің өкілі ретінде есептейді.

Қазақстандықтардың 60% азаматтықты патриотизммен байланыстырады.

Респонденттердің 77% дәстүрлі мәдениетке, өз халқының тарихына, дініне, салт-дәстүріне құрмет көрсетуді міндетті деп санайды. Бұл ретте басқа халықтар өкілдерінің мәдениетін, тілдерін, дәстүрлерін құрметтеуді респонденттердің 64,1% міндетті деп есептейді.

Сұралғандардың пікірі бойынша ұлттық бірегейліктің сипаттамаларына ең алдымен ұлттық салт-дәстүрлер (60,9%), шыққан тегін, өз шежіресін білу (38,2%), ел тарихын (34,7%) білу жатады.

Респонденттердің 78,2% отбасының өмірлік құндылықтардың қалыптасуына әсер ететінін мойындайды, 19,2% достарының әсер ететінін атап өтті. Дегенмен, респонденттердің 38,4% өмірлік құндылықтарын ең алдымен өздері дербес анықтайтынын айтты.

Сауалнама нәтижелері сауалнамаға қатысқандардың жартысынан астамы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы белгілі бір дәрежеде хабардар екендігін көрсетті: сұралғандардың 13,5% өздерін бағдарламаны жақсы біледі деп есептейді, ал 39,6% бағдарлама туралы естіген. 46,9% бағдарлама туралы ешқашан естімеген.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы толық хабардарлықтың көрсеткіштері төмен екеніне қарамастан, қазақтар арасында бағдарлама туралы хабардарлықтың көрсеткіші жоғары (16,9%), ал орыстар (6,4%) мен басқа этникалық топтар арасында (5,8%) бұл көрсеткіш төмен. Одан бөлек 60 жастан үлкен респонденттерде де бұл көрсеткіш төмен.

Арнайы жобалардың ішінде респонденттер қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру туралы көбірек біледі: 36,9% біледі, 49,4% естіген. Респонденттердің тек 13,8% білмейді (барлық арнайы жобалардың ішіндегі ең төменгі көрсеткіш).

Респонденттер білетін арнайы жобалар бойынша алғашқы бестікке «Қазақстанның 100 жаңа есімі» (27,9%), «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» (25,8%), «Туған жер» (25,6%) және «Ауыл – Ел бесігі» (20,6%) жобалары кіреді.

Көптеген арнайы жобалардың сипаты халықтың жаппай қатысуын талап етпейді. Өз кезегінде бұл «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруға респонденттердің тек 12,3% қатысқанының себебін түсіндіреді. Респонденттердің 7,4% қатысуды жоспарлап отыр. Ал 80,2% қатыспаған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының іс-шараларына қатысқандығы туралы әйелдер (13,6%), жастар (13,6%), 30-59 жас аралығындағы респонденттер (13,1%), сондай-ақ қазақтар (12,9%) жиі айтты.

Айта кету керек, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеяларын респонденттердің 37,7% толықтай қолдайды, ал респонденттердің 40,3% қолдайды деуге болады (оң жауаптардың жиынтық үлесі 78% құрады). Респонденттердің 10,4% қолдамайды немесе қолдамайды деуге болады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен арнайы жобалары туралы ақпарат алудың ең танымал көздері теледидар мен радио (56%) және ғаламтор, оның ішінде әлеуметтік желілер (44,4%) болып табылады. Басылымдардан 15,7% біледі. Сондай-ақ арнайы жобалар туыстар мен таныстар арасында талқыланатын тақырып болып табылады (19,9%).

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде өткізілетін іс-шараларды дәйекті түрде жариялау, халықтың бағдарлама мен арнайы жобалар туралы көбірек хабардар болуына ықпал етуі мүмкін. Бағдарламаны іске асырудың тиімділігін арттыру үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту, ауылдық жерлерде көбірек іс-шаралар өткізу қажет екенін респонденттер алға тартты. Сондай-ақ жаңа арнайы бағдарламаларға да қызығушылықтары бар.

Дамудың эволюциялық түрін таңдайтындардың саны екі есеге көп. Респонденттердің 59,4% Қазақстанның дамуы үшін кезең-кезеңмен, тұрақты, эволюциялық даму тиімді екенін алға тартты. Мұндай көзқарас респонденттердің көпшілігіне тән, әсіресе әйелдер арасында (61,4%) және 60 жастан асқан (63,9%) респонденттер арасында байқалады.

Респонденттердің 30,5% өзгерістің шұғыл, радикалды түрін қолдайды. Мұндай жауап нұсқасы 18-29 жас және 30-59 жас аралығындағы ауылда өмір сүретін ерлердің арасында, қалада тұратын ер респонденттерге қарағанда көбірек кездеседі (ауыл халқының 33,6%, қала халқының 28,3%).

Сұралғандардың 62,8% мемлекетпен өзара қарым-қатынасты орнатуда мемлекеттік органдарға, сотқа жүгіну арқылы жүзеге асыруды өздеріне қолайлы деп есептейді. 21,1% митингілер мен демонстрацияларға қатысу; ереуілдер мен наразылық акцияларына қатысуды өздеріне қолайлы деп есептейді.

Сауалнамаға қатысқандардың 86,2% өз аймағында экологиялық проблемалардың бар екенін алға тартты. 17 аймақтың 10-нында экологиялық жағдайға наразылық көрсеткіштері ел бойынша орташа деңгейден асып түседі. Сонымен, сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 54% тұратын аймақтың экологиялық жағдайын алаңдатады, 32,2%-ын алаңдатады деуге болады. Бұл ретте алаңдаушылық қала және ауыл тұрғындарына да тән (тиісінше 85,5% және 87,4%).

«Иә, алаңдатады» жауап нұсқасының ең жоғары көрсеткіштері елдің батысында – Маңғыстау (86,1%), Атырау (78,9%) және Ақтөбе (74,6%) облыстарында. Нұр-Сұлтан қаласы-төртінші орында (71,8%), Алматы қаласы – алтыншы орында (56,6%).

Халықтың көпшілігі экологиялық акциялар мен науқандарды қолдауға дайын деп болжауға болады. Эко сананың өсуіне ішкі туризмге мемлекеттік



деңгейдегі назар аудару, сондай-ақ 2020 жылғы карантиндік шаралар аясында ішкі туризмге деген қызығушылық ықпал етуі мүмкін.

Респонденттердің 55% адамдардың өздері бірінші кезекте өз қаласындағы немесе ауылындағы қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапты болуы керек деп санайды. Бұл туралы ауыл тұрғындары (60,3%) қала тұрғындарына (51,4%) қарағанда жиі айтады.

Респонденттердің 35,7% елді мекендердегі қоршаған ортаның жай-күйі үшін мемлекеттік органдар жауапты болуы керек деп есептейді: қала тұрғындары 38,5%, және ауыл тұрғындары 31,6%.

Респонденттердің 62,6% ешқандай экологиялық акцияларға қатыспаған. 27,7% қоқыс жинау және ағаш отырғызу байланысты акцияларға қатыстықан – ең ірі экологиялық іс-шара. 4,9% табиғатты қорғау үшін қайырымдылық жасады, 3,3% қол жинауға қатысты, 2,9% рұқсат етілмеген қоқыс орындарына шағым жасаған.

Респонденттердің 38,9% электр энергиясын, 37,5% су ресурстарын ұқыпты пайдалануға тырысады.

78,6% қаражатты ұтымды жұмсауда прагматизмді және «бар қаражатпен өмір сүруді» құптайды. Бұл тәсілді көпшілік қолдайды, әсіресе әйелдер (80,2%) мен 60 жастан асқандар (82,9%), қала тұрғындары арасында (81%), ауыл тұрғындары арасында (75%) қолдайды.

Сауалнамаға қатысқандардың 72,5% тойларды, отбасылық іс-шараларды несиеге өткізуді мақұлдамайды, олардың 4,4% сол үшін несие алғанына өкінетінін айтты. Респонденттердің 22,4% несие алуды мақұлдайды, бірақ олардың 10,2% отбасылық іс-шараларды өткізу үшін несие рәсімдемек емес.

Сауалнама кезінде респонденттердің 43,2% несиелері болды, олардың 7,2% екі немесе одан да көп несиелері бар екенін атап өтті. 38,1% ешқашан несие алмаған болып шықты.

Халық арасында тұтынушылық несие кең танымалдылыққа ие. Респонденттердің 47% тұрмыстық және электр техникасын сатып алу үшін несие рәсімдегенін атап өтті. Сондай-ақ респонденттер тұрғын үйді жөндеуге және автокөлік сатып алуға жиі несие алған.

Сонымен қатар, респонденттердің 47,9% өздерінің материалдық жағдайын «ақша тамақ пен киімге жеткілікті, бірақ ұзақ мерзімді тұтыну тауарларын сатып алу қиын» деп сипаттады. Респонденттердің 25,8% өздерін мұқтаждар тобына, 26,3% өздерін қамтамасыз етілгендер тобына жатқызды (материалдық қиындықтар сезінбейді).

Респонденттердің 53,3% үшін негізгі табыс көзі жалақы болып табылады. Респонденттердің тағы 8,2% жалақыдан бөлек тағы қосымша табысқа ие.

Респонденттердің 7,5% кәсіпкерлік қызметтен табыс табады, негізінен бұл ауыл тұрғындары (ауыл тұрғындары 10,7%, қала тұрғындары 5,4%), басқа этникалық топтардың өкілдері (11,4%).

Респонденттердің 90% астамы өздерін бақытты деп есептейді: 63,3% бақытты, 29,6% бақытты деуге болды. Бұл ретте, алынған мәліметтер бақыттың басты көрсеткіші жақындары мен туыстарының амандығы екенін көрсетеді. Атап

айтқанда, сауалнамаға қатысқандардың 78,4% оларды бақытты ететін фактор ол ең алдымен, олардың жеке денсаулығы мен жақындарының денсаулығы екенін атап өтті. Сонымен қатар, бақытты болу үшін материалдық әл-ауқат (49,1%), махаббат (33,8%), достар (19,5%), білім және мансап (15,8%) маңызды.

Респонденттердің 75,6% өздерін еңбекқор деп санайды. Өздеріне тән басқа қасиеттердің ішінде респонденттер азаматтық жауапкершілікті (36,4%), адамгершілік-этикалық қасиеттерді (32,9%), кәсіби қасиеттерді (32,7%) атап өтті.

Респонденттердің көп бөлігі жеке әл-ауқат әр адамның өз күш-жігеріне байланысты екендігімен келіседі. Бұл ретте, респонденттердің 49,3% мемлекет әрбір азамат үшін ең төменгі күнкөріс деңгейіне кепілдік беруі тиіс деп санайды; 29,5% төтенше жағдайлар, еңбек ету қабілетінен айырылу және т.б. кезінде мемлекеттің араласқанын қалайды. Респонденттердің тек 18,2% ғана мемлекет халықтың әлеуметтік әл-ауқатына толық жауапты деген пікірмен келісті. Бұл ұстаным көбіне ауыл тұрғындарының жауаптарында көрініс табады (қала тұрғындары арасында 15,7%, ауыл тұрғындары арасында 22%).

Жалпы, респонденттердің басым бөлігі адам капиталының маңыздылығын мойындайды. Респонденттердің 58,3% білім – ұлт табысының негізі кепілі; 38,4% үшін білімді үнемі жаңартып отыру – нарықта сұранысқа ие болудың кепілі; 32,4% білімнің болуы, өзгеретін жағдайларға жылдам бейімделуге ықпалын тигізеді деп есептейді. Сонымен қатар, респонденттердің тек 12,3% ықпалды адамдардың қолдау көрсетуі маңызды деп санайды, 10,4% жоғары еңбек ақы төленетін жұмыс іздеген кезде қажетті адамдармен келісе білу қабілеті қажет деп есептейді (жетістік факторлары тізімінің соңында).

Сауалнамаға қатысқандардың 57,3% адам үшін жоғары білім алу міндетті деп санайды. Бұл ретте респонденттердің 37,1% үшін ресми жоғары білім маңызды, бірақ міндетті болып табылмайды, 4,9% жоғары білім міндетті емес деп санайды.

Сондай-ақ, сауалнамаға қатысқандардың 70,4% кәсіби жетістікке ұмтылудың маңызды екенін атап өтті, алайда мұны біршама ынталы оқумен (міндетті түрде 59,4%), жоғары білім алумен (57,3%), тұрақты тренингтер мен онлайн-білім алумен (51,3%) байланыстырады.

Сонымен, респонденттердің 50,4% жоғары еңбек ақы төленетін жұмыс іздеу барысында, жоғары білім туралы дипломның болуын маңызды деп есептейді. Соған қарамастан, басқа факторлармен салыстырғанда, бұл фактор респонденттердің көптеп назарын аударды. Сонымен қатар, респонденттердің пікірінше жұмыс тәжірибесінің (42,4%) және жеке оң қасиеттерінің болуы да (26,8%) маңызды.

Сұралғандардың көпшілігі ішкі еңбек нарығының сұранысына сай әрекет етеді. Мұны ішінара шет тіліне деген қызығушылықтың төмендігінен байқауға болады. Мысалы, жоғары ақы төленетін жұмыс іздеу үшін шет тілдерін білудің маңыздылығы туралы 15,6%, шетелдік білімнің болуы туралы респонденттердің 13,7% айтады. Респонденттердің 49,7% шет тілдерін білуді міндетті деп санайды, 40,9% шет тілін білудің маңыздылығын мойындайды, алайда оны шарт деп есептемейді.



Бұл ретте ағылшын тілін респонденттердің 5,4% еркін меңгергенін атап өтсек болады; қарапайым әңгімеге 12,6% (негізінен қала тұрғындары, жастар) қатыса алады. Респонденттердің 43,4% ағылшын тілін білмейді, 38,6% бірнеше сөздер мен сөз тіркестерін ғана біледі.

Жалпы, көптілділік жетістік факторы ретінде қабылданбайды. Респонденттердің тек 9% жоғары ақы төленетін жұмыс іздеу үшін қазақ тілін білу маңызды деп атап өтті.

Қазақстандықтардың көпшілігі қазақ және орыс тілдерін меңгерген. 71% орыс тілін жетік меңгерген, 21,8% диалогты түсінеді және диалог жүргізе алады. Қазақ тілінде респонденттердің 67,6% еркін сөйлей алады, оқи алады және жаза алады, ал 13,9% әңгімені түсінеді және әңгімеге қатыса алады. Қазақтар арасында 86,3% қазақ тілін еркін меңгерген. Орыстар арасында бұл көрсеткіш 11,5%, басқа ұлт өкілдері арасында 43,1% құрады.

Жалпы, респонденттердің көпшілігінің жауаптары табысқа бағдарланғандығын, уақыт талаптарына сай болуға ұмтылатынын көрсетеді. Сұралғандардың заңдарды сақтау, болашақты жоспарлай білу, өзгерістерге дайын болу және тағы сол сияқты басымдықтары, жаңғырту жобаларын іске асыру үшін қажетті адами капиталды ұлғайту үшін берік негіздің бар екендігін көрсетеді.

Респонденттердің 77,8% заңдарды сақтау және азаматтық борышты терең түсінуді қалыптастыру міндетті деп санайды. Заманауи адамға заңға бағыну қасиеті бірінші орында болуы қажет. Дегенмен, респонденттердің 19% үшін бұл маңызды, алайда міндетті түрде болуы қажет қасиет емес, ал 2,3% бұл қасиетті мүлдем қажет емес деп есептейді. Респонденттердің 76,5% нақты мақсаттарға жету үшін болашақты жоспарлай алу қабілетін бағалайды.

ТАРАУ IV. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

ҚР Президенті жанындағы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі Ұлттық комиссияның 2020 жылғы 5 ақпандағы отырысы Бағдарламаны іске асыруға жаңа серпін берді және оның «Тұлғалық даму», «Біртұтас ұлт қалыптастыру», «Мемлекеттің, азаматтық қоғамның және жергілікті қоғамдастықтардың дамуы» үш түйінді бағыты бойынша жаңа бағдарларын айқындады.

Ұлттық комиссияның отырысы барысында Бағдарламаны іске асырудың 2020 жылға арналған республикалық жоспары бекітілді. Сол сияқты Комиссия отырысында Орталық сараптамалық кеңестің өкілеттіктері «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ берілді. Ашықтық алаңды қамтамасыз ету және азаматтық қоғам өкілдерінің кең ауқымын тарту үшін «Азаматтық алаң» пікірталас клубы құрылып, оның бірнеше отырысы өткізілді. Бұл клуб әртүрлі ғылыми, шығармашылық топтардың өкілдерін, сарапшыларды біріктіреді, олар белгілі бір тақырыптар бойынша өз пікірлері мен ойларын ортаға салып, талқылайды.

2020 жылға арналған республикалық жоспардың 84 іс-шарасын іске асыру бойынша ұсынымдар әзірленіп, жұмыста пайдалану үшін орталық атқарушы органдарға және жергілікті атқарушы органдарға жіберілді. Сондай-ақ, 2020 жылға арналған Бағдарламаны іске асыру бойынша 17 өңірлік іс-шаралар жоспарына талдау жүргізілді және жоспарланған шаралар бойынша нақты ұсынымдар берілді. Бұл қадам жүйесіз, бір реттік сипаттағы шараларды жоспардан алып тастауға мүмкіндік берді.

ҚҚДИ тарапынан 13 ОМО стратегиялық жоспарларын және 17 ЖАО өңірлерді дамыту бағдарламаларын талдау бойынша жұмыс жүргізілді. Талдау аталған құжаттардың мазмұнында бағдарламаның негізгі қағидаттары біріктірілмегенін және жетекшілік ететін салалар бойынша нысаналы индикаторлар жоқ екенін көрсетті. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша ОМО және ЖАО үшін нақты ұсынымдар әзірленіп, олар осы ұсынымдар бойынша қазіргі күні жұмыстар жүргізуде.

Алғаш рет SWOT-талдау негізінде (Бағдарламаның арнайы жобаларын іске асырудың күшті, әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптері) 13 арнайы жобаның Тұжырымдамасы әзірленіп, олар жауапты ОМО-ға жіберілді.

Жыл сайын ОМО-ның Ұлттық комиссия отырысында тек 5-еуі есеп береді. Бұл басқа ОМО-ның қатысуы мен жауапкершілігінің төмен екендігін көрсетеді. Бұл ретте есеп арнайы жобалар бөлінісінде және республикалық іс-шаралар жоспарының тармақтарын орындау бойынша ұсынылады. Бұл бағдарламаның әлеуетін айтарлықтай төмен көрсеткішке жетелейді.

Бағдарлама барлық мемлекеттік органдар үшін идеологиялық тұғырнама болып саналады. Қазіргі уақытта идеологиялық мәселелер бойынша мамандарды жүйелі даярлауға жеткіліксіз көңіл бөлінуде. Соның салдарынан



бірқатар мемлекеттік органдарда Бағдарламаны өздерінің жетекшілік ететін саласы тұрғысынан толық түсінбеу орын алады.

Бағдарлама бағыттарын талдау барысында арнайы жобаларды бөлудегі сәйкессіздік анықталды. «Тұлғалық даму» бағыты бойынша – 2 арнайы жоба, «Біртұтас ұлтты қалыптастыру» бағыты бойынша - 9 арнайы жоба және «Мемлекеттің, азаматтық қоғамның және жергілікті қоғамдастықтардың дамуы» бағыты бойынша - 2 арнайы жоба іске қосылды. Сонымен қатар, бағдарламаның бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, сананың ашықтығы сияқты маңызды қағидаттары назардан тыс қалды. Бұл өзекті мәселелер «Құқықтық мәдениет», «Еңбек – елдің мұраты», «Дәстүр мен ғұрып» және «Үнем – қоғам қуаты» атты 4 жаңа арнайы жобаны әзірлеу мен жүзеге асыруға ұсыну арқылы шешілді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Бағдарламаның жыл сайынғы республикалық іс-шаралар жоспарына жасалған сараптама, мұндай тәжірибенің еліміздің әлемнің дамыған отыз мемлекетінің қатарына кіру мақсатына сай еместігін көрсетті.

2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында процестен нәтиженің үстем болу міндеті қойылды. Бұл қоғамдық сананы жаңғыртудың үдемелі прогресіне барлық назарды салуға мүмкіндік береді.

2020 жылы 17 өңірлік жобалық кеңселермен кеңес беру және әдістемелік жұмыстар жолға қойылды. ӨЖК қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында онлайн білім беру шаралары ұйымдастырылды. Сабақтар қашықтан ZOOM платформасында және YouTube каналында тікелей эфир арқылы вебинар ұйымдастырылды. Вебинар 14 дәрістен 60 минуттан тұрады. Сабақтар 2020 жылдың 17 қыркүйектен 29 қазан аралығында өткізілді.

Оқыту бағдарламасы «Рухани жаңғыру» қағидаттарын, сананың ашықтығын, реализм мен прагматизмді, тәуелсіз сыни ойлауды, білімнің салтанат құруы мен білімге, бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру тәсілдерін зерделеуге, сондай-ақ өзінің ұлттық коды мен ұлттық сана-сезімін, рухани жаңғыруды түсінуге бағытталған.

Бағдарламаның 6 бағыты бойынша ҚР АҚДМ-мен келісілген технологиялық пакеттер әзірленіп, өңірлерге жұмысқа қолдану үшін жолданады. Акселератордың тәжірибесін кеңейту үшін өңірлерге әдістемелік материалдар әзірленуде.

Бағдарламаны 3 жыл ішінде іске асыру бойынша «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық офистерінің (бұдан әрі - ӨЖО) қызметін талдау ЖАО тарапынан жаңа идеялар мен жобаларды енгізу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың жеткіліксіздігін көрсетті.


Осыған орай, 2020 жылдың басынан «Рухани жаңғыру» өзгерістер елшілерінің пулын іріктеу және дайындау бойынша, қоғамдық сананы жаңғыртуда маңызды месседждерді трансляциялайтын, Қазақстанның рухани жаңғыруының трендтері мен бағдарларын белгілейтін, осы модельді өңірлерде одан әрі ұйымдастыру үшін «Өзгерістердің саруарлары» жобасы іске асырылуда.

Жобаны жүзеге асырудың негізгі құралы – әлеуметтік жобалар Акселераторының (бұдан әрі – Акселератор) жұмысы болып саналады.

Акселератордың мақсаты – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары бойынша жобалар портфелін қалыптастыру және республикалық деңгейде осы жобаларды ілгерілету.

Осы жоба аясында ӨЖО, азаматтық бастамалар орталықтарының және жастар ресурстық орталықтарының қызметкерлерін өңірлерге масштабтау кезінде әлеуметтік жобалар Акселераторымен жұмыс жасауға дайындау, сондай-ақ өз қызметі аясында жобалармен жұмысты ұйымдастыруда акселерациялық бағдарламаны қолдану үшін оқыту вебинарлары өткізілді (49-кесте). Вебинар 11 дәрістен 90 минуттан тұрады. Сабақтар 2020 жылдың 18 қыркүйектен 13 қараша аралығында өткізілді.

49-кесте



